

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 1 беті

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ
жанындағы медицина колледжі**

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

**ТЕОРИЯЛЫҚ САБАҚҚА АРНАЛҒАН
ӘДІСТЕМЕЛІК ӨНДЕУ**

Пән коды: ӘЭП 01

Пәні: «Құқық негіздері және экономика»

Мамандықтары: 09120100 «Емдеу ісі»

Біліктілігі: 4S09120101 «Фельдшер»

Мамандықтары: 09130100 «Мейіргер ісі»

Біліктілігі: 4S09130103 «Жалпы практикадағы мейіргер»

Мамандықтары: 09130200 «Акушерлік іс»

Біліктілігі: 4S 09130201 «Акушер»

Мамандықтары: 09110100 «Стоматология»

Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»

Оқу сағатының/кредит көлемі: 24/1

Теория: 24 с.

Курс: 2

Оқу семестрі: 3

Бақылау түрі: диф.сынақ

Шымкент, 2023 ж.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 2 беті

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 13 «27» 06 2023 ж.

Кафедра меңгерушісі:  А.Т. Сатаев

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 3 беті

№1- сабақ.

5.1. Тақырыбы: Экономика және оның қоғамдағы рөлі. Меншік және әлеуметтік-экономикалық құрылыс.

Сағат саны: 90 мин

Сабақ түрі: теория

5.2. Мақсаты: Әр түрлі мектеп өкілдерінің экономикалық теория пәнін анықтауы.

Экономикалық теорияның пәні. Экономикалық теорияның қызметтері. Экономикалық үдерістерді тану әдістері.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

а) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

б) Сабақтың мақсаты мен міндетін танысты

5.3. Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин

а) Барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындауын тексеру;

ә) Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;

б) Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;

в) Оқушылардың білімдерін бағалау;

г) Үй тапсырмасын қорытындылау.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин

5.4. Дәріс тезистері:

Экономикалық қатынас өмір қажеттілігінен туады. Ежелгі дүниедегі экономикалық кейбір құбылыстар мен процестер Египет, Қытай, Үндістан, Греция (Ксенофонт, Платон, Аристотель т.б.) ойшылдарының еңбектерінде қарастырылды. Алғашқы рет «Экономия»- («ойкономия» грек тілінде шаруашылық туралы заң деген ұғымды білдіреді) термині біздің дәуірімізге дейін III-ші ғасырда ертедегі грек ойшылдары Ксенофонт (б.д.д. 430-355 ж.ж.) және Аристотель (б.д.д. 384-322 ж.ж.) еңбектерінде пайда болды. Бірақ ерте дүниеде, орта ғасырларда экономикалық ой-пікір ғылым болып қалыптаспады. Оның себебі ол заманда тауар-ақша, нарық, сауда дамымады, шаруашылық негізінен тұйық натуралды-заттай жүргізілді.

Экономикалық ой-пікірлердің ғылыми тұжырымдалып қалыптасуы сауда, өнеркәсіп капиталының дами бастауына байланысты болды. Бұл кезең Еуропада XVI-XVII ғасырларды қамтиды. Қазақстан елінде XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың басында сауда капиталы, тауар-ақша айналымы, халықаралық нарық, еңбек бөлінісіне қамту процесі бірте-бірте жанданған. Еліміздің Солтүстік, Батыс аймақтары Ресеймен тауар айналысына басым қатынаста болса, Оңтүстік Шығыс, Орталық аудандарда Орта Азия, Қытай т.б. елдердің саудагерлері жиі келе бастады. Тарихтағы белгілі "Жібек жолы" осының айғағы. Алғашқы экономикалық мектеп **меркантилизм** (итальян тілінде mercante-саудагер) ілімі қалыптасты. Оның мәні: байлық сыртқы сауда нәтижесінде жиналады, сол себепті тек айналыс сферасын зерттеу қажет деген пікірді білдірді.

Меркантилизм екі кезеңнен тұрады. Алғашқы кезеңде (XV ғ. -XVI ғ. басы) ел алтын мен күмісті байлықтың жалғыз формасы ретінде монетаризм түрінде танылады. Монетаристер "ақша балансы" теориясын ұсынды. Оған сәйкес олар елден ақшаны сыртқа шығаруға тыйым салу қажеттігін ұсынды. Соңғы меркантилистер ақша емес, тауар айырбастау сферасын зерттеуге көшті. Осылайша "сауда балансы" теориясы қалыптасты. Алғашқы меркантилистерден айырмашылығы соңғы меркантилистер ақшаны шетке шығаруға тыйым салмады, өндірістік тауарлардың экспортын көбейтіп, шетелдік тауарларға жоғарғы кеден салығын салып, ұлттық экономиканы қорғауды, яғни протекционизм (лат. тілінде protecto-қорғау) саясатын жүзеге асыруды ұсынды.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 4 беті

Меркантилизмнің өкілдері: Т.Мен, А.Монкретьен, У.Стаффорд, У.Кольбер және т.б.

Айналыс сфераларындағы бағыттарды жаулап алып, буржуазия өндіріс сферасына өтеді. Байлықтың көзі игіліктер өндірілетін өндіріс болып табылатыны дәлелденеді. Шынайы байлық ақша емес, тауарлар. Осылайша **классикалық мектеп** пайда болды.

Ол кездері Еуропа әлі аграрлы ел болғандықтан көптеген экономистер өндірісті ауыл шаруашылығымен теңестірді. Олар **физиократтар** мектебінің (грек тілінен аударғанда physis-табиғат, kratos-билік) өкілдері деп аталады. Бұл мектеп Францияда XVIII ғ. орта шенінде қалыптасты. Физиократтар қоғамдық байлық саудада емес, өндірісте екенін дәлелдеді. Бірақ физиократтар Ф. Кенэ, А.Тюрго т.б. қоғам байлығына ауыл шаруашылығы өнімдерін жатқызды. Сондықтан өсімтал тап қатарына шаруалар жатады деді.

Буржуазиялық саяси экономияның көрнекті өкілдеріне А.Смит, Д.Рикардо жатады. А.Смит 1776 ж. "Халықтар байлығының табиғаты мен себебі жөніндегі зерттеу" кітабын жазған. А.Смиттің негізгі идеялары:

- еңбектің құндық теориясы және еңбек бөлінісінің прогрессивті сипаты туралы ілімі;
- мемлекеттің экономикаға араласпауы;
- бәсекенің әсерімен сұраныс пен ұсынысқа байланысты қалыптасқан еркін бағалар негізіндегі нарықтың өздігінен реттелуі. Бұл экономикалық реттегіштерді (сұраныс, ұсыныс, баға, бәсеке) ол "көрінбейтін қол" деп атады.

Классикалық мектептің ғылыми табыстары:

1. Басты зерттеу нысаны ретінде олар айналысты емес, өндіріс сферасын алды.
2. Еңбектің мәнін тауарлар құнының негізгі өлшемі ретінде қарады.
3. Экономиканы нарық арқылы өздігінен реттелуі қажеттігі.
4. Қоғамның барлық әлеуметтік топтарының қайнар көздерін айқындады.

XIX ғасырдың екінші жартысында саяси экономия екі тармаққа: марксизм және маржинализмге бөлініп кетті.

Марксизмнің негізін салушы – К.Маркс (1818-1883). Оның басты еңбегі "Капитал" Маркс ілімінде қосымша құн теориясына басты назар аударылған, онда қосымша құн өндіру-капиталистердің пролетариатты қанауы арқылы өз байлығын арттырудың тұрақты көзі екендігі зерттелді.

Маржинализм (француз тілінде marginal-шекті), марксизмнен айырмашылығы - қанауға негізделген өндіріс әдісі ретінде капитализм мәнін зерттеуден бас тартып, шаруашылық қатынастарын зерттеуге бет бұрды.

Бұл бағыт XIX ғ. 70-жылдарында дүниеге келді. Оның өкілдері Австрияда-К.Менгер, Англияда-У.Джевонс, Швейцарияда-Л.Вальрас. Маржиналистер экономика ғылымының мақсаты-шектеулі ресурстарды бөлудің тиімді әдістері мен шаруашылықты ұтымды жүргізудің әдістерін іздестіруде деп таныды. Маржинализмнің басты категориялары: шекті пайдалылық, шекті өнімділік, шекті шығындар. Маржинализмде келеңсіз қасиет бар, яғни шектен тыс математикаландырылған абстрактілі ойлар, графиктер мен формулалар қолданылады. Әлеуметтік мәселелерге назар аудармайды.

Қазіргі батыс эконоикалық теориясы төрт ірі ағыммен сипатталады:

- бірінші ағым "неоклассикалық" деп аталып, қазіргі "монетаризм" және "неолиберализм" теорияларымен жұптасады. Неоклассиктер-А.Смиттің тікелей ізбасарлары былай деп есептеді: егер нарықтық экономиканың субъектілеріне экономикалық еркіндік берілсе өте жақсы қызмет атқарған болар еді;

- екінші ағым "капитализмді реттеу" теориясымен айқындалады. Оның негізін қолдаушы ағылшын экономисі Дж. Кейнс (1888-1946 ж.ж.) болып табылады;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-285	
Әдістемелік өңдеу	100 беттің 5 беті	

- үшінші ағым "институционализм" (латын тілінің institutum – ұйым, мекеме деген сөз) теориясымен айқындалады. Оның өкілдері Т.Веблен У.Митчел, М.Вебер, Д.Гэлбрейт және т.б. Бұл теорияға сәйкес экономикалық даму сипаты тұтас экономикалық институттардың жүйесі. Олар әлеуметтік бағдарламалар, индикативті жоспарлау, еңбекшілердің меншік пен өндірісті басқаруға қатысуы, мемлекеттің араласуының басқа формаларын негіздейді;

- төртінші ағым әлеуметтік бағытталған нарықтық шаруашылық теориясымен айқындалады. Оның өкілдері Л.Эрхард, В.Ойкен.

XX ғасырдың 20-жылдарында бұрынғы Кеңес Одағының Мемлекеттік жоспарлау комитетінің жауапты қызметкерлері ғалым-экономистер Г.Фельдман, Н.Кондратьев, А.Чаянов, В.Немчинов, С.Струмилин КСРО экономикасын нарыққа көшіру мәселелерінің баламалы бағдарламасын жасады.

Экономикалық теорияның пәні, қызметтері және таным әдістері

1991 жылдың соңында Кеңес Одағының ыдырауына байланысты бұрынғы одақтас республикалар, оның ішінде Қазақстан да ілгері дамудың, дағдарыстан жедел шығудың амалын іздей бастады. Осы кезеңде Республика Президентінің стратегиясы жарияланды. Бұл стратегия бойынша Қазақстан Республикасы алдағы 15-20 жыл арасында экономикасы дамыған елдер қатарына қосылуды, демократиялық құқықты мемлекет болуды көздеп отыр. Осы мақсатты жүзеге асырудың шешуші кепілі экономиканы өркендету, өндірістің тиімділігін арттыру, металл-машина жасау, отын-энергетика, халық тұтынатын өнеркәсіп бұйымдарын көбейту. Экономикалық өркендеудің бірден-бір даму жолы тауар-ақша қатынастарын кеңінен дамыту, сауда қатынастарын жетілдіру, нарық инфрақұрылымын қалыптастыру. Дүниежүзілік тәжірибе көрсетіп отырғандай экономикалық өркендеудің қазіргі заманғы жолы нарық қатынастарын кең қолдану. Экономикасы тиімді дамыған елдер осы қатынастарды жан-жақты пайдаланып келеді.

Нарық экономикасына көшу адамзат қоғамының экономикалық және әлеуметтік прогресін айқындайтын табиғи үдеріс.

Экономикалық теорияның пәні нарықтық шаруашылықты талдау. Нарық тиімділік проблемасын шешеді: яғни шектеулі ресурстарды пайдалана отырып, шексіз қоғам қажеттіліктерін жоғары дәрежеде қамтамасыз ету.

Экономикалық теория материалдық игіліктерді өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатымен, оларды пайдалану үшін бәсекелестік туғызатын жағдайда, шектеулі ресурстар мен өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну кезеңіндегі адамдар мен топтардың әрекетін зерттейтін қоғамдық ғылым.

Экономикалық теория тиімді шаруашылық жүргізу заңдары мен шаруашылық жүргізуші тұлғалардың әр түрлі тарихи кезеңдердегі іс-әрекеттерінің мәнін зерттейді.

Экономикалық теория танымның әр түрлі формалары мен әдістерін қолданады, олардың барлығы шаруашылық өмірді зерттеу әдістерінен тұратын ғылыми методологияны құрайды.

Методология дегеніміз-ғылыми танудың нысаны (формасы), әдісі, ұйымдастыру принциптері туралы ілім.

Ғылыми танудың нысаналары мен әдістері көп. Олар объективті жағынан есептелген (статистикалық), жинақталған материалдарды анализ және синтез, индукция мен дедукция, болжамдар жасау және оны тексеру, эксперименттер жүргізу, логикалық және математикалық модельдер жасау.

Экономикалық зерттеулердің маңызды әдісі **ғылыми абстракция**. Ғылыми абстракция дегеніміз зерттеу пәнін жеке, кездейсоқ, қысқа мерзімді, дара құбылыстардан біздің түсінігімізді оқшаулап, оның тұрақты, әрдайым қайталанатын мәнін, маңызын ашу.

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 6 беті

Индукция жеке оқиға, құбылыстардан логика арқылы жалпы қағидалар, принциптер шығарады. **Дедукцияда** керісінше, жалпы қағидалар негізінде экономикалық объектілердің, процестердің кейбір жеке алынған ерекшеліктері сипатталады. **Тарихи** және **логикалық** танудың бірлігі экономикалық ғылымда орын алады.

Тарихи әдіс құбылыстардың пайда болып, дамып және бірінің орнын бірі басқанын тізбекті түрде талдауға жәрдемдеседі.

Логикалық (теориялық) тәсіл осы тарихи құбылыстардың тарихи жолының дәлме-дәл көрінісі емес. Ол зерттелініп отырған құбылыстың мәнін ұғыну мен олардың болмашы қасиеттерінен жорамал түрде таза зерттеуді көздейді. Соның нәтижесінде бұл құбылыс жайында ғылыми түсінік пайда болады.

Математикалық модельдер, графиктер мен математикалық теңдеулер көмегімен бейнеленеді. Экономикалық теория үш негізгі қызметтерді атқарады: танымдық, методологиялық және практикалық.

Өндіріс факторлары және экономикалық ресурстар

Қоғамдық өндіріс мәселесі экономикалық теорияның бастапқы негізін құрайды. Адамзат баласының тіршілігінің негізін қалайтын да қоғамдық өндіріс. Ол материалдық игіліктерді өндіру, бөлу, айырбас және тұтыну процесін қамтиды. Өндіріс процесі үздіксіз процесс болуға тиіс. Қоғамның тұтынбай отыра алмайтыны сияқты, ол өндірмей де отыра алмайды. Қоғамдық өндірістің құрылымы 1.1. сызбада көрсетілген.



1.1.- сызба. Өндіріс тәсілі және оның құрылымы.

Қоғамдық өндірістің адамзат өміріндегі орны мен рөлі ерекше. Егер өндірісті бір жыл түгіл, бірнеше апта тоқтататын болса, адамзат аштықтан құрып кеткен болар еді. Қазіргі таңда да нарықты қалыптастыруда қоғамдық өндіріс өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың жиынтығы. Ал оның орын алуы, дамуы өндіріс факторларына байланысты: 1) еңбек; 2) еңбек заты; 3) еңбек құралдары.


Еңбек дегеніміз - мақсатқа сай атқарылған қызмет, адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас процесі. Еңбек-бұл адамның саналы әрекеті. Оның басты ерекшелігі-алдын ала ойланып істелінеді, мақсаты іс-қимыл, белгілі бір нәтижеге жету көзделінеді. Еңбек ете отырып адам жұмыс күшін жұмсайды. Жұмыс күші – адамның еңбекке деген қабілеттілігі.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 7 беті

Еңбек заты –адамның дайын өнім өндіру мақсатында өз еңбегі арқылы әсер ететін зат. Олардың екі түрі бар: а) табиғи-руда, көмір, мұнай т.б. ә) белгілі бір табиғи процестен, өңдеуден өткен шикізат, материал т.б.

Еңбек құралдары-бұл адамның еңбек затына әсер ететін қаруы. Еңбек құралдары бірнеше түрге бөлінеді: а) аспаптар, машина, механизмдер; ә) өндірістің ыдыс жүйесі (құбырлар, бөшкелер, сауыттар т.б.); б) өндірістік объектілер, (өндірістік үйлер, құбылыстар, жолдар т.б.) в) жер; г) химиялық, ядролық реакциялар.

Қандай да бір тауарды өндіруге қажет еңбек заттары мен еңбек құралдарының жиынтығы өндіріс құрал-жабдықтарын құрайды. Өндіріс факторларының құрылымы 1.2. сызбада көрсетілген.



1.2.- сызба. Өндіріс факторлары

Өндіргіш күштер дегеніміз - бұл қоғамдық өндірістің жеке (жұмысшы күші) және заттық (өндіріс құрал-жабдықтары) факторларының өзара әрекеті, адам мен табиғат қатынасының шешуші, белсенді элементтері.

Экономикалық қатынастар-бұл адамдар арасында қызметтер мен материалдарды, рухани игіліктерді өндіру, бөлу, айырбастау мен тұтыну процесінде пайда болатын қатынастар. Экономикалық қатынастардың сипаты өндіріс құрал-жабдықтарына меншік формасымен анықталады, бұны **экономикалық базис** деп атаймыз.

Экономиканың қозғаушы күші-қажеттіліктер. **Қажеттілік дегеніміз** - бұл жеке тұлғаның немесе қоғамның өз өмір жағдайын немесе дамуын қалыпты деңгейде жүргізуге қажет қандай да бір нәрсеге деген талабы. Қажеттіліктер адамдар, фирма, мемлекет қажеттіліктері болып бөлінеді.

Адамдар қажеттіліктері үш топқа бөлінеді: материалдық, рухани, әлеуметтік.

Материалдық қажеттіліктер үш топқа бөлінеді:

- қажетті заттар: тамақ, киім, тұрғын үй т.б.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 8 беті

- сәулетті заттар: яхталар, норка тондар, зергерлік бұйымдар т.б.

- қызметтер: автомобиль жөндеу, заңгерден кеңес алу, білім беру, денсаулық сақтау және т.б.

Материалдық қажеттіліктер қатарына фирмалар мен мемлекеттік ғимараттар, құрылыстар, көлік, мектеп, аурухана соғу және басқаларға деген сұраныстарын жатқызамыз.

Рухани қажеттіліктер ғылыммен, өнермен шұғылдану, білім алу, адамгершілікті жетілдіру және т.б. жағдайларда қанағаттандырылады.

Әлеуметтік қажеттіліктер қоғамда көптеген адамдардың бірге өмір сүруі мен ынтымақтасуы қажеттігіне байланысты.

Қоғамның материалдық қажеттіліктері шексіз, яғни тауарлар мен қызметтерге деген материалдық қажеттіліктерді толық деңгейде қамтамасыз ету мүмкін емес. Аталған шексіз материалдық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қолданылатын экономикалық ресурстар шектеулі.

Экономикалық ресурстар 4 топқа бөлінеді:

1. Жер
2. Капитал
3. Еңбек
4. Кәсіпкерлік қабілет.

"Жер" ресурсына табиғаттың берген сыйлары табиғи ресурстарды жатқызады. Әлемде табиғи ресурстарға аса бай елдерде бар. Оларға Ресей, Қазақстан, АҚШ, Қытайды жатқызуға болады. "Жер" категориясына егістік жер, орман, мұнай мен минералдар қазбасы, су ресурстары жатады.

"Капитал" немесе инвестициялық ресурстар өндірісте қолданылатын өндіріс құрал-жабдықтарын: машина, құралдар, инструменттер, ғимараттар және т.б. қамтиды.

"Еңбек" бұл адамның өзіндік дене, интеллектуалдық және рухани күш-қуатын жұмсау процесі, яғни жұмыс күшін тұтыну процесі (әрбір адамның) жұмыс күші немесе еңбекке қабілеті болады. Еңбек жұмыс күшін тұтынуды білдіреді.

"Кәсіпкер" нарықтық экономиканың қозғаушы күші. Ол жер, капитал, еңбек ресурстарын, тауарлар мен қызметтер өндіру процесінде қолдана отырып, экономикалық тәуекелге бас ұрған іскер адам.

Барлық экономикалық ресурстар сирек немесе шектеулі санда ғана болады. Қоғамның барлық материалдық қажеттіліктері шексіз.

Экономикалық теория – қоғамның шексіз қажеттіліктерін жоғары дәрежеде қамтамасыз ететін сирек ресурстарды тиімді пайдалану проблемаларын зерттейтін қоғамдық ғылым. Экономикалық теория- сирек ресурстарды тиімді қолдану туралы ғылым.

Қоғам өмірінде меншікке байланысты қатынастар әрқашан маңызды рөл атқарған. Меншік – қоғамдық құрылыстың экономикалық негізі – қоғамдық бастаулардың негізіне жатады. Сондықтан әрбір мемлекет меншік туралы заңдар қабылдап, оны қорғайды. Меншік, заң жағынан алып қарағанда, мүліктік қатынастарға жатады. Құқықтық нормалар мен актілерде материалдық байлық әртүрлі субъектілер (жеке адамдар, әлеуметтік топтар, таптар, мемлекет) арасында қалай иемделетіні және бөлінетіні анықталады. Меншік иесі заңмен анықталған мүліктерге ие болады және ол қолындағы мүліктерді иемдену, пайдалану және оған иелік жасау өкілеттілігін алады.

Экономикалық мағынасында меншік бүкіл шаруашылық процесін қамтып, пайдалы игіліктер мен қызметтерді өндіру, бөлу, айырбастау мен тұтыну қатынастарын білдіреді.

Меншік – бұл зат емес, заттарға байланысты туындайтын қатынас. Меншік дегеніміз - өндіріс құрал-жабдықтарын және өндірілген өнімдерді иемденуге байланысты адамдар

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 9 беті

арасында туындайтын қоғамдық қатынастар. Ол адам және заттың арасындағы қарым-қатынас емес, адамдар арасындағы қатынастар болып табылады.

Меншік қатынастары: а) иемдену; б) материалдық ресурстарды тиімді пайдалану; в) оларды жүзеге асырудың экономикалық сипатын анықтау процесіндегі қарым-қатынастарды қамтиды.

Иемдену – адамдар арасындағы экономикалық байланыстарды бейнелейді. Егер олар мына зат менікі десе, онда бұл жай қалыптасып үлгерген шаруашылық байланыстарын сипаттайды және бұл мүлікті кімнің иемденуге құқығы бар, ал кімнің құқығы жоқ екендігін көрсетеді.

Иемденуге қарама-қарсы ұғым – иелігінен айрылу. Иемдену ұғымы – қоғамның бір бөлігі құрал-жабдықтарды өз иелігіне алып, басқа адамдардың тіршілік ету көзінен айыру дегенді білдіреді.

Көптеген жағдайда құрал-жабдық иелері өздері өндіріс процесімен айналыспайды. Ол белгілі бір шартқа сәйкес өз заттарын басқа біреуге пайдалануға (жалға) береді. Бұл жағдайда меншік иесі және кәсіпкерлер арасында мүлікті шаруашылық түрінде пайдалану қарым-қатынастары туындайды. Сөйтіп кәсіпкер басқа біреудің меншігіне қожалық етуге және оны пайдалануға уақытша заңдық құқық алады. Меншікті экономикалық тұрғыдан өткізу меншік иесіне табыс әкеледі дегенді білдіреді.

Сонымен, меншік – бұл адамдар арасындағы өндіріс факторлары мен нәтижелерін иемденуге байланысты объективті қатынастар жүйесі.

Меншік субъектісі – меншік қатынастарының белсенді жағы. Олар меншік объектісін иемденетін, оған билік ететін және пайдаланатын адамдар.


Меншік объектілері – жер, табиғат байлығы, мүлік, бағалы қағаздар, өндіріс құралдары, ақша, интеллект, жұмыс күші.

Меншік типтері және нысандары.

Адамзат қоғамының тарихи даму барысында құрал-жабдық меншіктерінің әртүрлі формалары белгілі. Алдымен олардың біріне – бірі қарсы: жалпы және жеке меншік деп аталатын екі типі бар.

Жалпы меншік – ұжым ретінде бірлескен адамдарға берілген құрал-жабдықтар, яғни бұл – олардың барлығына ортақ меншік деген сөз.

Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі меншіктің құрылысы 2.1 сызбада көрсетілген.



Меншік қатынастарының жүйесі.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 10 беті

Мұндай иеленушілік әр түрлі қоғамдарға тән. Ол - алғашқы қауымдық қоғамның даму кезеңінде: рулық, тайпалық, отбасы меншігі деп бөлінген. Бұрынғы КСРО елінде жалпы меншік мемлекеттік меншік нысанында көрініс алады.

Жеке меншік – жеке адамдардың өндірістің заттық факторларына және оның нәтижесіне өз меншігі ретінде қарауы. Оның өз еңбегіне негізделген және өзгенің еңбегіне негізделген екі түрі бар.

Өз еңбегіне негізделген жеке меншіктің субъектілері – жеке шаруа қожалығы, фермерлер, колөнершілер және басқа адамдар. Бұлар өз еңбегімен өмір сүреді. Олар, бір жағынан, өз меншігінің иесі, екінші жағынан, тікелей жұмыскер болып табылады.

Өзге адамның еңбегіне негізделген жеке меншік - өзгенің еңбегі есебінен баюға бейімделеді. Өндіріс құралдарының негізгі бөлігі аз ғана адамдар қолында болған кезде, бұл қоғамның қалған бөлігінің бұл игіліктерден шеттелуін білдіреді. Осы кезде мүлктік теңсіздік пен қоғамның әлеуметтік жіктелуі туады. Оған құл иеленушілік, феодалдық, капиталистік жеке меншікті жатқызады. Қазіргі таңда банкке салған ақша бойынша төленетін процент, мұраға алынған мүлік, алуға төленетін дивиденд және т.б. жатады.

Иемденудің үшінші түрі аралас меншік кезінде мүлік қатысушылардың ақшалай және басқа да жарналарының есебінен құралады.

Қазақстанда заңға сәйкес жеке, мемлекеттік, муниципалды және басқа да меншік түрлері танылады.

Мемлекеттік меншік – бұл меншік нысандарын мемлекеттік билік өкілдерінің басқаруы мен іске жаратуды жүзеге асыратын қатынастар жүйесін білдіреді. Мемлекеттік меншік бүкіл халық шаруашылық деңгейінде, аймақ, облыс, аудан, қала, ауыл деңгейінде бар.

Ұжымдық меншік – бұл еңбек ұжымы өндіріс құралдары мен өнімдерін ортақ иемденіп, пайдаланып және іске жарататын экономикалық қатынастар жүйесі. Қазақстан Республикасында қазіргі кезде ұжымдық меншік түрлеріне кооперативтік, акционерлік, қоғамдық ұйымдар мен корлардың, шаруашылық қоғамы мен серіктестіктердің, шаруашылық ассоциацияларының (бірлестіктердің) және діни ұйымдардың меншігі жатады.

Қазақстан Республикасында меншіктің әр түрлі формаларының қалыптасуы.

Біз көп уақыттар бойы кеңестік экономикалық әдебиеттер арқылы меншік проблемасы мен оның эволюциясы нақты және біржола шешілді деген қағидаға жүгініп келдік. Оның мемлекеттік және колхозды-кооперативтік формаларын ғана мойындап келгенбіз. Жеке меншіктің негізгі ақауы - өндіріс – құрал жабдықтары иелері жалдамалы жұмысшыларды қанауда деген қағида. Міне, осыған байланысты кеңестік экономика жағдайында адамды адам қанауда деген қағида. Міне, осыған байланысты кеңестік экономика жағдайында адамды адам қанауды жою үшін жеке меншікті жалпы халықтық (мемлекеттік) меншікпен алмастыру қажет деген ой-пікір орныққаны аян.

Осы мақсатты жүзеге асыру бағытында бұрынғы одақта 1917 жылдан бастап, меншікті жаппай мемлекеттендіру басталды. Оның нәтижесі – адамдардың жұмыскер және тұтынушы ретінде еркін таңдауынан айрылуы, өндіріс құрал-жабдықтарына меншік иесі екендігін сезінбеу.

Енді бүгінгі өтпелі кезеңдегі басты проблеманың бірі – жаңа меншік формаларын қалыптастыруға көшу болып отыр. Республикамызда нарықтық қарым-қатынастарды қалыптастыру бағытында көптеген шаралар жүзеге асырылуда. Мемлекеттік меншіктің бүкіл қоғамды түгел қамтитын сипатынан айыру, меншікті мемлекет иелігінен алу, акционерлік, кооперативтік және жеке меншікке негізделген кәсіпорындардың алуан түрлерін қалыптастыру, адамдардың шаруашылық және еңбекке деген ынта-жігерінің арта түсуіне жол ашып, әлеуметтік қиындықтарды жеңілдеу етеді.

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 11 беті

Қазақстан Республикасының «Меншік туралы Заңы» алғаш рет еліміздің өз меншігін айқындап берді. Конституцияда меншіктің екі түрі – мемлекеттік және жеке меншік аталады. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында меншіктің жеке және мемлекеттік меншік, сонымен қатар, осы екеуіне тән негізделген меншіктің әр түрлі формалары заңды деп саналады. Олар:

арендалық кәсіпорынның меншігі;
кооперативтердің меншігі;
шаруашылық қоғамы мен серіктестіктің меншігі;
акционерлік қоғамның меншігі;
ассоциациялардың және бірлестіктердің меншігі;
діни ұйымдардың меншігі.

Сонымен, нарықты экономикаға көшуге байланысты меншік қатынастарын қайта құру өзекті проблемалардың біріне айналып отыр. Меншік формаларының плюрализмі – бұл шаруашылық жүргізу жүйесінің, бүкіл қоғамдық организмнің өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі реттеуінің қажетті шарты. Меншік формасының плюрализмі – нарық шаруашылығының объективті негізі, Қазақстан экономикасының дүние жүзілік шаруашылыққа, дүниежүзілік өндірістік қарым-қатынастарға енуінің қажетті шарты.

Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру саясаты.

Қазақстан Республикасында меншіктің алуан түрлері мен формаларын қалыптастыру мемлекеттенген меншікті қайта құру жолымен немесе мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру жолымен жүзеге асырылады.

Мемлекет иелігінен алу, оның билігін шектеу бұл өндірісті тікелей мемлекеттік әкімшілік реттеуден басым түрде нарықтық механизмдер негізінде реттеуге көшу. Жекешелендіру – бұл мемлекеттік немесе муниципалды меншікті ақыға немесе тегін жеке меншікке беру.

Экономиканы әміршілдік - әкімшілдік басқару жүйесі кезінде мемлекеттік меншік түрі өте қатты дамыды. Меншікті мемлекеттендірудің басты екі кемшілігі болды: а) еңбек адамы сол меншіктің билеушісі жағдайын жоғалтады және оны тиімді қолдануға жігерленбейді; ә) өндірісті басқаруда бюрократтану жүріп, экономиканың артықшылығы топталды.

Ұлттық бағдарламаға сай Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру келесі кезеңде жүргізілді:

бірінші кезең 1991 – 1992 жылдар;

екінші кезең 1993 – 1995 жылдар;

үшінші кезең 1996 жылдан басталып, 1998-шы жылдың бірінші жартысына дейін созылды.

Қазақстанда мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің негізгі мақсаты:

шаруашылық субъектілерінің тиімді түрі ретінде жеке меншік топтарын қалыптастыру;

- бәсекелестік ортаны құрып, өндірісті монополиясыздандыруды қамтамасыз ету;

шағын және орта бизнесті дамыту;

шет мемлекетті өзіне тарта білетін, жеке бизнес басымырақ ұйымдық- шаруашылық құрылымды қалыптастыру;

бағалы қағаздар нарығының субъектісі ретінде инвестициялық құрылым жүйесін дамыту және нығайту.

Қазақстан Республикасының ерекше меншік объектілері жекешелендіруге жатпайды. Олар –жер, оның байлығы, су, әуе кеңістігі, өсімдік пен жануарлар дүниесі, елдің тарихи және мәдени құндылықтары.

Елімізде мемлекеттік меншік объектілерін мемлекет иелігінің алу мен жекешелендірудің төмендегідей түрлері қолданылады:

а) мемлекет кәсіпорын мүлігін жалға беру;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу	100 беттің 12 беті

- б) жалға берілген мемлекеттік кәсіпорын мүлігін сатып алу;
- в) мемлекеттік меншік объектілерін концессияға беру;
- г) мемлекеттік кәсіпорынды акционерлік қоғам мен серіктестік ретінде құру;
- д) еңбек ұжымы мүшелерінің мемлекеттік кәсіпорын мүлігін сатып алуы;
- ж) мүліктері мемлекеттік меншікке жатпайтын мемлекеттік кәсіпорын мүлігін заңды тұлғаға және азаматтарға конкурс немесе аукцион арқылы сату.

Жекешелендірудің төмендегідей тәсілін айтуға болады:

- а) аукциондық, жекешелендірілетін меншікке кім жоғары баға ұсынса соған сатылады;
- б) конкурстық – таңдау сатушының ойынша, дұрыс жағдай ұсынған сатып алушыға артықшылық көрсетіледі;
- в) кәсіпорын акциясын ересек тұрғындарға беру;
- г) купондық тәсіл.

Қазақстан Республикасы 1993 жылы қараша айынан бастап жаппай жекешелендіруге көшті. Мақсаты – тезірек меншіккерлер тобын қалыптастыру. Тұрғындарға бірдей мүмкіндіктер жасау үшін инвестициялық жекешелендіру купондары берілді. Қазақстандық модельдің негізгі ерекшелігі мынада:

1. Жекешелендірілген инвестициялық купондарды қайтарымсыз үлестіру;
2. Жекешелендірілген инвестициялық купонды тек қана инвестициялық – жекешелендіру қоры арқылы қолдану мүмкіндігі болды.

Қазақстан Республикасындағы мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру меншік құрылымын түпкілікті өзгертті. Жеке меншіккерлер тобын қалыптастырды.

5.5. Иллюстративті материал:

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

ә) көрнекі және дидактикалық құралдар: өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер, тест тапсырмалары, сөзжұмбақтар.

5.6. Әдебиет:

1. Экономикалық теория негіздері. Оқулық. Я. Әубәкіров, М.Есқалиев және т.б. Алматы, «Санат», 1.
2. Экономика здравоохранения: учебник / под ред. А. В. Решетникова. - 2-е изд., перераб. и доп. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГБОУ ВПО "Первый Мос. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 192 с
3. Общественное здоровье и здравоохранение, экономика здравоохранения. В 2 т. Т. 1 : учебник /. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 688 ил.
4. Основы маркетинга: учеб. для мед. училищ и колледжей / под ред. И. В. Липсица, М. Н. Дымшица ; М-во обр. и науки РФ. - ; Рек. ФГБОУ ВПО " Гос. ун-т управления". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 208 с. : ил.
5. Сыздыкова, К. Ш. Экономика и маркетинг в здравоохранении : учебное пособие / К. Ш. Сыздыкова, Ж. С. Тулебаев, Э. А. Актуреева. - Алматы : ИП "Ақнұр", 2015. - 274 с.
6. Экономика здравоохранения : учебник / под ред. А. В. Решетникова. - 2-е изд., перераб. и доп. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГБОУ ВПО "Первый Мос. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 192 с.
7. Основы маркетинга: учеб. для мед. училищ и колледжей / под ред. И. В. Липсица, М. Н. Дымшица ; М-во обр. и науки РФ. - ; Рек. ФГБОУ ВПО " Гос. ун-т управления". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 208 с. : ил.
8. Рахыпбеков, Т. К. Денсаулық сақтау саласындағы экономикалық талдау әдістері: оқу құралы / Т. К. Рахыпбеков. - Алматы : АҚНҰР, 2016. - 340 бет

5.7. Бақылау сұрақтары:

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 13 беті

1. Кәсіпкерліктің мәні.
2. Кәсіпкерлік және бизнес түсініктеріндегі айырмашылық
3. Кәсіпкерлік түрлері және кәсіпкерлік формалары

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин.

1. Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

1. Оқушыларды бағалау.
2. Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

Үйге тапсырма беру: 5 мин

№2- сабақ.

5.1. Тақырыбы: Ақша және банктік жүйе. Нарық және оның заңдарының қызмет етуі.

Сағат саны: 90 мин

Сабақ түрі: теория

5.2. Мақсаты: Ақшаның мәні және оның пайда болу тарихы. Ақша түрлері және қызметі. Заманауи ақша құралдары. Банктердің түрлері мен қызметтері.

Ұйымдастыру кезеңі : 5 мин.

- а) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
- б) Сабақтың мақсаты мен міндетін таныстыру.

5.3. Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин

- а) Барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындауын тексеру;
- ә) Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;
- б) Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
- в) Оқушылардың білімдерін бағалау;
- г) Үй тапсырмасын қорытындылау.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин

5.4. Дәріс тезистері:

1. Нарықтың қалыптасуының объективті негіздері. Нарық субъектілері және объектілері.
2. Нарық мәні, қызметтері және құрылымы. Нарық инфрақұрылымы.
3. Бәсекенің мәні және түрлері.
4. Нарық жүйесінің ролін бағалау.

Алғашқы кезеңде айырбас өте *кездейсоқ, жай* түрде орын алды. Осыған орай құн да кездейсоқ, жай нысанда дамыды. Мысалы, бір қой бір қап астыққа айырбасталады, яғни бір заттың құны (қойдың) екінші бір тауар арқылы (астық) анықталады. Біздің мысалымызда бірінші тауар (қой) активті рөл атқарып тұр. Яғни өзінің құнын екінші бір тауар астық арқылы анықтап отыр. Сондықтан оны относителді құн нысаны дейміз. Ал екінші тауар (астық) пассивті рөл атқарады, бірінші ретінде қарсы тұрады немесе оны эквивалентті құн нысаны деп атайды.

Өндіргіш күштердің дамуы, онымен байланысты қоғамдық еңбек бөлінісінің тереңдеуі кездейсоқ айырбастан оның жүйелі нысанына, құнның *толық* нысанына көшуге негіз қалады. Мысалы:

3 грамм алтынға немесе 10 балтаға
1 қой =
немесе 1 қап астыққа айырбасталады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 14 беті

Мұның құнның жай нысанынан айырмашылығы жалпы эквивалент рөлін бірнеше тауарлар атқарады. Бұл айырбас процесін қиындатты. Сөйтіп дамудың белгілі бір дәрежесінде жалпыға бірдей құн нысаны пайда болды.

3 грамм алтын =
 10 балта =
 1 қап астық =

1 қойға айырбасталды.

Сөйтіп жалпы эквивалент рөлін бір тауар атқарды. Бұл жағдайдың өзі де көпке бармады. Өйткені жалпы эквивалент рөлін ертедегі грек, араб, үнді елінде – мал, ертедегі орыс, скандинавия елдерінде – аң терісі, Африка елдерінде – піл сүйегі, Қытайда – тұз атқарды. Алайда өндіргіш күштердің қарқындап дамуы, қоғамдық еңбек бөлінісінің одан әрі тереңдеуі жалпы эквивалент рөлін әр елде әр түрлі тауарлардың атқару тәртібі қала бастады да оны бір ғана тауар, яғни ақша атқаратын болды. Осымен байланысты құнның ақшалай нысаны дүниеге келді. Мысалы:

1 қой =
 10 балта =
 1 қап астық =

3 грамм алтынға айырбасталды.

Бұл нысан эквивалент рөлін алтын, бағалы металдар атқарған кезде ғана беки бастады. Бір кезде эквивалент рөлін тек алтын ғана атқарды. Сөйтіп айырбас процесі тауарлар дүниесінен ерекше тауар – ақшаның бөлініп шығуына жеткізді.

Ақша дегеніміз тауарлардың тауары, оның өз бойында жасырын түрде барлық басқа тауарлар болады, құнның ақшалай нысанының бекуімен байланысты баға пайда болады. Баға құнның ақшалай көрінісі. Ақша ерекше тауар, ол тауарлар дүниесімен жеке дара бөлініп шығып жалпы эквивалент рөлін атқарады.

Ақшаның жалпыға бірдей эквивалент ретінде мынадай ерекшеліктері бар: 1) ол нақты бір заттың, қоғамдық тұтыну құнының болатындығын, 2) онда абстракты еңбек бейнелейтін құнның да болатындығын; 3) тауар өндірушінің жеке еңбегі қоғамдық еңбектің бір бөлшегі болып табылатындығын көрсетеді.

Ақша тауарлы шаруашылықта адамдардың қоғамдық қатынасын бейнелейді. Яғни, ақша зат емес, адамдардың арасындағы өндірістік қатынас. Ақшаның қызметі:

құн өлшеуші;
 айналыс құралы;
 төлем құралы;
 қазына жинау;
 дүниежүзілік ақшалар.

Құн өлшеуші. Мұнда ол жалпы эквивалент рөлін атқарды. Оның мәні барлық тауарлардың құны ақша арқылы анықталады. Мұндай қызметті өзіндік құны бар тауар ғана атқара алады. Бұдан шығатын қорытынды, барлық жағдайда құн өлшеуші қызметін алтын ғана атқарды. Ақшаның пайда болуымен байланысты бір тауардың екінші бір тауарға тікелей айырбасталуы (Т-Т) біржола тауар айналымына (Т-А-Т), яғни ақша арқылы тауар айырбасына орын береді. Ақша тауар айырбасында аралық, яғни **айырбас құралының** қызметін атқарады. Мұндай қызметті атқару үшін нақты ақша немесе ақша белгісі қажет, өйткені тауар тек нақты ақшаға, ал ақша тауарға тікелей айырбасқа түседі.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 15 беті

Әсіресе халықаралық еңбек бөлінісінің тереңдеуі мен экономикалық қатынастар шеңберінің ұлғаюымен ақша **төлем құралы** ретінде маңызды рөл атқарады. Бұл жерде қолма-қол ақшаның болуы міндетті емес. Оның қызметін кредит ақшалар атқарады. Соңғы кездерде есеп айырысу құралы ретінде тек қана банкноттар, чектер, қағаз ақшалар ғана емес, кредит карточкалары да кеңінен дамуда.

Қазына жинау тауар өндірісінің объективті қажеттілігінен туындайды, әрбір тауар өндіруші өзіне өз тауарларының өту-өтпеуіне қарамастан қандай жағдайда болсын басқа бір тауарды сатып аларлықтай, әр түрлі кездейсоқ жасауы керек. Кез-келген затқа әрдайым айырбастай аларлықтай белгілі бір мөлшерде ақша қоры болуы шарт. Тауар-ақша қатынасы, осымен байланысты ақшаның үстемдік етуі белгілі бір дәрежеге жеткенде кейбір адамдар үшін ақша қорын молайту олардың өмір сүруінің мақсат-мүддесіне айналады.

Тауар-ақша қатынасының ұлттық шеңберден шығып, дүниежүзілік нарықты қамтамасыз етуі, оның **дүниежүзілік** қызметті көрсетеді. Дүниежүзілік ақшалар үш қызмет атқарады: 1) халықаралық төлем құралы; 2) халықаралық сатып алу- сату құралы; 3) қоғамның байлығын сипаттаушы құрал.

Сонымен, ақша – бұл жалпы эквивалент рөлін атқаратын ерекше тауар.

Өндіріс қисыны мынадай, ақша ылғи айналыста болуы керек. Осыдан кейбір фирмаларда белгілі бір уақытта ақша құралдары уақытша босатылады, ал осы уақытта басқа фирмалар жоқ ақшаға қажеттілікті сезеді. Бұл қайшылық кредит көмегімен шешіледі.

Кредит (несие) – қарыз капиталының қозғалысы, несие беру мүмкіндігі ақшасын төлеу, қайтарып беру және мерзімдік принциптеріне құрылған. Айналым процесінде босатылған фирманың ішкі құралдары несиенің қайнар көздері болып табылады.

Оларды қарастырамыз:

Негізгі капитал айналымға түскенде, амортизациялық қорға құндық қор жинауы пайда болады. Өндірістің жаңа құрамдарын алғанша ол несиеге берілуі мүмкін.

Жаңа шикізатты сатып алу және дайын өнімді сату уақытының сәйкес келмеуімен байланысты, айналым капиталының бір бөлігі ақшалай түрде босатылады. Ол да несие ретінде пайдалануы мүмкін.

Төлем уақыты келмегенше, еңбек ақы төлеуге арналған ақшалар, уақытша бос ақша капитал бола алады.

Өндірісті кеңейту үшін, яғни табысты капитализациялау үшін, оны қажетті мөлшерде жинау керек, ал оған дейін оны біреуге несиеге беруге болады.

Несие нарықтық экономика тұсында маңызды қызметтер атқарады.

Тарихи тұрғыдан несие қоғамдық өндірістік шеңберін айтарлықтай кеңейтті.

Несие қайта бөлу қызметін атқарады. Осының арқасында жеке жинақтар, кәсіпорындар пайдасы, мемлекет табысы қарыз капиталына айналып, халық шаруашылығының кіріс келтіретін салаларына жұмсалады.

Несие айналым шығындарын үнемдеуге көмектеседі. Оның дамуы барысында банктік есепшот пен алымдар (несие карточкалары, әртүрлі есепшоттар, депозит сертификаттары) қолма – қол айналымға түседі, сөйтіп ақша ағымы жеделдейді .

Несие капиталдың орталықтануы мен шоғырлануын түзету қызметін атқарады. Кредитті бәсекелік күресте жиі пайдаланады, ол фирмалардың бірігуі мен бірін – бірі жойып жіберуіне ықпал етеді.

Несие беру процесінде несиені әр түрлі нысанда жіктейді.

Несие беру тәсілі бойынша несие натуралды және ақшалай деп ажыратылады.

Натуралды несие беруде несие нысандары ретінде инвестициялық тауарлар, тұтыну тауарлары, шикізат, ресурстар, өндірістік тұтыну заттары ұсынылады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 16 беті

Ақшалай несиенің нысандары: ақшалай сатып алу құралдары, ақша капиталы, акциялар, вексельдер, облигациялар және басқа міндетті қағаздар.

Несие беру мерзіміне байланысты:

Қысқа мерзімді несиесі, мұнда бір жылға дейін беріледі;

Орта мерзімді несиесі, 2 жылдан 5 жылға дейін;

Ұзақ мерзімді несиесі, 6 жылдан 10 жылға дейін;

Арнайы ұзақ мерзімді несиесі, 20 жылдан 40 жылға дейін.

Несиелік кеңістіктің сипаты бойынша несиесі халықаралық, мемлекеттік, банктік, коммерциялық, тұтынушылық, кепілдік болып бөлінеді.

Халықаралық несиесі – бұл қарыз капиталының халықаралық экономикалық қатынастың аумағындағы қозғалысы, оның тауарлы немесе ақшалай (валюталы) нысаны болады. Үкімет, банктер, жеке фирмалар несиесі беруші де, несиесі алушы да бола алады.

Мемлекеттік несиесі – мемлекет несиені халыққа және жеке бизнеске береді. Бұл несиенің қайнар көзі мемлекеттік займ облигациялары болып табылады.

Банктік несиесі – несиесі – қаржылық мекемелер (банк, қорлар және тағы басқалар) кез келген шаруашылық субъектілеріне (фирмаға, жеке кәсіпкерлерге, т/б) ақша ссудасы түрінде береді. Бұл ссудалық капиталдың несиесі, оның объектісі – ақша.

Коммерциялық несиесі – бұл несиесі шаруашылық тұлғалары басқаларына төлемнің мерзімін ұзарту арқылы тауарды сату түрінде беріледі. Бұл – тауар несиесі. Оның объектісі тауарлы капитал. Ол тауар айналымын тездетіп, айналымға керек түрде ақша массасын қысқартады.

Тұтынушылық несиесі – жоғары процентте (30%) көбіне анықталған мерзімге (1 жылдан 3 жылға дейін) жеке тұлғаға беріледі. Бұл несиесі мерзімі ұзартылған төлемді тауарды сату түрінде бөлшек дүкендер арқылы немесе банктік ссуда беру түрінде беріледі.

Ипотекалық кепілдік несиесі – несиесі кепілдеме түрінде беріледі, яғни ақша, мүлікпен қамтамасыз етіледі. Бұл несиені банктер жеке тұлғаға қозғалмайтын мүлікті кепіл ретінде алып (оған жер, құрылыс, ғимарат жатады) беріледі. Бұл несиенің қайнар көздері: ипотекалық облигациялар, оны банктер және кәсіпорындар шығарады.

Несиелік жүйе – валюта қаржылық мекемелердің кешені, бұл кешен айналымдағы бар ақша санын өзгерту жолымен экономиканы реттейді. Қазіргі кредиттік жүйеде мынадай үш негізгі буын бар: орталық банк, коммерциялық банк, маманданған несиесі – финанстар институттары. Кредиттік жүйеде жетекшілік орынды банк атқарады, ол капитализмнің бастапқы сатысында XVIII – XIX ғасырларда коммерциялық банктерден бөлініп шықты. Тек орталық банкке ғана мемлекет ақша шығаруға (эмиссия) ерекше монополиялық құқық берді. Көптеген орталық банктер бірден мемлекеттік институттар болып құрылды (немістің федеральдық банкісі, Австралияның резервтік банкі), басқалары екінші дүниежүзілік соғыстан кейін мемлекет иелігіне айналды (Франция банкісі, Англия банкісі, Жапония банкісі, Нидерланд банкісі). Бірқатары осы күнге дейін аралас мемлекеттік жеке меншік негізінде жұмыс істейді. Мысалы, АҚШ-тың федеральдық резервтік жүйесі (1913), бұрынғы КСРО да орталық банк – КСРО Мемлекеттік банкі болды. Қазақстанда қазір Ұлттық банк осындай рөл атқарады.

Орталық банктер көптеген қызметтер атқарады, солардың ішінде бастылары:

банкнот эмиссиясы (шығару);

мемлекеттік алтын – валюта резервін сақтау;

басқа несиесі беретін мекемелердің резервтік қорларын сақтау;

экономиканы ақша – несиесі арқылы реттеу;

коммерциялық банктерге несиесі беру және мемлекеттік мекемелерге қассалық қызмет көрсету;

есепшот жүргізу және ақша аудару операциялары;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 17 беті

несие беретін мекемелердің қызметіне бақылау жасау.

Коммерциялық банктер несие жүйесінің «нервтік» орталығы болып есептеледі. Қазіргі коммерциялық банктер несие финанс мекемелерінің әмбебап сипаттағы түрі. Ол халық пен кәсіпорындардан салымдар қабылдап, несие беріп қана қоймай, сонымен қатар клиенттерге қаржылық қызмет көрсетеді. Коммерциялық банктердің операциялары пассивті (қаржыларды келтіру) және активті (қаржыны орналастыру) болып бөлінеді.

Арнайы несие – қаржылық институттармен ұсынылған несие жүйесінің үшінші деңгейі: зейнетақы қоры, сақтандыру компаниялары, инвестициялық банктер, ссуда – қор жинау ассоциациялары және т/б. Олар өздерінде көптеген ақша ресурстарын жинайды, сондықтан ақша саясатына үлкен ықпал жасайды. АҚШ -тың барлық маманданған несие қаржы мекемелерінің жинақтық активі коммерциялық банктердің активінен екі есе артық.

Нарық–бұл экономикалық проблемаларды тиімді шешуді қамтамасыз ететін тауарларды өндіру және оларды ақшаның көмегімен айырбастау процесінде туындайтын экономикалық қарым-қатынастардың жиынтығы, шаруашылықты ұйымдастыру формасы.

Ұзақ экономикалық даму барысында адамдардың келесі экономикалық проблеманы шешудің нәтижесінде нарық пайда болған: сирек, шектелген ресурстар-әртүрлі игіліктерге деген адамның шексіз қажеттіліктері. А.Смиттің ойы бойынша, нарықтың пайда болуы, экономикалық ресурстардың сиректігі мен адамның өндірістік мүмкіндігінің шектелуінің салдарынан болған деп түсіндірген. Кез келген маманданған адам белгілі бір салада ғана өнімді тиімді өндіреді, ал оның қажеттіліктері миллиондап есептеледі.

1. Экономикалық ресурстардың шектелуі-объективті заң, шаруашылық жүйесіндегі адамдардың субъективті тәртібінің сәйкестігін қажет етеді. Ресурстардың сиректік заңы немесе адамдардың өндірістік мүмкіндіктерінің шектеулігі өндірістің кез келген факторына әсер етеді. Әр кезеңде кез келген экономикалық ресурстарға және өндіріс факторларына: еңбекке, жерге және оның қазбаларына, капиталға шектелу тән: олардың саны белгілі және де шегі бар, олардың көбін, әсіресе бірінші экономикалық ресурстардың қандай-да бір өрісте пайдалануы, олардың басқа сферада қолданылуының мүмкін емес екенін көрсетеді. Мысалы, мынадай экономикалық ресурс-жерге тән қасиет, оның әр учаскесі бір мезгілде бір-ақ салада пайдалануы мүмкін: не ауыл-шаруашылық өнім өндіру үшін, не құрылыс үшін, не табиғат қазбаларын алу үшін. Осы жер учаскесін бір салада ғана қолдануымыз мүмкін, ал басқа салаларда қолдана алмаймыз, олардың өніміне қажеттік бар болса да.

Шикізат ресурстары, жер ресурстары сияқты да шектелген және сирек. Мұнда да, кез келген шикізатты бір ғана өнім өндіруге қолдануға болады, бірақ оны басқа салалардағы өнімді өндіруге қолдана алмаймыз, олардың өніміне қажеттігіміз болса да. Мысалы: 1 тонна металдан не станок өндіруге болады, не жеңіл машинасын, немесе 1 млн-ға жуық әйелдердің шашына қажетті шпилькалар өндіруге болады. Бірақ бірінші де, екінші де, үшінші де өнімдерді бірігіп 1 тонна металдан өндіруге болмайды.

2. **Еңбек бөлінісі.** Экономикалық ресурстардың шектеулі, сиректігі қоғамдық еңбек бөлінісі мен салалар мен адамдардың іс-әрекеттерінің түрлерінің көбеюінің себебін құрайды. Ресурстардың шектелуі алғашқы қауымдық қоғамда адамдардың еңбек бөлінісі кез келген жұмысты орындағанда еңбек өнімділігі мен тиімділігінің өсуінің негізгі шарты екенін түсінуіне әкеледі. Осы себептен бірінші қоғамдық еңбек бөлінісі-мал шаруашылық пен жер шаруашылық тайпалардың арасында болды.

Қоғамдық еңбек бөлінісі объективті экономикалық заңдардың бірі. Ол адамдардың еңбек өнімділігінің артуына және нарықтың пайда болуына әкелді. Қоғамдық еңбек бөлінісінің тереңдеуі өндірістік мүмкіндіктерді кеңейтуге және әртүрлі тұтыну тауарларын өндіруге қолданылатын экономикалық ресурстардың шектелуін қысқартуға мүмкіндік береді.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 18 беті

Ресурстардың және өндірістік мүмкіндіктердің шектелуі адамдарды тұтынуға қажетті сирек кездесетін тауарлардың арасында таңдауға мәжбүр етеді: ол өнімдердің біреуін өндіру басқа өнімдерді өндіруден бас тартуға мәжбүр етеді. Еңбек бөлінісі және мамандану ресурстардың шектелуін қысқартуға мүмкіндік береді, өндірістік мүмкіндіктердің шекарасын кеңейтеді.

3. Еңбек нәтижесімен алмасу. Нарықтың пайда болуының тағы бір объективті және маңызды буыны болып еңбек нәтижесінің алмасу қатынастары. Мұндай экономикалық қатынастар өзіне қажетті көптеген басқа игіліктерді алу үшін өз еңбегімен өндірген өнімді алмасу қажеттігі - адамның табиғи қажеттерінен шығады. Бір тауарды басқа тауарға алмастырып адамдар өздерінің көптеген қажеттіктерін толығырақ қанағаттандырады.

Бір еңбек өнімінің екіншісіне алмасу қажеттігі болмас еді, егер ресурстардың шектелуі еңбек бөлінісі мен мамандануына әкелмесе, оның нәтижесінде барлықтарының еңбек өнімділігінің артуына әкеледі. Осы мағынада экономиканың нарықтық ұйымдастырылуы біреудің ақылдылығының нәтижесі емес: оның пайда болуы адамдардың еңбек өнімдерінің алмасу үдерісінің нәтижесі.

Нарық субъектілері: үй шаруашылығы, фирмалар және мемлекет ретінде қарастырылады,

Үй шаруашылығы (жанұя)-бұл бір немесе бірнеше тұлғадан тұратын экономикалық бірлік.

Фирма-бұл сату мақсатымен өнімді шығару үшін өндіріс факторларын қолданады, пайдасын максимизациялауға ұмтылады, өздігінен шешім қабылдай алатын экономикалық бірлік болып табылады. Олар: кәсіпорындар, ұйымдар, ассоциациялар, кооперативтер, акционерлік қоғамдар немесе заңды тұлғалар.

Мемлекет қоғамдық мақсатты қамтамасыз ету үшін шаруашылық тұлғалары мен нарықты бақылауды қамтамасыз ету үшін заңды және саяси билікті іске асыратын үкімет мекемелерінен тұрады.

Нарықтық шаруашылықтың объектілері болып: тауарлар мен қызмет көрсетулер, өндіріс факторлары (еңбек, жер, өндіріс құралдары), ақша, бағалы қағаздар және т.б. болып табылады.

Нарық мәні, қызметтері және құрылымы. Нарық инфрақұрылымы.

Нарық қоғамдық еңбек бөлінісімен келісілген және шаруашылық субъектілерімен шеттелген тауарлы өндіріс дамуының табиғи-тарихи процесс нәтижесі.

Нарық көпжақты, оны әр түрлі жағынан зерттеуге болады. Сондықтан да экономикалық әдебиеттерде оның көптеген анықтамалары бар. Сатып алу және сату көзқарасы бойынша нарық сұраныс пен ұсыныстың, өндіруші мен тұтынушының өзара әрекетінің сферасы ретінде қарастырылады.

Экономиканы ұйымдастыру көзқарасы бойынша нарықты экономиканың іс-әрекет етуінің қоғамдық формасы деп атайды.

Нарықтық қатысушы тұлғалар позициясы бойынша нарықты шаруашылық тұлғаларының арасындағы қоғамдық байланыс формасы деп атайды.

Сонымен, нарық – бұл ұдайы өндірістің барлық буынында: өндіріс, бөлу, айырбас және тұтыну аясында сату және сатып алу арқылы жүзеге асырылатын ұйымдық-экономикалық қатынастардың жүйесі.

Нарық маңызды қызметтерді атқарады:

біріншіден, нарық арқылы қоғамдық өндірісті реттеуді іске асырады, яғни не өндіру керек, қалай өндіру керек, кім үшін өндіру керек деген мәселелер шешіледі;

екіншіден, нарық арқылы өндірушілер мен тұтынушылар байланысы бекітіледі. Нарықтың әрбір қатысушысы бір уақытта сатушы да, сатып алушы да болып табылады. Олар өздерінің өміріне немесе тауарды өндіруіне қажетті заттарын сатып алады, ал нарықта өндірген өнімін немесе мүлігін, жұмыс күшін сатады;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу	100 беттің 19 беті

үшіншіден, нарық арқылы өнімді өндіруге кеткен шығындарды есептеу жүргізіледі. Нарық не өндіру керек екенін анықтап қана қоймайды, ол өнім өндіру үшін қоғам қанша шығын шығаратынын да анықтайды. Егер шығын жоғары болса, онда оны сатып ала алмайды және болашақта ол өндірілмейді. Сондықтан нарыққа шығыстарын жабатын баға бойынша сатылатын өнімдер ғана түседі;

төртіншіден, нарықтың маңызды қызметі болып баға бекіту табылады. Баға сұраныс пен ұсыныстың әсерінен ауытқып отырады. Егер нарықта бір тауардың саны сұраныстан асып кетсе, оған баға түседі, төмендейді, осыған сәйкес осы тауардың өндірісі мен ұсынысы да төмендейді. Керісінше, жоғары баға өндірісті ынталандырады, бұл өсім сұраныс пен ұсыныстың арасында тепе-теңдік орнағанша болады, бұл жерден тепе-теңдік баға шығады;

бесіншіден, нарық өндірушілерді әлеуметтік жіктейді. Бәсеке процесінде өнімді өндіруге кетірген шығыны нарықтық бағадан аз болса ғана фирма ары қарай тіршілік ете алады. Егер шығыны бағадан жоғары болса, онда ол зиянға ұшырайды. Өндірушілерді дифференциалдау тиімді фирмалардың дамуы мен тиімсіздерінің жойылуын білдіреді.

Нарықтың құрылымы әртүрлі белгілері бойынша жіктеледі. Олардың маңыздылары мыналар:

1. Нарықтық қатынастар объектілерінің экономикалық қызметі бойынша тауар мен қызмет нарығы, өндіріс құралдары, еңбек, инвестиция, бағалы қағаздар, қаржы нарықтары болып бөлінеді.
2. Географиялық орны бойынша жергілікті, ұлттық, аймақтық және әлемдік болып бөлінеді.
3. Бәсекені шектеу дәрежесі бойынша: монополиялық, олигополиялық, еркін, аралас деп аталады.
4. Салалар бойынша автомобиль, астық және т.б. болып бөлінеді.
5. Сату сипаттамасы бойынша: бөлшек және көтерме деп қарастырады.

Қазіргі кезде нарық дамыған инфрақұрылымсыз, яғни қосалқы көмекші салалар мен ұйымдарсыз мүмкін емес.

Нарықтың **инфрақұрылымы**-бұл нарықтық қатынастардың қызмет етуін табысты қамтамасыз ететін мекемелер, мемлекеттік және коммерциялық фирмалардың жиынтығы.

Нарықтың инфрақұрылымының үш түрін бөлу қабылданған: тауар және қаржы мен еңбек нарығы.

Тауар нарығының инфрақұрылымы тауар биржаларымен, бөлшек және көтерме сауда кәсіпорындарымен, жәрмеңкелермен, биржалық емес сипаттағы делдал фирмалармен көрсетілген.

Қаржы нарығының инфрақұрылымының құрамына қор және валюта биржалары, банктер, сақтандыру компаниялары мен қорлары жатады.

Еңбек нарығының инфрақұрылымының құрамына еңбек биржалары, жұмыспен қамтамасыз ету қызметі мен кадрларды қайта дайындау, жұмыс күшінің миграциясын реттеу және т.б. кіреді.

Сонымен қатар нарықтың табысты қызмет етуі жарнамасыз, ақпаратсыз, бакылау және ревизия мекемелерінсіз мүмкін емес.

Жарнама – бұл тауар мен қызметтер туралы ақпараттарды оларға сұранысты көбейту мақсатымен тарату. (латын тілінен *reclamo*-айқайлаймын).

Ақпарат (латын тілінен *information*-түсіндіру) бұл нарықтың жағдайын талдау мен болжау үшін қолданылатын мағлұматтар.

Аукцион (латын тілінен *auction*-жұрт алдындағы сауда)-бұл тауарларды сатып алушылардың арасындағы жарыс жағдайында сату. Аукционның жеңушісі, тауарға деген құқыққа ие болушы болып ең жоғарғы баға ұсынған адамды атайды.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 20 беті

Жәрмеңке (неміс тілінен sahrmart-жыл сайынғы нарық)-бұл белгіленген уақытта белгілі бір орында мезгілімен қызмет ететін ұйымдастырылған нарық.

Биржа (латын тілінен Burs-кішкене қалта)-бұл стандартты көтерме сауда нарығы немесе валютаны, бағалы қағаздарды және жұмыс күштерін сату-сатып алу операциялар нарығы. Сауда затына байланысты тауар, қор биржалары және еңбек биржасы болып бөлінеді.

Тауар биржалары бұл материалдық, заттық объектілердің: шикізат, құрал, астық, металдардың ұйымдасқан нарығы.

Қор биржалары – бұл бағалы қағаз нарығы, әсіресе облигацияны белгілеген бағамен сату-сатып алу шарттары жасалатын нарық.

Еңбек биржасы – арнайы тауар ретінде жұмыс күшін сату және сатып алу процесін ұйымдастырумен маманданған. Олар жалданушы мен жалдаушының арасындағы делдал ретінде сипатталады. Олардың қызметтері: жұмыссыздар мен кәсіпорындағы бос жұмыс орындарын көрсету; жұмыссыздарға материалдық көмек көрсету, жұмысшылардың қайта дайындықтан өтуі мен біліктіліктерін жоғарылату.

5.5. Иллюстративті материал:

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

ә) көрнекі және дидактикалық құралдар: өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер, тест тапсырмалары, сөзжұмбақтар.

5.6. Әдебиет:

1. Экономикалық теория негіздері. Оқулық. Я. Әубәкіров, М.Есқалиев және т.б. Алматы, «Санат», 1.
2. Экономика здравоохранения: учебник / под ред. А. В. Решетникова. - 2-е изд., перераб. и доп. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГБОУ ВПО "Первый Мос. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 192 с
3. Общественное здоровье и здравоохранение, экономика здравоохранения. В 2 т. Т. 1 : учебник /. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 688 ил.
4. Основы маркетинга: учеб. для мед. училищ и колледжей / под ред. И. В. Липсица, М. Н. Дымшица ; М-во обр. и науки РФ. - ; Рек. ФГБОУ ВПО " Гос. ун-т управления". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 208 с. : ил.
5. Сыздыкова, К. Ш. Экономика и маркетинг в здравоохранении : учебное пособие / К. Ш. Сыздыкова, Ж. С. Тулебаев, Э. А. Актуреева. - Алматы : ИП "Ақнұр", 2015. - 274 с.
6. Экономика здравоохранения : учебник / под ред. А. В. Решетникова. - 2-е изд., перераб. и доп. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГБОУ ВПО "Первый Мос. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 192 с.
7. Основы маркетинга: учеб. для мед. училищ и колледжей / под ред. И. В. Липсица, М. Н. Дымшица ; М-во обр. и науки РФ. - ; Рек. ФГБОУ ВПО " Гос. ун-т управления". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 208 с. : ил.
8. Рахыпбеков, Т. К. Денсаулық сақтау саласындағы экономикалық талдау әдістері: оқу құралы / Т. К. Рахыпбеков. - Алматы : АҚНҰР, 2016. - 340 бет

5.7. Бақылау сұрақтары:

1. Нарық еңбек пен табысқа құқықтық кепіл бермейді; сонымен қатар нарықтық жүйе теңсіздікті туғызады.
2. Нарық тауарлар мен қызметтерді ұжымдасқан түрде ынта тудырмайды.
3. Нарық әлеуметтік қажетті тауарларды өндіруге емес, ақшасы бар елдердің сұранысын қанағаттандыруға бейімделген.
4. Толық жұмыспен қамтуды қамтамасыз етпейді.
5. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды ендіруді әлсіз ынталандырады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 21 беті

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

1. Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

Сабақты қорытындылау: 10 мин

1. Оқушыларды бағалау.
2. Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

Үйге тапсырма беру: 5 мин

№3- сабақ.

5.1. Тақырыбы: Бәсекелестік және монополия. Бизнес, әлеуметтік-экономикалық мән және кәсіпорын. Еңбекақы. Табыс, пайда.

Сағат саны: 90 мин

Сабақ түрі: теория

5.2. Мақсаты: Кәсіпкерліктің (бизнестің) түрлері мен нысандары. Кәсіпорындардың (фирмалардың) ұйымдық-құқықтық нысандары. Қазақстандағы кәсіпкерлікті дамытудың басым бағыттары.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

- а) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
- б) Сабақтың мақсаты мен міндетін таныстыру.

5.3. Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин

- а) Барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындауын тексеру;
- ә) Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;
- б) Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
- в) Оқушылардың білімдерін бағалау;
- г) Үй тапсырмасын қорытындылау.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин

5.4. Дәріс тезистері:

1. Нарықтың қалыптасуының объективті негіздері. Нарық субъектілері және объектілері.
2. Нарық мәні, қызметтері және құрылымы. Нарық инфрақұрылымы.
3. Бәсекенің мәні және түрлері.
4. Нарық жүйесінің ролін бағалау.

Нарықтық экономиканың негізгі ерекшелігі еркін таңдау: өндіруші үшін өндірілетін өнімді таңдау еркі, тұтынушыға тауарды алуда, жұмысшыға жұмыс орнын таңдау еркі айтылады. Бірақ, еркін таңдау экономикалық табысты өзінен-өзі қамтамасыз ете алмайды. Ал оны бәсекелестік күресте ғана жеңіп алады.

Бәсеке (латын тілінен concurred-қақтығысу) бұл нарықтық экономиканың қатысушыларының арасындағы тауарларды сатып алу және сату барысында, өндірістегі ең жақсы жағдайлары үшін бақталастық.

Нарықтық қатынастардың қатысушыларының өзара қалай бәсекелесуіне байланысты жетілген (еркін) және жетілмеген бәсеке нарығы деп бөлінеді.

Жетілген бәсеке дегеніміз нарықта бір-біріне тәуелсіз көптеген сатушылар мен сатып алушылар қызмет ететін және тең мүмкіндіктері мен құқықтары бар бәсекенің идеалды бейнесін айтады.

Жетілген бәсекенің негізгі белгісі: әрбір фирманың үлесі жалпы өнімге шаққанда аз болғандықтан, ешқайсысының бөлшек бағаға әсері өте төмен болады. Ұсыныс бағалары төменгі шекте теңеледі.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу	100 беттің 22 беті

Жетілген бәсеке толық түрде болмайды. Оған тек жуық шамада жақындауға болады. Еркін бәсеке деп XIX ғасырдың ортасында болған бәсекені шартты түрде айтуға болады.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап ФТП-ң әсерінен өндірісті шоғырландыру жүріп жатыр, ол ірі және аса ірі кәсіпорындардың, яғни монополияның құрылуына әкеп соқты.

Жетілмеген бәсеке деп еркін бәсекенің шарттарының кем дегенде біреуі орындалмайтын нарықты атайды. Жетілмеген бәсеке үш типке бөлінеді: монополиялық бәсеке, олигополия, таза монополия.

Монополиялық бәсеке кезінде нарықта сатушылар мен сатып алушылардың саны бірнешеу болады. Бірақ жаңа құбылыс пайда болады, өнімнің дифференциациясы, яғни өнімнің даярлығы оны басқа бәсекелестің ұқсас тауарларынан айырып тұратын қасиетінің болуы. Ондай қасиеттер: өнімнің жоғарғы сапасы, әдемі орам, сатудағы жақсы шарттар, дүкеннің жағымды орынға орналасуы, жоғары деңгейдегі сервис және т.б. болып табылады.

Осындай артықшылықтарға ие бола отырып, дифференциалданған өнімнің иесі белгілі бір деңгейде монополист болады және бағаға әсер ету мүмкіндігіне ие. Бірақ, әрбір сатушының сату көлемі жоғары болмағандықтан, бірде монополист фирмалар көп болады да, олардың әрбіреуі нарықтық бағаны шектеген түрде бақылай алады, бұл монополиялық бәсекенің ерекше белгісін көрсетеді.

Олигополиялық бәсеке дегеніміз бірнеше фирма үстемдік ететін нарық. Оған біртекті немесе әртүрлі өнімді сипаттама тән, ал басты белгісі баға лидердің принципі бойынша бекітіледі. Бұл принцип көптеген фирмалардың бағаны осы нарықтағы мықты фирманың бағасы сияқты қоюға ұмтылатынын білдіреді.

Таза монополия нарықта ешқандайсыз бәсекелестерсіз бір ғана сатушы болған кезде пайда болады. Оның ерекшелігі, сатушы өз бағасын өте кең шектікте ауыстыра алады, ал максималды жоғары баға тек көлем қабілеттік сұраныспен шектеледі. Кейбір жағдайда нарықта тек бір ғана сатып алушы болады. Ол **монопсония** деп аталады.

Монополияның рөлі экономикада екі жақты. Оның жақсы жағы монополиялық компаниялардың өнімдері жоғары сапасымен ерекшеленеді, ал ірі масштабты өндіріс шығындарды азайту мен ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік береді.

Жаман жағы монополия нарықта үстемдік етеді және монополиялық жоғары баға арқасында жоғары пайда ала отырып, өнімді шығаруды шектейді. Сонымен қатар, бәсеке жоқ жағдайда, монополия техникалық прогресс есебінен тиімділікті жоғарылату ынтасын жоғалтады.

Осыны ескере келе, мемлекет бәсекені қолдай отырып, монополизмге қарсы тұруға ұмтылады. Бұл үшін маңызды құрал болып антимонополиялық заңдар қолданады, яғни бәсеке мен монополияның арасындағы тепе-теңдікті мемлекеттік қолдау құралы болып табылатын заңдар пакеті қабылданады.

Антимонополиялық заңдар 1890 жылы АҚШ-та қабылданған. Қазіргі антимонополиялық заңдар екі бағытта жұмыс істейді: бағаны бақылау және компаниялардың қосылуын бақылайды.

Қазақстанда 1996 жылы "Бәсеке және сауда нарығындағы монополиялық қызметті шектеу туралы заң" қабылданды және антимонополиялық саясат бойынша мемлекеттік комитет құрылды.

Нарық жүйесінің ролін бағалау.

Нарық артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Оның артықшылықтары:

1. Ресурстарды тиімді бөлу мен пайдалану;
2. Өзгеретін жағдайларға тез бейімделу және икемді;
3. Шығындарды азайту және пайданы көбейту мақсатымен жаңа технологияны қолдану;
4. Шешім қабылдауда, келісім жасауда өндірушілер мен тұтынушылардың тәуелсіздігі;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 23 беті

5. Өртүрлі қажеттіліктерді керекті мөлшерде және жоғары сапамен қанағаттандыру қабілеті.

Нарықтың кемшіліктері:

1. Нарық еңбек пен табысқа құқықтық кепіл бермейді; сонымен қатар нарықтық жүйе теңсіздікті туғызады.

2. Нарық тауарлар мен қызметтерді ұжымдасқан түрде ынта тудырмайды.

3. Нарық әлеуметтік қажетті тауарларды өндіруге емес, ақшасы бар елдердің сұранысын қанағаттандыруға бейімделген.

4. Толық жұмыспен қамтуды қамтамасыз етпейді.

5. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды ендіруді әлсіз ынталандырады.

1. Кәсіпкерлік- осы инициативті шаруашылық қызметінің барлық қатысушылары пайда табу мақсатында өзіндік және басқа да мүліктер есебінен тәуекелге баратын іс-әрекет. Кәсіпкерлікті сипаттайтын негізгі белгілерге мыналар жатады: өз еркіндік, өзін өзі қаржыландыруы, инициативы, белсенді ізденіс, серпінділік (динамика), мобильдік(жұмылдыру)

Кәсіпкерлік – жалпыға бірдей ортақ қызмет түрі. Кәсіпкер болып жұмыс істеу қабілеті бар Қ.Р-ның кез келген азаматы бола алады. Кәсіпкерлік қызметтің негізгі басқа коммерциялық емес құрылымдардан ерекшелігі болып табыс пен шығын арасындағы айырмашылық ретінде пайда табу саналады. Кәсіпкерлік қызметке әсер ететін факторларға мыналар жатады:

1. өндіріс ресурстары

2. өндірісті қалыптастыру мен дамыту

3. кәсіпкерліктің өсімін нарыққа шығару тиімді коммерциялық байланыстарды қалыптастыру.

4. нәтижесінде пайда табу.

Кәсіпкерлік процесс ретінде негізгі мынадай 4 кезеңнен тұрады:

1. жаңа идеяны іздену мен бағалау – идея құндылығының өзектілігімен протенциалды зерттеу;

жана идея кәсіпкердің көз қарасы мен жеке сапаларына ықпал етуі. Кәсіпкердің жана өнімінің бәсекелестердің өнімімен салыстырғанда басымдылығын бағалау.

2. бизнес планды құрастыру – бизнес жоспар нарық сегментін сипаттайды: өндірістік, қаржылық, маркетингтік және басқа да жоспарлар жасайды.

3. қажетті рес-рды іздестіру: қаржылық, еңбек, өндірістік және басқа ресурстар көздерінің тиімділігін қарастыру.

4. қалыптастырылған кәсіпорынды басқару – бұл кезеңде басқару стилі құрылымды ұйымдастыру, жеңіске жету факторларын анықтау, кемшіліктерді анықтап олардың жою жолдарын қарастыру және бақылау.

Кәсіпкерлік өз бастауын ғасырлар тереңірек алып жатыр. Алайда рынок атрибуты ретінде ол капитализм дамуы кезеңінде айқын көріне бастады.

А.Смит кәсіпкерді коммерциялық идеяны жүзеге асыру және пайда алу үшін экономикалық тәуекелге баратын меншік иесі ретінде сипаттады.

Қазақстан заңында кәсіпкерлік азаматтар мен бірлестіктердің пайда алуға бағытталған және олардың тәуекел етуімен, сондай-ақ мүліклік жауапкершілігі негізінде жүзеге асыратын ынталы қызметі.

Барлық шаруашылық қызметін емес, тек тәуекелмен, ынтамен, іскерлікпен, дербестікпен, жауапкершілік және белсенді іздеумен байланысты шаруашылық қызметті кәсіпкерлік қызмет деп санауға болады. Олардың бәрі кәсіпкерліктің белгілері болып табылады,

Кәсіпкерлікте тұлға (субъект) және нысаны бөліп қарайды.

Кәсіпкерліктің тұлғалары (субъектілері) жеке тұлғалар, әр түрлі ассоциациялар (акционерлік қоғамдар, арендалық ұжым, кооперативтері және мемлекет бола алады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу	100 беттің 24 беті

Кәсіпкерлік нысандары (объектілері) шаруашылық қызметтің кез келген түрлері, коммерциялық делдалдық, сату-сатып алу, инновациялық, кеңес беру қызметтері, бағалы қағаздармен операциялар бола алады.

Қызмет мазмұнына қарай кәсіпкерлік мынадай түрлеріне бөлінеді:

Өндірістік кәсіпкерлік — тауарлар, қызметтер, ақпараттар, рухани құндылықтар өндіретін кәсіпкерлік, кәсіпкерліктің бұл түрінде өндіріс функциясы негізгі болып табылады

Коммерциялық кәсіпкерлік тауарлар мен қызметтерді қайта сату бойынша мәмілелер мен операциялар құрамына енеді және өнім өндірісімен байланыспайды. Кәсіпкер пайдасы тауарды сатып алу бағасынан жоғары бағаға сату арқылы жасалады. Егер бұл операциялар заң шегінде болады. алз.шсатарлық болып есептелмейді

Қаржылық кәсіпкерлік — коммерциялық кәсіпкерліктің бір түрі болып табылады, сату-сатып алудың объектісі валюта, бағалы қағаздар болып табылады.

Делдалдық кәсіпкерлік бір мәмілеге өзара мүдделі жактардың басын қосатын қызметте керінеді Бұндай қызметті көрсеткені үшін кәсіпкер табыс алады.

Сақтандыру кәсіпкерлік — кәсіпкер сақтандырған оқиға болған кезде ғана қайтарылатын сақтандыру жарнасын алып отыратын қаржы кәсіпкерлігінің ерекше формасы. Жариалардан қалған бөлігі кәсіпкерлік табысты құрайды.

Керіп отырғандай, кәсіпкерліктің барлық түрі табыс алуға бағытталған. Бірақ ол үшін шектеулі ресурстарды қарастырып пайдалануға үйрену керек.

Кәсіпкерлік түрлерін келесідей көрсетуге болады: Өнд-к, коммерциялық, қаржылық, делдалдық, сақтандырушылық

1. Өндірістік кәсіпкерлік – сауда ұйымдарының сатып алушыларға, тұтынушыларға сату үшін еңбек құралдарын, еңбек күштерін факторларға қолдана отырып тауарлар мен қызметтер өндіретін кәсіпкерлік қызметі.

2. Коммерциялық – тауарларды ақшалай, тауарлы айырбас операциялар мен байланысты кәсіпкерлік түрі. Кәсіпкер саудагер рөлінде болады.

3. қаржылық — бұл кәсіпкерлік ерекше формасы. Сатып алу, сату құралы ретінде: ақша, бағалы қағаздар, құнды қағаздар ретінде жүреді.

4. серіктестік кәсіпкерлік – тауарлы ақшалай операциясындағы тауарлы айырбас процесінде кәсіпкер тек серіктес ретінде ғана қызмет атқарады. Олар тауар тауарларды өндірмейді және сатпайды. Негізгі мақсаты: қызығушылық танытқан екі жақты байланыстырады.

5. сақтандырушылық – кәсіпкер қандай да бір төлем ақы көлемінде сақтандырушыға мүлікті жоғалту және нұқсан келтіру кезінде төлем ақыны (компенсация) кепіл етеді. (гарантирует).

Меншік қатысушылардың санына байланысты кәсіпкерлік келесідей формаларға бөлуге болады:

1. жеке (индивидуалды) заңды тұлға құрусыз кәсіпорын жеке кәсіпкерлікке жатқызылады. 2. ұжымдық (коллективтік) меншік иелері болып бір уақытта бірнеше субъектілер табылады. Яғни әр адам өзінің үлесін қосады, оларға: акционерлік қоғам кооперативтері. Серіктестік – екі немесе одан жда көп серіктестерінің құралымен құралады. Серіктестілік басымдылығы – қосымша капитал тарту мүмкіндігі және фирма ішінде бір неше серіктестердің білімдері мен ілімдеріне негізделе отырып мамандарды жүзеге арттыр

Серіктестіктің кемшілігі. Әр бір қатысушы тең материалды жауапкершілікті атқарады (салымына байланысты емес). Бір серіктестің әрекеті қалған барлығына міндетті болады.

Серіктестің келесідей топтары бар: толық серіктестік, коммандитті серіктестік

Коммандитті серіктестік – серіктестердің бір бөлігі шектелінбеген, ал екінші бір бөлігі шектелінген болады. Ол ЖШС бір түрі болып саналады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу	100 беттің 25 беті

Қоғам – келісім б-ша екі азаматтан кем емес немесе заңды тұлғ-рң бірігу мақс-нда жү.ас-тын шар. қызметі.

Жауапкершілігі шектеулі қоғ-ң қатысушылары міндеті б-ша жауап бермейді, салым салған көлеміне ғана жауап береді.

Қосымша жауапкершілігі бар- қоғам қатысушылары өздерінің барлық мүліктері бойынша жауапты. Бағалы қағаздар шығару жолымен қосымша қажетті құралдарды тартушы қоғам акционерлер болып табылады.

Акционерлік қоғамның қатысушылары қорларында бар акция көлемінде ғана жауапты.

Кооперативтер — пайлық салым негізінде өндірістік немесе басқа да шаруашылық қызметін біріге отырып құрылған топ немесе кәсіпорын. Басты мақсаты: бір біріне өзара көмек көрсету.

2. Ең алдымен «кәсіпкерлік» ұғымын анықтап алайық. Ағылшын тілінен тікелей аударылғанда «бизнес» сөзі «кәсіпкерлікті» білдіреді». Іші пысқандықтан Том Сойердің дуалды бояған кездегісі «жұмыс» болған. Ол ақшаға бояй бастағанда — бұл «кәсіпкерлік» болған. Егер осы ұғымды кең мәнінде анықтап қарасақ, онда кәсіпкерлік — заңды және жеке тұлғалардың (кәсіпорындар, ұйымдардың) жүзеге асыратын қызметі, табиғи игіліктерді алу (жер қойнауларынан өнімдерді алғашқы өндіру), тауарларды өндіру, ие болу және сатып алу немесе басқа тауарларға айырбастау үшін қызмет көрсету, қызметтер немесе мүдделес адамдардың өзара пайдасына ақша болып шығады.

Алан Хоскинг өзінің «Кәсіпкерлік курсы» оқулығында мұны былай түсіндіреді: «Егер бөлек адам тауарларды өзінің қолдануы мен тұтынуы үшін алса, өндірісе немесе сатып алса, қызмет көрсетсе, онда ол кәсіпкер болып табылмайды. Егер ол өзінің қолдануы мен тұтынуынан көбірек мөлшерде алса, өндірісе немесе сатып алса, қызмет көрсетсе, артығын ауыстырса және сатса, онда ол кәсіпкерлікті кәсіпкерлікті жүзеге асырады деп айтуға болады.

Алан Хоскинг көмегімен кәсіпкерліктің мазмұнын терең түсіну үшін: тауарлар және қызмет көрсету, айырбас секілді басқа негіз болатын ұғымдарға қысқаша сипаттама берейік. Тауарлар — айырбасқа арналған физикалық, материалдық заттар. Қызмет көрсету сезілмейді және көрінбейді. Қызмет көрсетуге: банк ісі, сақтандыру, көлік, туризм жатады. Оларға сонымен қатар қоғамдық қоректену және ойын-сауық саласы да жатады. Оларды тауарларды сату, мысалы жеткізу, орнату, (кір жуатын машиналар сияқты өнеркәсіп жабдықтарға немесе немесе электр тұрмыстық құралдарға) сатқаннан кейінгі қызмет ету. Қызметтердің басқа түрлері тауарларды өткеруге жағдай жасай алады: жарнама сатып алушыға оған қажетті ақпаратты мүмкіндік береді, несие беру еңбегіне ақы төлеуді жеңілдетеді.

Айырбас — негізгі ұғым. Онсыз (ішкі, дүниежүзілік және т.б.) базар жоқ. Кәсіпкерлік қызм-ң барл. түрлері айырбасты қамтиды. Өндіруші тауарды өндіреді де сатушыға оны сатады, онымен белгілі бір бағамен ауысады. Өз кезегінде, саудагер бұл тауарды сатып алушыға қандай да бір бағамен сатады, жұмысшы жалақыға жұмыс күшін алмастырады, акционер капиталды дивидендтерді айырбасқа салады, банкир пайыздарға айырбасқа ақшаны қарызға береді.

Экономикалық қызмет – айырбастың жалпы және кеңінен тараған түрі — тауарлар айырбасы немесе ақша арқылы қызмет көрсету. Тауарлар немесе қызмет көрсету басқа тауарларға немесе қызметтерге алмастырылады, айырбастың мұндай түрі бартер деп аталады.

Бизнестің функциялары .

Негізінде, кәсіпкерлік төмендегідей функцияларды болжалдайды:

Қаржы мен есепке алуды жүргізу. Инвесторлар немесе несие берушілердің қаражаты есебінен капиталды жұмылдыру. Сатудан табыстарды қорландыру. Капиталды кәсіпкерлік аясында, оның сыртында қолдануды басқару.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 26 беті

Кадрлық. Кәсіпкерлік қажеттіліктеріне сәйкес іріктеу және жұмысқа қабылдау, қызметкерлерді қолдануға қатысты барлық сұрақтарды шешу.

Материалдық — техникалық қамтамасыз ету. Шаруашылық қызметке қажетті шикізат, машиналарды және жабдықтарды сатып алу.

Өндірістік. Шикізат пен басқа жеткізілімдерді кәсіпорынның клиенттеріне сатуға жарамды өнім түріне айналдыру.

Маркетинг. Тұтынушылардың мұқтаждықтарын анықтау және кәсіпорын және оның контрагенттері арасындағы айырбас процесін басқару.

Кәсіпкерлікті қолдау — бастама және басқару тәжірибесі арқылы кәсіпкерлік ойларын тарату.

Ғылыми — зерттеу, яғни жаңа технологиялық процестерді немесе кәсіпкерлікті жақсартуға, жаңа өнім нарығының тиімділігін артыруға, өткеруді кеңейтуге арналған жаңа өнімді іске асыру жөніндегі қызмет.

Жұртшылықпен байланыс («паблик рилейшнз») — бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кәсіпорын мен қоғамдық құрылымдар арасындағы қатынастарды жүзеге асыру және басқару¹³.

Әлбетте, ең алдымен: «Өз ісімді жүргізуіме қажеттінің бәріне иемін бе?» деген сауалға жауап беру керек. Ал өз кәсіпорныңызда бас қызметші болып табылатындығыңыздан сіз өзіңіздің оң және теріс сапаларыңызды объективті түрде бағалауыңыз қажет, бұл туралы жоғарыда сөз еттік.

3. Кәсіпкерлік шаруашылық қызметтің барлық түріне дерлік тән: өндірістік, шаруашылық, коммерциалық, саудалық сатып алу, делдалдық, инвестициялық кеңестік, қызмет көрсету және қаржылық.

Кәсіпорын жұмыс істейтін жұмысшылар саны мен жарғылық қордың көлеміне байланысты кәсіпкерлік 4 түрге бөлінеді: шағын, орта, ірі, аса ірі кәсіпкерлік (компаниялар)

Меншік формасына байланысты: жеке меншік, аралас меншік

Кәсіпкерлік ұйымдық – құқықтық формасына байланысты: серіктестік, акционерлік қоғам, кооперативтер

Экономиканың дамуы мен өсуі тек шағын кәсіпкерлікке негзделмейді. Бүгінгі күнде мемлекеттік экономиканың алдында тұрған негізгі мақсат. шағын кәсіпкерлікті ірілендіруі, яғни мемлекеттік экономиканың оның ішінде бизнестік өркендеуі. Ірі кәсіпорынды шағын кәсіпкершілікпен салыстырғанда олардың бір қатар артықшылықтары бар.

1. жаңа, қымбат бағалы жоғары өнімділікті жабдықты пайдалануға мүмкіндігі бар;
2. ірі кәсіпорындар толық маркетингтік зерттеулер жүргізуге мүмкіндіктері бар.
3. персоналдардың біліктілік деңгейін арттыруға
4. жабдықтың толық қуатын пайдалануға мүмкіндігі бар.

Ірі кәсіпкерліктер тек ұлттық экономикада ғана емес сыртқы нарықта да өндіріс және қызмет көрсету бойынша бәсекеге түсе алады. Ол мемлекеттік жалпы экономикалық жағдайын және өзінің бизнесін, пайдасын арттырады. Қ.Р – да шағын және ірі кәсіпкерлік қызметтің реттейтін бір қатар заңдар қабылданған, оларда негізгі мынадай сұрақтар қарастырылған:

1. еркін шаруашылық қызмет
2. жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау
3. шаруашылық серіктестіктерді дамыту акционерлік, өндірістік кооперативтерді, мемлекеттік кәсіпорындарды, жеке кәсіпкерліктерді, шаруа қожалықтарын, әлеуметтік – экономикалық заңдарды дамыту.
4. заңды тұлғалар мен азаматтардың құқықтарын қорғау

Еңбекақының экономикалық мәні.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 27 беті

Еңбекақы жөніндегі саясат кәсіпорында басқарудың құрамды бөлігі болып табылады және оның қызметінің (тиімділігі оған елеулі ықпал етеді. Себебі, еңбекақы жұмыс күшін тиімді пайдаланудағы ынталандырудың маңыздысының бірі. Міне, сондықтан да, мұны еш уақытта да естен шығаруға болмайды.

Еңбекақы бұл — мемлекет белгіленген нормаларға сәйкес түпкі нәтижелеріне, санына және сапасына байланысты еңбектері үшін жұмысшылар мен қызметкерлерге кәсіпорындар, мекемелер және ұйымдар төлейтін ақшалай төлем. Қалыпты жағдайда еңбекақы қажетті өнімнің құнына, тең және және оның ақшалай түрі болып табылады. Былайша айтуға болады — еңбекақы кәсіпорын қызметкерлерінің жалақысына баратын өнім өндіруге және сатуға кеткен шығындардың бір бөлігі.

Батыстың экономикасы дамыған елдерде бұл ұғым «еңбекақы» және «ақшалай сыйақы» түрінде болады. Әдетте еңбекақы қызметкерлердің дене еңбегін, ал ақшалай сыйақы ой еңбегін марапаттауға арналған. Бұл екі фактор әлеуметтік жағынан қарағанда, бір-біріне өте жақын ұғым, бірақ олардың өзгешелігі де бар. Жалақы қысқа мерзімді шектеулі (1 күн, 1 ай) болады және оның деңгейі кәсіпорын немесе жұмыс берушінің өзара келісімдерінде анықталады.

Ал ақшалай сыйақы болса, оның төлемдері едәуір ұзақ мерзім ішінде жүзеге асады, мөлшері жеке келіссөздер арқылы белгіленеді.

Еңбекақы төлеудің негізінде еңбекақы төлеудің шекті өнімділігімен шектелінетін, өндіріс факторы ретіндегі еңбектің құны жатыр. Шекті өнімділік теориясына сәйкес қызметкер еңбекақының орнын толтыратын өнім өндіруге міндетті, олай болса еңбекақы қызметкердің еңбек тиімділігіне тәуелді. Әлеуметтік-экономикалық категория бойынша еңбекақының маңызын қызметкерлер мен жұмыс берушілер үшін қарастыру қажет.

Қызметкер үшін еңбекақы оның жеке табысының негізгі және басты бөлігі болып табылады, сонымен қатар еңбекақы қызметкерлердің және оның жанұя мүшесінде адамдардың әлауқат деңгейін жоғарылататын құрал болып саналады.

Осыдан еңбекақының ынталандырушы ролі алынатын сыйақының көлемін көбейту үшін еңбек нәтижесін, жақсартудан тұрады.

Жұмыс беруші үшін еңбекақы өндіріс шығындары болып, саналады. Жұмыс беруші әсіресе бұйымның бірлігіне кететін шығындарды барынша азайтуға тырысады.

Еңбекақы кәсіпорын қызметкерлері үшін маңызды ынта және еңбек төлемінің нышаны болып табылғандықтан ұдайы өндірістік және уәждемелік қызмет атқарады.

Еңбек нарығында бірнеше ерекшеліктер болады. Осында құратын элементтерге жұмысшы күшін иемденетін адамдар жатады. Бұларға психофизиологиялық, әлеуметтік, мәдени, діни, саяси және т.б. адамдық қасиеттер тән болады. Осы ерекшеліктер адамдардың мүдделеріне, мотивацияларына, еңбекке белсенділік дәрежесіне елеулі әсер етеді және еңбек нарығына, оның болмысына ықпал етеді. Өндірістік ресурстардың барлық түрлерінен еңбектің басты айырмашылығы еңбек адамның тіршілік әрекеттерінің формасы, оның өмірлік мақсаттары мен мүдделерін жүзеге асыру формасы. Еңбектің бағасы-ресурс бағасының жабайы бір түрі ғана емес, ол тіршілік дәрежесінің, әлеуметтік мәртебенің, жұмыскердің, және оның отбасының аман-есендігінің бағасы, құны болып табылады. Сондықтан еңбек нарығы категориясын зерттеп талдағанда «адамгершілік» элементтер барын, олардың көлеңкесінде жанды жаны бар адамдар бар екенін естен шығармау қажет.

Еңбек нарығы-бұл тауар болып табылатын еңбек ресурстарының нарығы бұлардың тепе-теңдік бағасы мен саны, оларға сұраныс пен ұсыныстың бір-біріне етуімен белгіленеді. Кәсіпкерлер мен еңбекке қабілетті адамдар нарықтың агенттері,-еңбек нарығында өзара қатнаста болады. Сондықтан еңбек нарығы сұраныс пен ұсыныс механизмі арқылы

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы			044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу			100 беттің 28 беті

экономикалық агенттердің арасындағы бәсекелестіктің нәтижесінде жұмыспен қамтудың белгілі көлемі және еңбек төлемі дәрежесі орнайтын экономикалық орта немесе болмыс болып табылады. Еңбек нарығының қызметтері қоғам өміріндегі еңбектің рөлімен белгіленеді, еңбек табыстың және жақсы хал-жағдайдың өте маңызды өндірістік ресурс болып табылады. Осыған сәйкес еңбек нарығы басты екі қызмет атқарады. Әлуметтік функцияға адамдардың табыстары мен жақсы тұрмыс халының әдеттегідей дәрежесінің қамтамасыз етілуі және жұмыскерлердің өндірістік қабілетінің тиісті дәрежеде ұдайы өндіруінің қамтамасыз етілуі жатады. Еңбек нарығының экономикалық функциясына еңбекке рационалды тарту, оны бөлу, реттеу және пайдалану жатады. Еңбек нарығы бірсыпыра ынталандыру функцияларын атқарады, олар бәсекелестік қабілеттің күшеюіне, тиімділігі жоғары еңбекке ынтаның өсуіне, квалификацияның жоғарлауына, еңбекке ынтаның өсуіне квалификацияның жоғарлауына, мамандықты ауыстыруға т.б. мүмкіндік тудырады. Бәсекелік еңбек нарығының классикалық үлгісінің негізін мынадай принциптер құрайды: фирмалардың ынталарын бейнелейтін және еңбекке сұраныс жасайтын жұмыс берушілердің көп болуы жұмысшы күшіне иелік ететін және оның ұсынысын жасайтын жұмыскерлердің көп болуы. Еңбек нарығында субъектердің тәртібі рационалды болады, олардың мүдделеріне жетуді және пайда табуды көздегенімен білгіленеді. Олар үшін еңбек нарығында еркін әрекет жасауына елеулі кедергілер болмайды. Жұмыс берушілер ұсынатын жұмыс орындары және жұмыскерлер ұсынатын жұмысшы күші біркелкі болады. Жұмыспен қамтудың саны мен көлемі жұмыскерлер санымен өлшенеді. Икемді нарықтық механизмі баға арқылы жүзеге асырылатын еңбек нарығы, жетілген бәсекелік нарығы болып сипатталады. Осындай нарықта жекелеген жұмыс берушілер, жекелеген жұмыскерлер жалпы нарықтық ситуацияға әсер ете алмайды: жалақының тепе-теңдік ставкалары жекелеген фирмалардың немесе жұмыскерлер топтарының әрекеттеріне тәуелді болмайды, олар жалпы конъюнктурамен, яғни нарықтық процестің барлық мүшелерінің жалпы өзара әсерлерімен белгіленеді.

Еңбек нарығы — бұл бәсекелік нарық. Оның құрылымдық-функционалдық ұйымдастырылуының өте күрделі болғандығынан, қашан болмасын, жұмыс орындары мен еңбек ресурстарының арасында белгілі сәйкес келмеушілік болады. Өзін алмастыруға жоғары квалификация талап ететін, жұмыс орындарының бір бөлшегі бос болып қала береді, ал қажетті арнаулы дайындығы жоқ адамдардың бір бөлшегі жұмыс таба алмайды. Осындай жағдайда, жұмыстың қандайын болмасын табу үшін жұмыссыздар арасында бәсекелестік пайда болады. Осымен бірге, өз еңбегімен жоғары табыс табуды көздеп ұнамды орналасу үшін, жоғары квалификациялы жұмыскерлер мен мамандар да бір-бірімен бәсекелік сайыста болады. Кәсіпкерлер арасында фирмаға бай тәжірибелі және жоғары квалификациялы мамандарды тарту үшін бәсекелік күрес жүріп отырады. Еңбек нарығында еңбек ақы, баға механизмі арқылы белгілі сегмент шеңберінде жұмысшы күшіне сұраныс пен ұсынысты қалыптастыратын, экономикалық агенттердің қимылдарын үйлестіруге қызмет ететін бәсекелік орын алады. Еңбек нарығы — бұл өте икемді құрылымдық-функционалдық құрамы бар динамикалық нарық. Сондықтан еңбек нарығында белгілі ағымдар қалыптасады: жұмысшы күші құрамынан шығушылар, жұмысшы күші құрамына кірушілер; жұмыс іздеуден бас тартқандар; жұмыс іздеуді бітіргендер; жұмыс тапқандар және т.б. Осы адамдардың бейімділігі қоғамдағы жұмысшы күшінің нарықтық динамикасын сипаттайды.

Пайда— тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатудан түскен табыстың осы тауарларды өндіру мен сатуға немесе қызмет көрсетуге жұмсалған шығыннан асып түсуі. Пайда — кәсіпорын мен кәсіпкерлердің шаруашылық қызметі қаржылық нәтижелерінің аса маңызды көрсеткіштерінің бірі. Ол шаруашылық қызметтің өнімін сатудан түскен ақшалай түсім мен өндіріс факторларының осы қызметке ақшалай жұмсалған шығындарының сомасы. Пайданың

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 29 беті

алынуын немесе оның алынбауын екі нәрсе алдын-ала айқындайды, олар: өнімді өндіру мен өткізуге (жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге) жұмсалған жалпы шығын және негізгі қызметтен тыс жұмсалған шығын. Әдетте, табыс негізгі қызметтен алынған табыс пен негізгі қызметтен тыс қызмет түрінен алынған табыс болып бөлінеді. Кәсіпорынның негізгі қызметінен алынған табыс өнімді өткізуден (жұмыстарды орындаудан, қызмет көрсетуден) түскен табыстарды, сыйақыны, дивидендті, роялтиді, жалгерлік ақыдан түскен табыстарды, т.б. қамтиды. Негізгі қызметке жатпайтын қызметтен алынған табыстарда, мысалы, негізгі құрал-жабдықты сатудан алынған табыс, бағалы қағаздарды қайта бағалаудан немесе ұзақ мерзімді активтердың баланстық құнын көбейтуден алынған табыс, т.б. қамтылады. Шығыстар (шығындар) – активтердің немесе олардың құнының азаюы не меншікті капиталды азайтатын, оны меншік иелері арасында бөлісумен байланысты емес міндеттемелердің көбеюі нысанында есепті кезең ішінде экономикалық тиімділіктердің азаюы. Шығыстар негізгі қызмет пен негізгі емес қызмет үдерісінде пайда болған шығыстарға бөлінеді. Негізгі қызмет шығыстары өнімнің (орындалатын жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) өзіндік құнын қамтиды, ал негізгі қызметке жатпайтын қызмет шығыстарына, мысалы, негізгі құрал-жабдықты өткізу нәтижесінде пайда болған шығасы, төтенше жағдайдан келтірілген залалдар, т.б. жатады. Пайда бірқатар түрлерге бөлінеді: жалпы (баланстық) Пайда деп аталатын толық Пайда, ол өнімді өткізуден, жұмыстарды орындаудан, қызмет көрсетуден, өткізуден тыс операциялардан алынған Пайданы (алынған және төленген айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыптары арасындағы айырма, жалға берілген мүліктен төленетін жалгерлік ақы, т.б.) және салықтар мен аударымдар төлегеннен кейін қалған таза Пайданы қамтиды.

Бухгалтерлік Пайда сатудан алынған табыс пен бухгалтерлік шығындар арасындағы айырма ретінде есептеледі. Экономикалық Пайдада баламалы шығындар ескеріледі. Әдетте, экономикалық Пайда бухгалтерлік Пайдадан кәсіпорынның өзіндік құнда ескерілмеген, кейде айырылып қалған мүмкіндіктерді қамтитын өтелмеген меншікті шығындарының шамасынан кем болып келеді. Пайда кәсіпкерлік қызметтің экономиканы ілгері бастырушы, ұдайы дамытушы ретінде ұдайы әрекет ететін уәждемесі болып табылады. Пайда алу мақсатымен кәсіпкер өндірісті шығынды азайтатындай, ресурстарды тиімді пайдаланатындай етіп ұйымдастырады, осыған орай ол өндіріс пен еңбекті ұйымдастырудың жетілдірілген нысандарын, өнімділігі жоғары техниканы, прогресті технологияны енгізеді. Пайда ресурстарды тартудың баламалы тәсілдері арасында олардың тиімді бөлінуіне септігін тигізетін тұтқаға айналады. Пайда алушы кәсіпкердің өзінің Пайдасын инвестиция ретінде жұмсауға мүмкіндігі болады. Қазақстанда экономикалық реформа қағидаттарының ойдағыдай енгізілуі арқасында кәсіпорындар жұмысының нәтижелілігі үздіксіз арта түсуде. Мәселен, Қазақстан Республикасында кәсіпорындар мен шаруашылық ұйымдардың табысы 1999 ж. 101508 млн. теңгеден 2002 ж. 512044 млн. теңгеге көбейді. Табыстылық, әсіресе, өнеркәсіпте арта түсіп отыр, мұнда салық салынбай тұрғандағы жиынтық табыс тиісінше 89568 млн. және 401087 млн. теңгені құрады. 2002 ж. республикада барлық кәсіпорындар мен шаруашылық ұйымдардың жиынтық Пайдасының 86,1%-ы жекеше сектордың үлесіне тиді.

Пайданы бөлу тәсілі кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысандарына қарай ажыратылады. Мысалы, акционерлік қоғамның Пайдасын пайдалану жалпы жиналыстың айрықша құзырында. Акционерлік қоғамның нақ осы жалпы жиналысы есепті қаржы жылындағы Пайданы бөлу тәртібін бекітеді, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдайды, қоғамның бір жай акциясына шаққанда жыл қорытындысы бойынша төленетін дивидендтің мөлшерін бекітеді. Қоғам Пайдасының бір бөлігі ғана дивидендтер түрінде бөлінеді, әдетте, оның бір бөлігі қорлануға (сақтық капиталдың толықтырылуы үшін және өндірісті ұлғайтуға), басқа да әлеуметтік мақсаттарға жұмсалады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 30 беті

5.5. Иллюстративті материал:

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

ә) көрнекі және дидактикалық құралдар: өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер, тест тапсырмалары, сөзжұмбақтар.

5.6. Әдебиет:

1. Экономикалық теория негіздері. Оқулық. Я. Әубәкіров, М. Есқалиев және т.б. Алматы, «Санат», 1.
2. Экономика здравоохранения: учебник / под ред. А. В. Решетникова. - 2-е изд., перераб. и доп. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГБОУ ВПО "Первый Мос. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 192 с
3. Общественное здоровье и здравоохранение, экономика здравоохранения. В 2 т. Т. 1 : учебник /. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 688 ил.
4. Основы маркетинга: учеб. для мед. училищ и колледжей / под ред. И. В. Липсица, М. Н. Дымшица ; М-во обр. и науки РФ. - ; Рек. ФГБОУ ВПО " Гос. ун-т управления". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 208 с. : ил.
5. Сыздыкова, К. Ш. Экономика и маркетинг в здравоохранении : учебное пособие / К. Ш. Сыздыкова, Ж. С. Тулебаев, Э. А. Актуреева. - Алматы : ИП "Ақнұр", 2015. - 274 с.
6. Экономика здравоохранения : учебник / под ред. А. В. Решетникова. - 2-е изд., перераб. и доп. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГБОУ ВПО "Первый Мос. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 192 с.
7. Основы маркетинга: учеб. для мед. училищ и колледжей / под ред. И. В. Липсица, М. Н. Дымшица ; М-во обр. и науки РФ. - ; Рек. ФГБОУ ВПО " Гос. ун-т управления". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 208 с. : ил.
8. Рахыпбеков, Т. К. Денсаулық сақтау саласындағы экономикалық талдау әдістері: оқу құралы / Т. К. Рахыпбеков. - Алматы : АҚНҰР, 2016. - 340 бет

5.7. Бақылау сұрақтары:

1. Шығындар туралы жалпы түсінік. Шығындардың негізгі түрлері.
2. Ресурстар нарығындағы бағаның қалыптасуының ерекшеліктері.
3. Еңбек өндіріс факторы ретінде. Жалақының мәні және нысандары.
4. Бухгалтерлік пайда
5. Экономикалық пайда
6. Қалыпты пайда
7. Пайда нормасы

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

1. Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

Сабақты қорытындылау: 10 мин

1. Оқушыларды бағалау.
2. Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

Үйге тапсырма беру: 5 мин

№4- сабақ.

5.1. Тақырыбы: Ұлттық шаруашылық экономиканың өсу қарқыны. Бүкіл әлемдік экономика және әлемдік нарық

Сағат саны: 90 мин

Сабақ түрі: теория

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 31 беті

5.2. Мақсаты: Макроэкономиканың мәні. «Жалпы ұлттық өнім» (ЖҰӨ), «жалпы ішкі өнім» (ЖІӨ)- негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер.

Ұйымдастыру кезеңі :5 мин

- Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
- Сабақтың мақсаты мен міндетін таныстыру.

5.3. Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин

- Барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындауын тексеру;
- Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;
- Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
- Оқушылардың білімдерін бағалау;
- Үй тапсырмасын қорытындылау.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин

5.4. Дәріс тезистері:

- Ұлттық экономика түсінігі, оның құрылымы және мақсаттары.
- Қоғамдық өндірістің нәтижелері және оның жалпы ұлттық өнім көрсеткішінде (ЖҰӨ) көрінісі.
- Макроэкономикалық көрсеткіштер: таза ұлттық өнім, ұлттық табыс, жеке табыс.
- Ұлттық байлық.
- Халықаралық еңбек бөлінісі – дүниежүзілік шаруашылықтың қалыптасуының негізі ретінде.
- Әлемдік мәселелердің экономикалық жақтары.

7.Дәстүрлі экономикалық жүйе.

- Халықты әлеуметтік қорғау саясаты.

Ақпаратты – дидактикалық бөлім.

Ұлттық экономика құрылымын қарастыруды қоғамдық өндіріс құрылымы түсінігін анықтаудан бастаған жөн. Қоғамдық өндіріс құрылымы деп отырғанымыз, сол мерзімде экономикада әр қилы факторлар ықпалымен, қоғамдық еңбек бөлінісі мен қоғамдық ұдайы өндіріс пропорцияларын сипаттайтын салалардың арақатынасы.

Ұлттық экономика бірнеше ірі өрістерден тұрады: материалдық, материалдық емес өндіріс, өндірістік емес өріс.

Ұлттық экономиканың негізгі құрылымдық бөлігі материалдық өндіріс, онда өмірге және қоғамның дамуына қажетті өндіріс құрал-жабдықтары мен тұтыну заттары өндіріледі. Материалдық өндіріске өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс, көлік, байланыс және т. б. жатады.

Материалдық өндіріс кәсіпорындарын екі бөлікке бөледі :

- өндіріс құрал-жабдықтар өндірісі;
- тұтыну заттар өндірісі.

Материалдық емес өндіріске ғылыми білім және ақпарат, өнер туындылары (кинофильмдер, кітаптар, спектакльдер), халыққа көрсетілетін қызметтер жатады. Материалдық емес өндіріс келесі өрістерді қамтиды: ғылым, өнер және мәдениет, білім беру, денсаулық сақтау және т.б.

Өндірістік емес өріс игіліктерді өндірумен айналыспайды, бірақ қоғам үшін қажетті. Ол ел қорғанысын, сот және заң ұйымдарын, діни және әртүрлі қоғамдық ұйымдарды қамтиды.

Әр ұлттық экономика келесі негізгі мақсаттарға жетуге ұмтылады:

Ұлттық өндіріс көлемінің тұрақты жоғары қарқында өсуі.

Баға тұрақтылығы. Ұзақ мерзім уақытында бағаның өзгермеуі жалпы ұлттық өнімнің өсу қарқынын баяулататынын ескеру қажет. Бағаның төмендігі тұтынушы үшін жақсы, бірақ

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 32 беті

өндірушінің ынтасын жоғалтады. Бағаның жоғары болуы өндірісті ынталандырады, бірақ халықтың сатып алу қабілетін төмендетеді. Сондықтан, практикада баға тұрақтылығын қамтамасыз ету оның ұзақ мерзім уақытқа «мұздатылуы» емес, бағаның реттелген өсуі.

Жоғары деңгейдегі жұмыспен қамту. Бұл жағдайда егер қоғам жұмысшылардың тиімді санын жұмыспен қамтамасыз еткен жағдайда жетуге болады. Бірақ толық жұмыспен қамту жұмысқа қабілеті бар халықтың бәрін қамтиды емес, кез-келген мемлекетте қазіргі кезде уақытша жұмыс істемейтін адамдардың тобы бар, мысалы, жұмыс орнын немесе тұрғын орнын ауыстыруға байланысты (фрикциондық жұмыссыздық). Сонымен қатар, әруақытта құрылымдық жұмыссыздық бар. Жаңа жұмыс орындарының құрылымы бар жұмыс күшінің құрылымына сәйкес келмеуінен пайда болатын жұмыссыздық нысанасы болып табылады. Фрикциондық және құрылымдық жұмыссыздық қосындысы жұмыссыздықтың табиғи деңгейі деп аталады.

Сыртқы сауда балансын қамтамасыз ету. Оның мазмұны экспорт пен импорттың арасында теңдікке жету, ұлттық валютаның басқа елдер валютасына тұрақты алмастыру бағамын қамтамасыз ету.

Қоғамдық ұдайы өндірістің пропорциялары өндірістің әр қилы элементтері мен бөліктерінен қалыптасқан арақатынасы және ұдайы өндірістік процестің жеке фазаларының, факторларының, салаларының т.б. арасындағы өзара байланыс пен өзара тәуелділікті сипаттайды.

Экономикалық процестердің арасындағы байланыс белгілі бір сандық пропорциялар арқылы көрсетуге қарай былайша бөлінеді:

Жалпы экономикалық қоғамдық ұдайы өндірістің макроқұрылымының элементтерінің арасындағы сандық арақатынас (мысалы, тұтыну мен қор жинау, жалпы ұлттық өнім мен ұлттық табыс, өндіріс құрал-жабдықтары мен тұтыну заттары өндірісі, т. б. арасындағы);

Салааралыққа-қоғамдық өндірістің әр қилы салаларының сандық арақатынасы (мысалы, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы, материалдық пен материалдық емес, т. б. арасында);

Ішкі салааралыққа-сала мен өндіріс ішіндегі сандық арақатынасы (мысалы, шойын мен болат, мақта-мата өндірісі, т. б.);

Мемлекетаралыққа – ұлттық шаруашылықтар мен әр қилы елдердің жекелеген өндіріс салаларының сандық арақатынасы.

Шаруашылық қызметтің негізгі жалпылаушы көрсеткіші бір жылдық қоғамдық өнім болып табылады. Оны бірнеше анықтауыштар көмегімен көрсетеді: жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ), ұлттық табыс (ҰТ), таза ұлттық өнім (ТҰӨ), жалпы ішкі өнім (ЖІӨ).

Жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ) – белгілі бір уақытта елдің ішкі ресурстарын қолданумен өндірілген тауарлар мен қызметтердің нарықтық құны. Өндіріс факторлары осы елдің резиденттеріне тиесілі болуы мүмкін және тек қана өз территориясында емес, шетелде де болады.

Ұлттық табыс – бұл жылдың ішінде жаңа жасалған құны бар өндіріс нәтижесі. Ол ЖҰӨ мен жылдық ішінде оны құруға кеткен материалдық шығындар (амортизация, шикізат, материалдар және т. б.) арасындағы айырмашылық. Шетелдік статистикада оны барлық табыстар сомасы ретінде анықтайды:

1. жалақы, яғни жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбегіне ақы;
2. пайда, яғни жеке шаруашылық, серіктестіктер, кооперативтер, корпорациялар иелері алатын табыс;
3. рента, яғни жерді, ғимараттарды, үйлерді арендаға бергенде үй шаруашылығының алатын табысы;
4. процент, яғни орта капиталына (несие, банкке салым және т.б.) төлем.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-285	
Әдістемелік өңдеу	100 беттің 33 беті	

Таза ұлттық өнім жалақы, пайда, рента, процент және жанама салықтар сомасы сияқты есептелінеді.

Таза ұлттық өнім – бұл ұлттық табыс плюс жанама салықтар, олар ұлттық табысты нарықтық баға бойынша анықтау үшін қосылады.

Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) – фирманың ұлттық құрылымында болуына байланыссыз, сол мемлекеттің территориясында орналасқан қызмет өрісінің және материалдық өндіріс саласының өндірген соңғы тауарлар мен қызметтердің жиынтық құны. ЖІӨ - нің құрамына тек елдің ішінде өзінің меншік өндіріс факторларын қолдану арқылы өндірген қызметтер мен өнімдер жатады. ЖҰӨ мен ЖІӨ арасында белгілі бір айырмашылықтар бар. Мысалы, егер Қазақстанның мұнайы Венгрияда қолданылса, онда бұл мұнайдың құны Венгрияның ЖІӨ -не кірмейді. ЖІӨ -ге халықаралық операциялардан түскен түсімдер кірмегендіктен, ол әр түрлі елдердің экономикалық даму деңгейін салыстыру үшін қолданылады.

Халықтың өмірлік деңгейін сипаттау үшін үш көрсеткіш қолданылады: жеке табыс, қолда бар табыс, таза экономикалық тұрмыс.

Жеке табыс – бұл салықты төлегенге дейінгі жеке тұлғалар мен жанұялардың алатын барлық табысы. Оған алынған табыс плюс жанұялар мен жеке тұлғалардың мемлекеттен алынатын зейнетақы, стипендия, жұмыссыздыққа жәрдемақы және т. б. трансферттік төлемдер кіреді.

Қолда бар табыс – бұл салықты төлегеннен кейін қалатын табыс.

ЖҰӨ мен экономикалық тұрмыс арасында тікелей байланыс бар: ЖҰӨ көп болған сайын, экономикалық тұрмыс жоғары. Бірақ ЖҰӨ тұрмысқа әсер ететін барлық компоненттерді ескермейді. Сондықтан П.Самуэльсон таза экономикалық тұрмысты (ТЭТ) есептеуді ұсынды.

ТЭТ – бұл көрсеткіш қоғамның экономикалық тұрмысын тек бар табыс емес, сонымен бірге өмірлік сапасын есепке алып өлшейді.

Бұр көрсеткішті есептеу әдістемесі: ЖҰӨ - нен қоршаған ортаны ластау, криминалдық жағдаймен және т.б. келтірілетін зиян алып тасталынады. Сонымен қатар, өзіне-өзі қызмет етуден түскен табыс, бос уақыттағы рахаттылық, қоғамдық орындармен қамтамасыз ету және т.б. қосылады. Барлық осы факторлар өмірлік сапаны жақсартады немесе төмендетеді, бірақ ЖҰӨ-де есептелмейді. Мысалы, жылу орталықтарынан ауаның ластануы, көшелердің түтіндеуі, тұрмысты жақсартпайды, керісінше, өз бетінше жүргізілген жеке сабақтар, саябақтар, үйлер жанындағы жұмыстар, пәтерді жөндеу өмірлік сапаның өсуіне мүмкіндік туғызады, бірақ ЖҰӨ-де есептелінбейді.

ЖҰӨ-ді есептеудің екі әдісі бар:

-елдегі жасалған өнімге шығындар сапасы бойынша («шығындар ағымы»);

-өнімді өндіру нәтижесінде алынған табыстар сапасы бойынша (табыстар ағымы).

Бірінші әдіске келсек, «шығындар ағымы». Оны қолдана отырып, барлық шығындарды қоссақ, біз ЖҰӨ көлемін аламыз.

Шығындар мыналардан тұрады:

-тауар және қызметтерді (нан, киім, көлік және т.б.) сатып алуға үй шаруашылығының кеткен шығындары;

-станок, ғимарат, үй құрылысы, т.б. алу үшін инвестициялар;

-мемлекеттің тауар және қызметті (мектептер, ауруханалар, электрокуаттар және т.б.) және трансферттік төлемдерге (зейнетақы, жәрдемақы, стипендия және т.б. төлеуге) кететін шығындары;

-таза экспортты, яғни экспорт пен импорт көлемінің арасындағы айырмашылық.

Ұлттық өндіріс көлеміне тек сол елдегі өндірілгендер кіргендіктен, басқа елдердің шығындарын алып тастау керек. Мысалы, Жапонияда автомобиль өндірісі және оны АҚШ-қа

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 34 беті

әкеледі және сатады. Бұл жағдайда автомобильді өндірумен байланысты шығындар Жапонияның шығындарына жатады, ал жеткізу және сату шығындары АҚШ шығындарына жатады.

Екінші әдіске келсек – «табыстар ағымы». Оны қолдана отырып, егер барлық табыстарды қоссақ ЖҰӨ аламыз.

Табыстар мыналардан тұрады: жалақы, рента, процент және пайда. Табыс бойынша есептелген ЖҰӨ-ге жататындар: жалақы, рента, процент және пайда, жанама салықтар және амортизациялық шығындар.

Қайталап есептеуді болдырмау үшін ЖҰӨ-ге кірмейтіндер:

-аралық тауарлар, яғни кейін қайта өндіруге кететін өнімдер. Оған шикізат, жанармай, көмекші материалдар жатады. Мысалы, ЖҰӨ-ге нан пісіретін өндірістегі соңғы тауарларды алу үшін қажетті дән, ұн, ашытқы жатпайды. Егер біз оларды қоссақ, онда ЖҰӨ-нің құнын үстемеленген құнның мөлшеріне дейін өсіретін едік: екі жақты есеп пайда болатын еді.

1.Барлық өндірістік емес келісімдер, яғни өндірілген өнімнің көлемінің өсуіне мүмкіндік туғызбайтындар. Оларға жататындар:

а) трансферттік төлемдер (әлеуметтік сақтандыру, зейнетақы, жұмыссыздыққа жәрдемақы бойынша);

б) бағалы қағаздарды сату-сатып алу жөнінде келісімдер;

в) ұсталған заттарды сатып алу-сату.

Әлемдік экономика – бұл халықаралық еңбек бөлінісіне қатысатын, өзара байланысқан ұлттық шаруашылықтың тұтас жиынтығы.

Әлемдік экономика – бұл ұлттық шаруашылықтар арасындағы байланысты жүзеге асыратын, халықаралық экономикалық қатынастар жүйесі.

Халықаралық экономикалық жүйе сауда, қаржылық қатынастар, капитал қорлары және еңбек күшін таратып бөлуді сипаттайды.

Әлемдік экономикаға тән сипаттар:

Ұлттық шаруашылық - бұл әлеуметтік-экономикалық және тарихтық жүйе, оны сипаттайтын:

- Тұрақтылық, бұл әлемдік экономикадағы барлық құрушылардың тұрақты қарым-қатынастарының болжамы.

- Ортақ мақсаттың болуы - ақыр соңында, оның функционалдануы адами қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған, бірақ басқа да ішкі жүйелерде бұл мақсат әр түрлі экономикалық-әлеуметтік шарттардың күшіне орай түрленеді.

- Құрушы элементтердің көптігі. Әлемдік шаруашылықта жеке элементтер арасындағы өзара қарым-қатынастар деңгейлерден тұрады, ал мемлекеттер арасында – халықаралық деңгей, ол халықаралық нормалармен және шарттармен реттеледі.

- Құрылымдылығы. Өндірістің және айналымның ең маңызды пропорциялары әлемдік экономиканың жаңғырту, сала, технологиялар және т.б құрылымдарынан тұрады, әрі маңызды кез болып бұл құрылымдық тұрақтандырушыларды мемлекетаралық орналастыру болып табылады. Салааралық құрылымнан басқа әлемдік экономикада әлеуметтік-экономикалық құрылымы бөлінеді.

- Иерархиялық. Әлемдік экономика тағайынды тәртіпсіз дами алмайды, ол халықаралық көпшілік және жеке құқық шамаларында негізделген, мемлекеттер арасындағы экономикалық қатынастарды, экономикалық бірігу, заңды және жеке тұлға арасындағы қатынастарды реттейді. Оны бақылау халықаралық ұйымдар негізінде жүзеге асырылады.

- Дамудың тұтас және жеке секторларда, мемлекеттік аспектіде бірқалыпты еместігі. Өндірістің шоғырлануы (және тұтыну) материалдық игіліктерді және ресурстарды

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 35 беті

иерархиялық бірқалыпты бөлмеумен әлемдік экономика тығыз байланысты – әсіресе капитал тарту орталықтарында, әрі бұл капиталдардың қозғалысы әрдайым жүріп отырады.

- Әлемдік шаруашылықтың динамикалық тепе-теңдігі қоғамдық-экономикалық жүйе ретінде. Әлемдік шаруашылықтың тепе-теңдік жағдайы экономикалық әсер арқылы көрінеді. Абсолюттік мағынада экономикалық әсер ЖІӨ-нің мәні арқылы өлшенеді, ал абстрактылы мағынада – халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің мәні.

Ұлттық экономика әлемдік шаруашылықтың элементі болып табылады. Олардың арасындағы байланыс тауарлар мен қызметтердің трансшекаралық алмасуы, ақпараттар, зияткерлік қызметтің нәтижелері, капитал және жұмыс күші арқылы жүзеге асады.

Басқарушы бірліктер әлемдік шаруашылықтың субъектілері болып табылады, олар өндірістік іс-шараларды әлемдік шаруашылықта жүргізе алады. Әлемдік шаруашылықтың негізгі субъектілері:

- Мемлекет;
- Трансұлттық корпорациялар;
- Халықаралық экономикалық ұйымдар.

Мемлекет – әлемдік шаруашылықтың басты субъектісі болып табылады. Мемлекет капитал салудың көлемі мен құрылымына тікелей және жанама әсер етеді.

Мемлекет ақша-несие саясатының құралдары арқылы инвестициялық процесс және жеке секторды тұтынуға әсер етеді. Бірқатар салалардың дамуы мемлекеттік инвестициялармен тікелей байланысты (ауыл шаруашылығы, ғылыми-зерттеулік жобалар). Мемлекет жұмыс беруші ретінде жұмыспен қамтамасыз етеді.

ТҰҚ әлемдік шаруашылықта ерекше орын алады. ТҰҚ әлемдік өндірістің 25% қамтамасыз етеді. Ірі трансұлттық компаниялар айналым көлемінен бірқатар дамушы елдердегі ЖІӨ-нен де асып кететіні сирек жағдай емес. ТҰҚ-ның келуші елдердің экономикасына әсер етуге үлкен мүмкіндігі бар.

Маңызды экономикалық ұйымдарға Халықаралық валюталық қор, Халықаралық қайта жаңарту және даму банкі жатады. Соңғысы еншілес ұйымдармен бірге (Халықаралық қаржылық корпорация, Халықаралық даму ассоциациясы) Әлемдік немесе Бүкіләлемдік банк тобын құрайды.

Әлемдік банк дамушы және өтпелі экономикасы бар елдерде үлкен жобаларға несиелеу жүргізеді.

Дүниежүзілік шаруашылық тарихи және саяси-экономикалық категория болып есептеледі. Оның негізі, әрбір нақтылы тарихи кезеңнің дамуына әлеуметтік-экономикалық құрылым мен шаруашылық өмірдің жалпыұлттылануы және өндірістің деңгейі мен қарқынының сәйкес болуы.

Дүниежүзілік экономика бірнеше жүзжылдықтарды қамтып, дүниежүзілік шаруашылықтың даму қарқынына байланысты, біраз кезеңді өзіне қосады.

Бірінші кезең –XV-XVII ғғ. Отаршыл-мемлекеттер мен колониялық-мемлекеттер арасындағы сауда араласының жылдам дамуы мен елдердің эконмикалық бірлесуіне ықпал жасайтын дүниежүзілік колониялдық жүйеге (әлемді территориялық бөлуге), ұлы географиялық ашылымдар әкелді. Соңғылары әлемдік шаруашылықтың (ӘШ) соңғы шебі болып саналады. «Баға революциясы» болып, капиталдың алғашқы жинақталуы басталды. Мануфактураның дамуының негізі болып, әлемдік сауданың дамуына байланысты әлемдік капиталистік нарық туындады. Бірақ ол әлі де тауар айналымының көлемі бойынша біраз шектеулі болып, көпестік капиталдың маңайындағы қосымша болып қала берді. Даму әдісі – экстенсивті, колониализм негізінде болды.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 36 беті

Екінші кезең – XVII – XIX ғ. бірінші жартысы. Әлемдік капиталистік нарықтың тұрақтануы, халықаралық еңбек бөлінуінің (ХЕБ) туындауы мен дамуы. ХЕБ дамуына материалдық база болып өндірістік төңкеріс пен буржуазиялық революция, және мануфактуралық өндірістен фабрикалық өндіріске көшу себебкер болды. Бұл кейбір елдердің шектеулі қолөнер-мануфактуралық өндірістік базалары ӘШ нарығына сәйкес келмеуінен болды. ӘЭ ретінде әлемдік нарық пайда болды. Әлемдік сауданың дамуымен бірге, басқа да халықаралық экономикалық қатынастар пайда болды, мысалы, капиталдың тысқа шығарылуы.

Үшінші кезең – 1900-1930 жж. Бірінші кезеңнің өзгешілігіне келесі процестер мен оқиғалар ықпал етті:

- Бірінші дүниежүзілік соғыс. Бұл соғысушы елдер өздерінің экономикасының негізгі салаларын дамытуға және барлық қор түрлерін (табиғи, ғылыми, еңбек) қарулы күштерін өсіру үшін жұмсауға негізделуіне әкелді. Бір жағынан бұл соғысқа тікелей қатыспаған елдердің, әскери тапсырыстардың көбеюінің арқасында, сауда айналымдарының ұдайы ұлғайуына әкелді.

- Артық өндіріске байланысты Нью-Йорк қор биржасындағы құланымнан кейін болған АҚШ-та басталған жалпышаруашылық конъюктурасындағы бірінші әлемдік дағдарыс.

- Батыс елдерінің Ресейге экономикалық блокада жариялауға және әлемдік тауарайналымынан шығартуға мәжбүр еткен еткен Ресей революциясы.

Нәтижесінде ХХ ғасырдың үштің біріншісінде әлемдік шаруашылықта автаркия – ұлттық оқшалану тенденциясы пайда болды.

- *Төртінші кезең – 1920 мин-1950 жж.* Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін екі полярлық экономикалық жүйенің пайда болуы жылдамдады: капиталистік елдердің (нарықтық экономика, өндіріс құралдарына жеке меншілік) және социалистік елдер жүйесі (орталықтандырылған экономика, өндіріс құралдарына қоғамдық меншілік). Осы жүйелердің мүдделерін қадағалайтын құрылымдар пайда болды: НАТО, Варшава келісімі. Қырғи қабақ соғыс пен қаруландыру жарысы басталды. Капитализм мен социализмнің жарыспалық негізі экономикалық қорды өндірістің бейбіт салаларынан аластатты.

- *Бесінші кезең – өткен ғасырдың 60-шы жылдары.* Осы күнге дейін өндірісі дамыған елдердің экономикалық конъюктурасына тәуелді болуына қарамастан, колониалдық елдердің саяси тәуелсіздік алуы (әсіресе Африка елдері). Осы кезеңде аймақтық интеграциялық топтамалар қалыптасуда.

- *Алтыншы кезең – 70-ші жылдар.* АҚШ, Жапония және Германия араларында экономикалық даму деңгейі салыстырылады. Оны растайтын жайт – халықаралық есептеу бірлігі мәртебесіне америкалық доллармен қатар йен мен марканың ие болуы. Осы кезеңде АҚШ-тың ішкі нарығына шетел капиталы белсене кірді.

- *Жетінші – 80-ші жылдардың аяғы.* Социалистік өндіріс жүйесі ыдырады. Бір жағынан бұл халықаралық шиеленістің басылуына байланысты оң бағытқа жетелесе, екінші жағынан бұрынғы социалистік елдердің ұлттық шаруашылығының дағдарысқа ұшырауы салдарынан, теріс бағытқа итермеледі.

- *Сегізінші кезең – (1990 ж. бастап осы уақытқа дейін)* біріккен құрылымдардың пайда болуы мен күшейуі – 1994 ж. Солтүстік Америка еркін сауда аймағы, 1993 ж. Біріккен Еуропалық кеңестік, 1989 ж. Азиялық-Тынықмұхиттық экономикалық ынтымақтастықтың үкметаралық ұйымы. Әлемдік экономиканың дамуының осы кезең экономиканың ғаламдануын көрсетеді. Бір жағынан аймақтық қарқынның айқын күшейуі трансұлттық корпорациялардың (ТҰҚ) маңызының арта түсуінен көрінеді (90 жылдары трансұлттық корпорациялардың сыртқы сауда айналымы әлемдік айналымнан 3 есе артық болды).

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-285	
Әдістемелік өңдеу	100 беттің 37 беті	

Экономикалық теорияның басты проблемасы – адамзаттың шексіз қажеттілігін қанағаттандыру үшін шектеулі экономикалық ресурстарды мейлінше тиімді пайдалану мәселесін зерттеу болып табылады. Қай қоғамның да негізгі экономикалық проблемалары: не өндіру керек?, қалай өндіру керек?, кім үшін өндіру керек? Экономикалық ресурстар сирек және шектеулі. Нақтылы өнім шығару үшін қандай да болмасын қорды пайдаланған кезде ол қорларды басқа бір тәсілмен игерудің мүмкіндігі жойылады.

Экономикалық мәселелерді шешу үшін әрбір қоғам әртүрлі құрылымдар мен механизмдерді пайдалана алады.

Дәстүрлі экономикалық жүйе әдет-ғұрыпқа, дәстүрлерге негізделеді. Өндіріс процесі, айырбас, бөлу және тұтыну уақыт қалыптастырған әдет-ғұрыпқа сүйенеді. Бұл жүйе мемлекеттілікке дейінгі алғашқы қауым кезеңіне ұқсас келеді. Қазіргі уақытта ол амазондық үнділерге, австралияның тұрғындарына, африка тайпаларына тән.

Дәстүрлі экономиканың өзіндік ерекшеліктері мынадай:

1. Өндіру, бөлу, және айырбастау үрдістері әдет-ғұрыпқа, салт-дәстүрге, наным-сенімдерге негізделген;
2. Мұрагерлік пен сатылық бөлініс жеке адамның экономикалық ролін анықтайды;
3. Әлеуметтік-экономикалық тоқырау анық байқалады, өйткені ұдайы өндіріс қарқыны тек он жыл барысында ғана көрініс береді;
4. Техникалық прогресс дәстүрлі қоғамның бастамаларына қауіп төндіретіндіктен барынша шектеледі;
5. Діни, қасталық және мәдени құндылықтар экономикалық қызметтің жаңа түрлеріне қарағанда басым тұрады;
6. Индустриялық өндірістің даму қарқынына қарағанда халықтың өсу қарқыны артып отырады;
7. Халықтың сауатсыздығы, шамадан тыс тығыздығы, еңбек өнімділігінің төмендігі және жұмыссыздықтың жоғарғы деңгейі.

Дәстүрлі жүйеге тән елдер әлемдік шаруашылықты шикізаттармен және материалдармен қамтамасыз етеді, дайын өнім өткізетін нарыққа айналады және бұрынғы метрополиялардың, қазіргі индустриясы дамыған капиталистік елдердің ауыл шаруашылық шикізаттарын шығаратын орталық ретінде қызмет атқарады.

Әкімшіл-әміршіл жүйе мемлекеттік монополиялық меншіктің және оның монополиялық мемлекет өкіметі тудырған үстемдігімен сипатталады. Бұл жүйеге басқарудың қатаң типтік иерархиясы тән. Дәлірек айтсақ жоспарлаушылар бұл жүйеде қандай тауарлар өндіріліп және қандай қызметтер көрсетілуі керектігін анықтап алады.

Халықты әлеуметтік қорғау саясаты.

Әлеуметтік қорғау жүйесі өзара байланысқан элементтер жиынтығын, нарыққа өтудің өтпелі кезең қиыншылықтарын жеңілдетуге, сонымен қатар барлық халық топтарының іскерлік белсенділігін ынталандыруға бағытталған Ең алдымен әлеуметтік қорғау жүйесі қоғамның ең қорғансыз бөлігі-қарттар, мүгедектер, көп балалы отбасылар, жетімдер, ауруларды қорғауды көздеді. Бұл зейнетақыны индексациялау, жәрдемақыны, әртүрлі талондарды таратып беру, түскі астар беру, тағы басқадай көмек түрлері жолымен жүзеге асырылады. Аталған қоғамдық топтарды қолдау үшін мейірбандық қорлар мен ұйымдардың, мемлекеттік және коммерциялық кәсіпорындардың, жеке азаматтардың көмегі маңызды рөл атқарады.

Екіншіден, мемлекеттік сектордан босаған жұмысшыларды қабылдай алатын ұсақ және орта кәсіпорындардың дамуына мемлекет қажетті шараларды жасауға мүдделі және міндетті.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 38 беті

Үшіншіден, мемлекет, одан кейін кәсіпкерлік құрылымдар, мамандықты жоғарылату, мамандықты ауыстыру немесе жұмыстан босатудың өндірістік немесе экономикалық себептеріне байланысты белгілі мөлшерде материалдық ресурстар шығындарын көтеру қажет.

Төртіншіден, мемлекет жалпы адамдық мораль қалыптарына, салт-дәстүрге, мәдениетке және т.б. қайшы келмейтін заңдар жүйесін жасап, олар кезегінде әр азаматқа тіршілік түрін таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етуі қажет.

Нарықтық экономикаға өтпелі кезең әр адам, әр отбасы үшін қиын сынақ.

Біреулер бұл кезеңнен жеңіл өтеді, біреулеріне қиындау, ал кейбіреулер үшін бұл апатпен тең. Бұл нарықтық экономиканы қалыптастыру кезеңі. Осы кезеңнің қиындықтарын күн ілгері көре білу, халықты әлеуметтік жағынан қолдау мен қорғау шараларын тереңінен ойластыру өркениетті мемлекеттің төл ісі.

5.5. Иллюстративті материал:

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

ә) көрнекі және дидактикалық құралдар: өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер, тест тапсырмалары, сөзжұмбақтар.

5.6. Әдебиет:

1. Экономикалық теория негіздері. Оқулық. Я. Әубәкіров, М. Есқалиев және т.б. Алматы, «Санат», 1.
2. Экономика здравоохранения: учебник / под ред. А. В. Решетникова. - 2-е изд., перераб. и доп. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГБОУ ВПО "Первый Мос. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 192 с
3. Общественное здоровье и здравоохранение, экономика здравоохранения. В 2 т. Т. 1 : учебник /. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 688 ил.
4. Основы маркетинга: учеб. для мед. училищ и колледжей / под ред. И. В. Липсица, М. Н. Дымшица ; М-во обр. и науки РФ. - ; Рек. ФГБОУ ВПО " Гос. ун-т управления". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 208 с. : ил.
5. Сыздыкова, К. Ш. Экономика и маркетинг в здравоохранении : учебное пособие / К. Ш. Сыздыкова, Ж. С. Тулебаев, Э. А. Актуреева. - Алматы : ИП "Ақнұр", 2015. - 274 с.
6. Экономика здравоохранения : учебник / под ред. А. В. Решетникова. - 2-е изд., перераб. и доп. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГБОУ ВПО "Первый Мос. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 192 с.
7. Основы маркетинга: учеб. для мед. училищ и колледжей / под ред. И. В. Липсица, М. Н. Дымшица ; М-во обр. и науки РФ. - ; Рек. ФГБОУ ВПО " Гос. ун-т управления". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 208 с. : ил.
8. Рахыпбеков, Т. К. Денсаулық сақтау саласындағы экономикалық талдау әдістері: оқу құралы / Т. К. Рахыпбеков. - Алматы : АҚНҰР, 2016. - 340 бет

5.7. Бақылау сұрақтары:

1. Макроэкономика мен микроэкономика дегеніміз не?
2. Ұлттық экономиканың мәні неде?
3. Ұлттық экономиканың құрылымы неден тұрады?
4. ЖҰӨ - ді есептеудің әдістері қандай?
5. Макроэкономикалық көрсеткіштердің түрлері қандай?
6. Дүние жүзілік шаруашылықтың қалыптасуының объективті негіздері неде?
7. Халықаралық экономикалық қатынастардың нысандары қандай?
8. Әлемдік проблемалардың түрлерін көрсетіңіз.
9. Инвестицияның мәні, қызметі
10. Экономиканы мемлекеттік реттеудегі негізгі инвестициялық бағыттар

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 39 беті

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин.

1. Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

1. Оқушыларды бағалау.
2. Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

Үйге тапсырма беру: 5 мин

№5- сабақ.

5.1. Тақырыбы: Қоғам алдында тұрған негізгі экономикалық мәселелер. Жасыл экономика. Мемлекет және құқық теориясының негіздері.

Сағат саны: 90 мин

Сабақ түрі: теория

5.2. Мақсаты: Қазіргі заман экономикасы. Экономиканың жаһандану тенденциясы. Өндірістің интернационалдыру жаңа кезеңі. Мемлекет ұғымы, шығу теориялары. Мемлекеттің белгілері, функциялары және нысаны. Құқықтың анықтамасы және негізгі белгілері.

Ұйымдастыру кезеңі : 5 мин

- а) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
- б) Сабақтың мақсаты мен міндетін таныстыру.

5.3. Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин

- а) Барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындауын тексеру;
- ә) Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;
- б) Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
- в) Оқушылардың білімдерін бағалау;
- г) Үй тапсырмасын қорытындылау.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин

5.4. Дәріс тезистері:

1. Жиынтық сұраныс және оған әсер ететін факторлар.
2. Жиынтық ұсыныс және оған әсер ететін факторлар. Жалпы экономикалық тепе-теңдік түсінігі.

3. Экономикалық өсу және оның факторлары.

Ақпаратты – дидактикалық бөлім.

Барлық елдің алдында тұрған ортақ мәселе – экономикалық өсу, онда ұлттық экономика дамуы, халықтың өмір сүру деңгейі, ресурстардың шектелуі мәселелері шешіледі. Кейбір экономистер (Макконнелл, Брю) экономикалық өсуді екі жолмен есептеледі деп санайды:

Жалпы ұлттық өнімді өсуін есептеу (немесе таза ұлттық өнім).

Осы көрсеткіштердің халықтың жан басына шаққанда өсуі.

Ал кейбір экономистер экономикалық өсуді: өнім мен өндірістік факторлардың тек сандық қана емес, сапалық өсуі деп көрсетті.

Экономикалық өсудің үш түрі бар: экстенсивті, интенсивті, аралас (нақты).

Экстенсивті өсу дегеніміз - қосымша өндіріс факторларын тарту арқылы ұлттық өнімнің көбеюі. Мысалы, 50 жылдары КСРО-да бидай дәнінің өнімінің көбеюі Қазақстанда және Сібірде тың және тыңайған жерлерді игерумен байланысты іске асырылады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 40 беті

Интенсивті өсу дегеніміз – техника және технологияны толық жетілдіру арқылы ұлттық өнімнің көбеюі. Нақты өмірде өсудің не ана түрі, не бұл түрі болуы мүмкін емес. Олар аралас түрінде келеді.

Аралас нақты өсу - өндіріс қуатының өсуі нәтижесінде өндіріс факторларының пайдаланылу санының өсуі және техника мен технологияның жетілуі.

Экономикалық өсуді есептеу – проценттік жылдық өсу қарқынмен есептеледі.

$ЖҰӨ \text{ өсу қарқыны} = ЖҰӨ_1 / ЖҰӨ_0 \times 100 \%$

$ЖҰӨ_1$ – есепті жылғы ұлттық өнім.

$ЖҰӨ_0$ – базисті жылғы ұлттық өнім.

Қайсысы тиімді қарқындар тиімділіктер варианттары: жоғарғы қарқын, нольдік қарқын, теріс қарқын, қолайлы қарқын.

Жоғарғы қарқын – бір қарағанда тиімді сияқты. Бірақ, біріншіден, өнімнің сапалылығы ескерілуі қажет: егер, жоғарғы қарқынды өндірілетін жарылғыш телевизорлар - әрине жаман. Екіншіден, өнімнің өсу құрылымы қажет: әскери өнімнің өсуі салыстырмалы салмағынан көп болуы және тұтыну заттарының аз болуы өмір сүру деңгейінен төмендейді, - бұл да жаман.

Өз кезегінде, нольдік қарқын экономикалық өсуде негативті сипатқа ие бола бермейді. Тек, егер олар материалдық сыйымдылығы төмендесе, осымен өндіріс факторларын шығындарын үнемдеуге алып келеді, бұл жаман емес. Милитаризация шығынына, егер объективті себептері жоқ болса, онда нольдік өсу пайдалы.

Теріс қарқын – ұлттық экономикалық дағдарысты қуәландырады. Бұл 60-90 жж. Одақты бейнелейді. Қазақстан экономикалық дағдарысы әр түрлі себептер жиынтығымен түсіндіріледі: рационалды емес экономика құрылымының үлкен үлес салмағы өндіріс құралы және әскери өнім, төмен қор қайтарымдылығы, бұрынғы КСРО республикааралық шаруашылық байланысының бүлінуі, нарықтық экономикаға өту кезеңіндегі қиыншылықтар.

Қолайлы қарқын жоғары да, төмен де болмайды, олар макроэкономикалық теңдікті қамту керек. Экономикалық өсу көптеген факторлармен анықталады: соның ішінде маңызды болып ұсыныс, сұраныс, бөлу факторлары.

Ұсыныс факторларына мыналар жатады:

Табиғи ресурстың саны мен сапасы (жер, пайдалы қазбалар, климат т.б): қаншалықты табиғи жағдайы жақсы болса, соншалықты елде экономикалық өсуге мүмкіндік бар.

Халықтың еңбекке жарамдылығының саны мен сапасы.

Негізгі капиталдың болуы.

Өндіріс өніміне қолданылатын технология деңгейі.

Сұраныс факторына жатады:

- Қоғамның тұтас сұранысын өндірілген өнімге көтерілуі және сонымен бірге оның өсуін ынталандыру.

Еңбекақы қаншалықты жоғары болса, соншалықты сұраныс жоғары.

Мемлекеттің фискальды саясаты - қаншалықты салық жоғары болса, соншалықты еңбек ақы төмен, сондықтан экономикалық өсу және сұраныс төмен.

Халықтың қор жинау бейімділігі де нақты сұранысты төмендетеді, демек экономикалық өсу де төмендейді.

Өнімнің өсуіне (экономикалық өсу) ресурстарды бөлу өте жақсы ұйымдастырылған түрде болу керек.

Экономикалық өсуге ықпал ететін сұраныс және ұсыныс факторлары өзара байланысты екендігін айта кету қажет. Мысалы, жұмыссыздық әдетте капиталдың қорлану қарқынын, сондай-ақ зерттеулерге кететін шығындар өнімін бәсеңдетеді және керісінше, жаңалықтарды енгізу мен капитал салымдарының төменгі қарқыны жұмыссыздықтың басты себебі болуы

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 41 беті

мүмкін. Барлық осы факторлардың өзара әрекетін өндірістік мүмкіндіктер қисығын береді. Бұл қисық аталған технологиялық потенциал негізінде негізгі капитал мен табиғи, еңбек ресурстарының аталған саны мен сапасы жағдайында өндіріле алатын әртүрлі өнім варианттарының максимальды санын көрсетеді.

Экономикалық өсудің көрсеткіштік өлшемдері ЖҰӨ және ЖІӨ болып табылады. Халықаралық деңгейде салыстыру үшін ЖҰӨ мен ЖІӨ-нің жан басына шаққандағы көрсеткіштері пайдаланылады. Қазақстан - 2030 стратегиясында көрсетілгендей, еліміздің гүлденуін қамтамасыз етуде ұзақ мерзімдегі басымдықтардың арасында жоғары деңгейдегі шетел инвестициялары мен ішкі жиналған ақшасы бар ашық экономикаға негізделген экономикалық өсу ерекше маңызды болып табылады.

«Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында ел басшысы еліміздің «Қазақстан - 2030» Стратегиясын орындай отырып, алғашқы онжылдықта жеткен жетістіктерімізге шолу жасап, оның келесі онжылдығында орындалатын бағдарламаға тоқталды: «2000 жылмен салыстырғанда 2008 жылы-ақ жоспарланғанынан екі жыл бұрын, біз республика ЖІӨ-сінің көлемін екі еселедік және мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерін тиімді орындадық.

Орташа айлық жалақы 5 есеге, ал зейнетақының мөлшері 3 есеге өсті.

Өмір сүрудің ең төменгі деңгейінен аз табысы бар халықтың үлесі 4 есеге (50%-дан 12%-ға дейін) азайды.

2009 жылы экономиканың артуы 1,1%-ды, өнеркәсіпте 1,7%-ды құрады. Біз оң өсу қарқыны бар елдердің «серіппелі тобына» жаттық.

Ұлттық қордың жалпы халықаралық резервтері мен активтері бүгіннің өзінде 50 миллиард доллардан асып түсіп, соңғы он жылда 25 еседен астамға өсті.

Жұмыссыздық деңгейі 6,3-ды құрады, ал бұл дағдарысқа дейінгі уақыттағыдан төмен.

Тиімді іске асырылған Жұмыспен қамту стратегиясының арқасында елде 20 мыңнан астам жұмыс орындары ашылды.»

Экономикалық теорияның басты проблемасы – адамзаттың шексіз қажеттілігін қанағаттандыру үшін шектеулі экономикалық ресурстарды мейлінше тиімді пайдалану мәселесін зерттеу болып табылады. Қай қоғамның да негізгі экономикалық проблемалары: не өндіру керек?, қалай өндіру керек?, кім үшін өндіру керек? Экономикалық ресурстар сирек және шектеулі. Нақтылы өнім шығару үшін қандай да болмасын қорды пайдаланған кезде ол қорларды басқа бір тәсілмен игерудің мүмкіндігі жойылады.

Экономикалық мәселелерді шешу үшін әрбір қоғам әртүрлі құрылымдар мен механизмдерді пайдалана алады.

Дәстүрлі экономикалық жүйе әдет-ғұрыпқа, дәстүрлерге негізделеді. Өндіріс процесі, айырбас, бөлу және тұтыну уақыт қалыптастырған әдет-ғұрыпқа сүйенеді. Бұл жүйе мемлекеттілікке дейінгі алғашқы қауым кезеңіне ұқсас келеді. Қазіргі уақытта ол амазондық үнділерге, австралияның тұрғындарына, африка тайпаларына тән.

Дәстүрлі экономиканың өзіндік ерекшеліктері мынадай:

1. Өндіру, бөлу, және айырбастау үрдістері әдет-ғұрыпқа, салт-дәстүрге, наным-сенімдерге негізделген;
2. Мұрагерлік пен сатылық бөлініс жеке адамның экономикалық ролін анықтайды;
3. Әлеуметтік-экономикалық тоқырау анық байқалады, өйткені ұдайы өндіріс қарқыны тек он жыл барысында ғана көрініс береді;
4. Техникалық прогресс дәстүрлі қоғамның бастамаларына қауіп төндіретіндіктен барынша шектеледі;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-285	
Әдістемелік өңдеу	100 беттің 42 беті	

5. Діни, қасталық және мәдени құндылықтар экономикалық қызметтің жаңа түрлеріне қарағанда басым тұрады;

6. Индустриялық өндірістің даму қарқынына қарағанда халықтың өсу қарқыны артып отырады;

7. Халықтың сауатсыздығы, шамадан тыс тығыздығы, еңбек өнімділігінің төмендігі және жұмыссыздықтың жоғарғы деңгейі.

Дәстүрлі жүйеге тән елдер әлемдік шаруашылықты шикізаттармен және материалдармен қамтамасыз етеді, дайын өнім өткізетін нарыққа айналады және бұрынғы метрополиалардың, қазіргі индустриясы дамыған капиталистік елдердің ауыл шаруашылық шикізаттарын шығаратын орталық ретінде қызмет атқарады.

Әкімшіл-әміршіл жүйе мемлекеттік монополиялық меншіктің және оның монополиялық мемлекет өкіметі тудырған үстемдігімен сипатталады. Бұл жүйеге басқарудың қатаң типтік иерархиясы тән. Дәлірек айтсақ жоспарлаушылар бұл жүйеде қандай тауарлар өндіріліп және қандай қызметтер көрсетілуі керектігін анықтап алады.

Халықты әлеуметтік қорғау саясаты.

Әлеуметтік қорғау жүйесі өзара байланысқан элементтер жиынтығын, нарыққа өтудің өтпелі кезең қиыншылықтарын жеңілдетуге, сонымен қатар барлық халық топтарының іскерлік белсенділігін ынталандыруға бағытталған Ең алдымен әлеуметтік қорғау жүйесі қоғамның ең қорғансыз бөлігі-қарттар, мүгедектер, көп балалы отбасылар, жетімдер, ауруларды қорғауды көздеді. Бұл зейнетақыны индексациялау, жәрдемақыны, әртүрлі талондарды таратып беру, түскі астар беру, тағы басқадай көмек түрлері жолымен жүзеге асырылады. Аталған қоғамдық топтарды қолдау үшін мейірбандық қорлар мен ұйымдардың, мемлекеттік және коммерциялық кәсіпорындардың, жеке азаматтардың көмегі маңызды рөл атқарады.

Екіншіден, мемлекеттік сектордан босаған жұмысшыларды қабылдай алатын ұсақ және орта кәсіпорындардың дамуына мемлекет қажетті шараларды жасауға мүдделі және міндетті.

Үшіншіден, мемлекет, одан кейін кәсіпкерлік құрылымдар, мамандықты жоғарылату, мамандықты ауыстыру немесе жұмыстан босатудың өндірістік немесе экономикалық себептеріне байланысты белгілі мөлшерде материалдық ресурстар шығындарын көтеру қажет.

Төртіншіден, мемлекет жалпы адамдық мораль қалыптарына, салт-дәстүрге, мәдениетке және т.б. қайшы келмейтін заңдар жүйесін жасап, олар кезегінде әр азаматқа тіршілік түрін таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етуі қажет.

Нарықтық экономикаға өтпелі кезең әр адам, әр отбасы үшін қиын сынақ.

Біреулер бұл кезеңнен жеңіл өтеді, біреулеріне қиындау, ал кейбіреулер үшін бұл апатпен тең. Бұл нарықтық экономиканы қалыптастыру кезеңі. Осы кезеңнің қиындықтарын күн ілгері көре білу, халықты әлеуметтік жағынан қолдау мен қорғау шараларын тереңінен ойластыру өркениетті мемлекеттің төл ісі.

Жасыл экономика – бұл адам өмірінің ұдайы өндірісіне қажетті табиғи негізді бұзбайтын, биосфераның шаруашылық сыйымдылығы шеңберінде дамитын экономика. Сонымен бірге жасыл экономика халықтың жоғары тұрмыс деңгейі мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланумен сипатталатын экономика болып табылады. Бұл экономикалық модель 21 ғасырдағы елдердің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін маңызды құралдардың бірі ретінде танылып отыр.

1. Қазақстандағы «жасыл» экономиканы дамыту тұжырымдамасы

2. «Жасыл» экономиканы дамытудың жеті негізгі бағыттары

2.1 Бірінші бағыт - жаңартылатын энергия көздерін енгізу.

2.2 Екінші бағыт – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығындағы энергия тиімділігі.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу	100 беттің 43 беті

2.3 Үшінші бағыт – ауыл шаруашылығындағы органикалық егін шаруашылығы

2.4 Төртінші бағыт – қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру

2.5 Бесінші бағыт – су қорларын басқару жүйелерін жетілдіру

2.6 Алтыншы бағыт – «таза» көлікті дамыту

2. Жетінші бағыт – экожүйелерді сақтау және тиімді басқару

3 «Жасыл» экономика ел үшін басымдылықтар әкеледі

4 «Жасыл» экономикаға ауысу институттары

4.1 «Жасыл» бизнес академиясы

4.2 «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасы

Қазақстандағы «жасыл» экономиканы дамыту тұжырымдамасы

Өткізілген «РИО + 20» Саммитінен кейін қазақстандық қоғамның күші «жасыл» экономикаға ауысу бойынша стратегияны іске асыруға бағытталған. Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша «Жасыл» экономикаға ауысу бойынша тұжырымдама әзірленді. Тұжырымдамада бірінші кезекте басты түрде экономиканың белгілі бір салаларын реформалауға бағытталған басым міндеттер тізбесі ұсынылды.

«Жасыл» экономикаға ауысу аясында:

қорлардың тиімділігін арттыру;

қазақстандық инфрақұрылымды жетілдіру;

халықтың әл-ауқатын жақсарту болжанады;

Тұжырымдаманы іске асыру үш кезеңде жоспарланады:

бірінші кезең - 2013–2020 жж. – қорларды пайдалануды оңтайландыру және табиғат пайдалану қызметінің тиімділігі арттыру, сондай-ақ, «жасыл» инфрақұрылымды құру;

екінші кезең - 2020–2030 жж. – табиғи қорларды тиімді пайдалану, жоғары технологиялар базасында жаңартылатын энергетиканы енгізу;

үшінші кезең - 2030–2050 жж. – олардың жаңартылуы жағдайында негізіне табиғи қорларды пайдалану қойылған, ұлттық экономиканың «үшінші өнеркәсіптік революция» қағидаттарына ауысуы.

«Жасыл» экономиканы дамытудың жеті негізгі бағыттары

Бірінші бағыт - жаңартылатын энергия көздерін енгізу

Пайдалы қазбаларды ары қарай сақтау туралы мәселе орасан ауқымға ие болады. Біздің мемлекет табиғи қорлары өте бай ел ретінде танылған. Мұнай, газ – бүкіл дүние жүзінде ең ірі энергетикалық қорлардың бірі ретінде сыныпталады, бірақ тіпті олардың өзі уақыты келгенде сарқылады, демек өмір үшін жаңа ресурстар табу қажет. Бұл ретте Қазақстанның жақсы экожүйеге, жер қыртысына және орманға ие болуы айғағы басқа елдер алдындағы өзінің ұстанымын айтарлықтай арттырады.

Екінші бағыт – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығындағы энергия тиімділігі

Қалалық тұрғын үй қорының маңызды бөлігі кеңестік дәуірден кейінгі уақытта салынғандықтан, тұрғын үй кешендерінің көпшілігі тиімсіз жылу изоляциялық құрылымдармен және жылумен қамтамасыз ету жүйелерімен жабдықталған, ол маңызды жылу шығындарына алып келеді. Қазіргі уақытта Қазақстанда жылумен қамтамасыз ету аспаптарының жұмысының істен шығуы саласындағы іс-шараларды жүзеге асыратын энергия сервистік компаниялары әрекет етеді.

Үшінші бағыт – ауыл шаруашылығындағы органикалық егін шаруашылығы

Бірінші кезекте бағыттың аталмыш түрі әр түрлі азық қоспаларынан, синтетикалық тыңайту өнімдерінен (пестицидтерден) бас тартуды қарастырады. Дақылдық өсімдіктердің шығымдылығын, өсуін қамтамасыз ету үшін органикалық тыңайтқыштарды пайдалану туралы сөз болып отыр. Ауыл шаруашылығын «көгалдандыру» табиғи қорларға зиян келтірместен,

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 44 беті

халыққа азық-түлікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазақстан мынадай бағыттар бойынша әрекет етуді жоспарлайды:

жердің құнарлылығын басқару;

суды тиімді пайдалану;

өсімдіктер және жануарлар денсаулығын басқару;

фермаларды механикаландыру.

Төртінші бағыт – қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру

Қалдықтарды басқару мәселесі ерекше танымалдылыққа ие болды. Лас көшелер, үйінділер және қандай да бір болып жатқанға бақылаудың жоқтығын жиі кездестіресіз. . Қалыптасқан жағдайларға байланысты қалдықтарды өндірістік өнімнің қайталама өнімі ретінде пайдалану ұсынылған. Осылайша, мысалы қатты тұрмыстық қалдықтарды кешенді қайта өңдеу және балама отынды алу технологиясы Алматыда іске асырылуда.

Бесінші бағыт – су қорларын басқару жүйелерін жетілдіру

Су адамзаттың өмір сүруін және экожүйелердің тұтастығын қамтамасыз етудің шешуші табиғи құрылымы болып қала береді. Осыған байланысты су қорларын тиімді пайдалану орасан ауқымға ие болатын мәселе болып қала береді.

Алтыншы бағыт – «таза» көлікті дамыту

Қазақстандағы тасымалдардың көпшілігі дизелде/бензинде жүргізіледі. Қазіргі уақытта тасымалдардың басым бөлігі бензин (дизель) негізінде жүзеге асырылады. Бірінші кезекте бұл парник газдарының жоғары шығарындыларына жағдай жасайды.

Жетінші бағыт – экожүйелерді сақтау және тиімді басқару

Осы бағыттағы қызмет басты түрде біздің елдің бірегей табиғат байлығын сақтауға бағытталған.

«Жасыл» экономика ел үшін басымдылықтар әкеледі

«Жасыл» экономикаға ауысу барынша үлкен танымалдыққа ие болып келеді және ауқымды қызығушылық тудырады. «Жасыл» экономика бірінші кезекте экономикалық прогреске жағдай жасайды және мыналарды қамтамасыз етеді:

ішкі жалпы өнімнің өсімі;

елдің табыстарын ұлғайту;

елдегі жұмыссыздық көрсеткіштерін азайта отырып, халық үшін жұмыс орындарын құру.

Бұл жерде «жасыл» экономикаға ауысу климаттың өзгеруі, пайдалы қазбалардың сарқылуы және су ресурстарының тапшылығы сияқты жаһандық қауіптен тәуекелдерді төмендетеді.

«Жасыл» экономиканы дамыту бағдарламасы аясында Қазақстан экономиканың 10 шешуші секторына құралдарды инвестициялауды жоспарлайды:

ауыл шаруашылығы;

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы;

энергетика;

балық аулау;

орман шаруашылығы;

өнеркәсіп;

туризм;

көлік;

қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу;

су қорларын басқару.

«Жасыл» экономикаға ауысу институттары

«Жасыл» экономикаға ауысу бірінші кезекте тиісті ұйымдарды құрумен белгіленеді.

«Жасыл» бизнес академиясы

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 45 беті

Академия жұмысының мақсаты табиғи және өзге де ресурстарды жинау саласындағы саясатты тұрақты дамыту үшін бағдарламалар, жобалар және оқыту курстарын әзірлеу болады. Академияда онлайн-семинарларды өткізу, инновациялық әдістерді қолдану жоспарлануда. Академияның онлайн-семинарлары қоршаған ортаны қорғау саласындағы сарапшылар/мамандар арасындағы диалогқа, сондай-ақ «жасыл» өсу стратегиясын құруға бағытталған. Жасыл өсу және тұрақты даму тақырыбы бойынша жаңашыл электронды қорлар барлық студенттер үшін қол жетімді болады. Жасыл бизнес академиясы тұрақты дамыту стратегиясын іске асыру жағдайында, әсіресе әлеуметтік қажеттіліктер және мәселелерді барынша ұстанатын тәжірибе, табиғи қорларды кешенді пайдалану саласында болатын барынша тәжірибелік кәсіби жұмыс күшін дайындауға көмектеседі.

«Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасы

Бағдарлама инвестициялық жобаларды іске асыру, саясаттарды реформалау жолымен жасыл бизнестің жаңа салаларын құру және дамыту бойынша мемлекеттердің, халықаралық, ғылыми ұйымдардың және бизнестің бірлескен әрекеттерін болжайды. Бағдарламаның міндеті тек мемлекеттер мен аймақтар арасында ғана емес, сонымен қатар мемлекет пен бизнес арасында да – серіктестіктің жаңа деңгейін құру және көптеген үдерістер арасындағы байланыс болып табылады. «Жасыл көпірдің» мәнісі – жасыл бизнестің жаңа салаларын дамыту және ол үшін ұзақ мерзімді және тұрақты негіздерді құру арқылы экономиканы көгалдандыру. Жасыл көпір жаңашыл жасыл технологиялар – жасыл бизнес үшін қолайлы шарттарды тудыру үшін төлемнің жаңа тетігін ұсынады. *Мемлекет* – бұл қоғамды білдіре отырып, осы қоғамды басқаратын және оның интеграциясын (құрылуын) қамтамасыз ететін арнайы басқару және мәжбүрлеу аппараты болатын бұқаралық биліктің саяси – аумақтық, егеменді ұйымы.

Мемлекет оны рулық қауымның әлеуметтік билігінен ажыратуға мүмкіндік беретін мынадай негізгі белгілермен сипатталады:

1. Бұқаралық биліктің болуы.
2. Тұрғындарды аумақтық (территориялық) бөлу.
3. Салық жүйесі.
4. Егемендік.
5. Құқық.

Мемлекеттік билік әлеуметтік биліктің ерекше түрі болып табылады. Бұл мемлекеттік мәжбүрлеуге сүйенетін субъектілердің арасындағы үстемдік пен бағынушылықтың саяси – бұқаралық қатынасы. Мемлекеттік биліктің ерекшеліктері мыналардан көрінеді:

1. Бұқаралық (көпшілік) билік.
2. Аппараттық билік.
3. Легитимдік (заңды деп танылған) билік.

Мемлекет мәнін түсіндіру мемлекет және құқық теориясының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Мемлекет мәні - бұл осы құбылыстағы оның мазмұнын, мақсатын, қызмет етуін анықтайтын негізгілердің біреуі.

Мемлекет мәнін анықтауда қолданылатын тәсілдер:

- таптық;
- жалпы әлеуметтік.

Мемлекет типі (түрі) тиісті тарихи дәуірде туындаған оның маңызды жақтары мен қасиеттерінің қатаң жүйесін білдіреді. Нақты тарихи дәуірде туындаған мемлекеттердің барлығының белгілері ортақ болып келеді. Мемлекеттердің типологиясы негізінен екі тәсіл формациялық және өркениеттік тәсілдер тұрғысынан жүргізіледі.

Мемлекет функциялары – бұл мемлекеттің мәнін және мақсат - міндетін білдіретін оның қызметінің негізгі бағыттары. Мемлекет функциялары оның қызметтеріне тәуелді және

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 46 беті

функциялардың өзгеруіне байланысты, басқа тәртіптегі мәнге өтуіне байланысты өзгеріп отырады. Сонымен, мемлекет функцияларының өзгеріп отыратын категория.

Мемлекет функцияларының классификациясы:

- а) әрекет ету ұзақтылығына байланысты тұрақты және уақытша;
- б) маңызына байланысты - негізгі және қосалқы;
- в) қоғамдық өмірдің қай сферасында жүзеге асырылуына байланысты - ішкі және сыртқы болып бөлінеді.

Мемлекет функцияларын жүзеге асыру нысандары – бұл мемлекеттің функцияларын жүзеге асыратын оның органдарының біртекті қызметі. Оны құқықтық және ұйымдық нысандарына бөлуге болады.

Құқықтық нысандарына мыналар жатады: құқық шығармашылық, құқық қолданушылық, құқық қорғаушы.

Ұйымдық нысандарға мыналар жатады: ұйымдық –регламенттеуші (реттеуші), ұйымдық, ұйымдық-идеологиялық.

Мемлекет механизмі – бұл мемлекет міндеттері мен функцияларын жүзеге асыруға арналған мемлекеттік органдардың жүйесі. Мемлекеттік аппараттың, оның барлық бөлімдерінің мазмұнын қоғамдық өмірдің барлық сфераларының тиісті ұйымдастырылуын және тиімді қызмет етуін қамтамасыз етуге бағытталған басқарушылық, ұйымдастырушылық жұмыстар құрайды.

Осы қызметтің нысандары көбінесе басқару кезінде заңдар, құқықтық механизмдер қандай мөлшерде пайдаланылатындығына байланысты, осыдан туындайтыны мемлекеттік аппараттың қызметінің мынадай нысандарын атауға болады:

- 1) тікелей басқарушылық;
- 2) құқықтық нысандар.

Мемлекет механизмінің құрылымы мыналардан тұрады:

- 1) Мемлекеттік органдардан;
- 2) Мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардан;
- 3) Мемлекеттік қызметшілерден;
- 4) Ұйымдастырушы құралдар мен қаражаттар, сондай –ақ мемлекеттік аппараттың қызметін қамтамасыз етуге қажетті мәжбүрлеу күштерінен тұрады.

Мемлекеттік аппаратты ұйымдастыру және қызмет етуінің қағидалары – бұл мемлекеттік органдарды құру және қызмет етуіндегі алғашқы бастаулар, идеялар, анықтайтын негізгі тәсілдер. Оларға мыналар жатады:

- 1) Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдылығы қағидасы;
- 2) Демократизм қағидасы;
- 3) Биліктің бөлінуі қағидасы;
- 4) Заңдылық қағидасы;
- 5) Жариялылық;
- 6) Кәсіпқойлық қағидасы;
- 7) Алқалылық пен дара басшылықтың үйлесу қағидасы;
- 8) Сайланушылық пен тағайындалушылықтың үйлесу қағидасы;
- 9) Иерархиялылық қағидасы.

Мемлекеттік орган – бұл мемлекеттік міндеттерді атқаратын және осы үшін тиісті биліктік өкілеттіліктер берілген ұйым немесе мекеме. Әр бір мемлекеттік органның: а) оның жедел басқаруында болатын мемлекеттік, қазыналық мүлкі болады; б) қаражаттары, банктегі есебі, бюджеттен қаржыландыратын қайнар көздері болады; в)өзіне белгіленген ұйымдық құрылымы, осыған байланысты қызметтік бағыныштылығы және қызметтік тәртібінің жүйесі болады; г) қажетті

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 47 беті

биліктік өкілеттілігі болады, осының негізінде лауазымды тұлғалар мен алқалы органдар заңды міндетті іс - әрекеттер жасайды.

Мемлекеттік органдардың классификациясы:

1. Мемлекеттік қызметті жүзеге асыру нысаны бойынша мемлекеттік органдар өкілді, атқарушы-бұйырушы, соттық, прокурорлық және өзге де бақылау- қадағалау органдарына бөлінеді;
2. Биліктің бөліну қағидасы бойынша – заң шығарушы, атқарушы және сот.
3. Қызметінің құқықтық нысаны бойынша – құқық шығармашылық, құқық қолданушылық және құқық қорғаушы.
4. Иерархия бойынша – республикалық және жергілікті.
5. Өкілеттіліктерінің мерзімі бойынша- тұрақты (әрекет ету мерзімін шектеусіз құрылатын) және уақытша(қысқа мерзімді мақсаттарға жету үшін құрылады)
6. Құзырлығының сипаты бойынша – жалпы құзырлықтағы (үкімет) және арнайы құзырлықтағы (министрліктер).

5.5. Иллюстративті материал:

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

ә) көрнекі және дидактикалық құралдар: өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер, тест тапсырмалары, сөзжұмбақтар.

5.6. Әдебиет:

1. Экономикалық теория негіздері. Оқулық. Я. Әубәкіров, М.Ескалиев және т.б. Алматы, «Санат», 1.
2. Экономика здравоохранения: учебник / под ред. А. В. Решетникова. - 2-е изд., перераб. и доп. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГБОУ ВПО "Первый Мос. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 192 с
3. Общественное здоровье и здравоохранение, экономика здравоохранения. В 2 т. Т. 1 : учебник /. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 688 ил.
4. Основы маркетинга: учеб. для мед. училищ и колледжей / под ред. И. В. Липсица, М. Н. Дымшица ; М-во обр. и науки РФ. - ; Рек. ФГБОУ ВПО " Гос. ун-т управления". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 208 с. : ил.
5. Сыздыкова, К. Ш. Экономика и маркетинг в здравоохранении : учебное пособие / К. Ш. Сыздыкова, Ж. С. Тулебаев, Э. А. Актурева. - Алматы : ИП "Ақнұр", 2015. - 274 с.
6. Экономика здравоохранения : учебник / под ред. А. В. Решетникова. - 2-е изд., перераб. и доп. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГБОУ ВПО "Первый Мос. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 192 с.
7. Основы маркетинга: учеб. для мед. училищ и колледжей / под ред. И. В. Липсица, М. Н. Дымшица ; М-во обр. и науки РФ. - ; Рек. ФГБОУ ВПО " Гос. ун-т управления". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 208 с. : ил.
8. Рахыпбеков, Т. К. Денсаулық сақтау саласындағы экономикалық талдау әдістері: оқу құралы / Т. К. Рахыпбеков. - Алматы : АҚНҰР, 2016. - 340 бет

5.7. Бақылау сұрақтары:

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

1. Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

Сабақты қорытындылау: 10 мин

1. Оқушыларды бағалау.
2. Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

Үйге тапсырма беру: 5 мин

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 48 беті

№6- сабақ.

5.1. Тақырыбы: Аралық бақылау №1. Қазақстан Республикасының конституциялық құқық негіздері. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан республикасы заңының жалпы сипаттамасы.

Сағат саны: 90 мин

Сабақ түрі: теория

5.2. Мақсаты: Құқық және заңнама жүйесі. Қазақ мемлекеті мен құқығының қалыптасу ерекшеліктері.

Ұйымдастыру кезеңі : 5 мин

- Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
- Сабақтың мақсаты мен міндетін таныстыру.

5.3. Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин

- Барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындауын тексеру;
- Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;
- Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
- Оқушылардың білімдерін бағалау;
- Үй тапсырмасын қорытындылау.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин

5.4. Дәріс тезистері:

Аралық бақылау №1

- Экономикалық теорияның негізгі даму кезеңдері.
- Экономикалық теорияның пәні. Экономикалық теорияның атқаратын қызметтері.
- Экономикалық ғылымның әдістемесі.
- Экономикалық жүйелердің типтері.
- Еңбек процесінің карапайым сәттері. Өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар.
- Ресурстардың шектеулілігі және қажеттіліктердің шексіз проблемасы.
- Қоғамдық өндіріс. Ұдайы өндіріс. Қоғамдық өнімнің қозғалыс сатылары.
- Меншік экономикалық, заңы және тарихи категория ретінде. Меншік субъектілері мен объектілері.
- Меншіктің түрлері.
- Меншіктің көптүрлілігінің объективті қажеттілігі.
- Қазақстан Республикасының меншік қатынастарын қайта құру.
- Нарықтық экономика жағдайындағы кәсіпкерлікті экономикалық жүзеге асырудың тәсілі ретінде.
- Кәсіпкерліктің түрлері мен нысандары.
- Кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысандары.
- Қоғамдық шаруашылықтың негізгі нысандары мен үлгілері. Натуралды шаруашылық, оның белгілері мен ерекшеліктері.
- Тауарлы шаруашылық: пайда болу шарттары мен себептері, негізгі белгілері.
- Тауар және оның қасиеттері.
- Құн нысандарының дамуы мен ақшаның пайда болуы.
- Ақшаның мәні мен атқаратын қызметтері.
- Құн заңы және оның атқаратын қызметтері.
- Нарықтың қалыптасуының объективті негіздері. Нарық объектілері мен субъектілері.
- Нарықтың мәні мен атқаратын қызметтері.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу	100 беттің 49 беті

23. Нарықтың құрылымы мен инфрақұрылымы.
 24. Нарықтың артықшылықтары мен кемшіліктері.
 25. Сұраныс заңы. Сұраныс қисығы. Сұранысқа әсер ететін факторлар.
 26. Бәсекенің мәні, оның экономикалық рөлі. Жетілген және жетілмеген бәсеке теориясы.
 27. Монополияға қарсы заңдар мен монополияға қарсы саясат.
 28. Кәсіпкерлік капиталдың ауыспалы айналымы мен айналымы.
 29. Негізгі және айналым капитал. Физикалық және моральдық тозу.
 30. Амортизация. Кәсіпорынның айналым қаражаттары.
 31. Инвестициялар өндірістік қорларды қаржыландырудың көзі ретінде.
 32. Шығындар түрлері және олардың жіктелуі: сыртқы және ішкі, айқын және айқын емес, бухгалтерлік және экономикалық шығындар.
 33. Қарапайым пайда шығындар элементі ретінде.
 34. Тұрақты және өзгермелі шығындар. Жалпы, орташа және шекті шығындар, олардың өзара байланысы.
 35. Фирма табысы: жалпы, орташа, шекті.
- Конституциялық құқық – құқықтық реттеудің жеке пәні болып табылатын, біркелкі қоғамдық қатынастарды реттейтін және ішкі бірлігімен сипатталатын құқық нормалар жиынтығын көрсететін ҚР құқық жүйесінің саласы. Конституциялық құқықтың пәнін құрайтын қоғамдық қатынастар мемлекеттік билікті жүзеге асырумен тікелей байланысты және мемлекеттік құрылыс, оның ұйымдарымен қатынасы, сондай-ақ адам мен мемлекет арасындағы қатынастар болып табылады. Сондықтан конституциялық құқықтың құқықтық реттеу пәні болып мемлекет пен қоғам өмірінің саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени сферасындағы тек негізгі қоғамдық қатынастар болады. Конституциялық құқық – бұл ҚР конституциялық құрылыс негізін, адам мен азаматтың, мемлекеттік құрылыстың, мемлекеттік билік органдарының жүйесін, жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару негізін реттейтін құқық нормаларының жиынтығын көрсететін ҚР жетекші құқық саласы. Конституциялық құқықтық қатынастар дегеніміз – мемлекеттік биліктің функциясымен, ұйымдастырылуымен байланысты конституциялық нормалардың негізінде тоқтатылатын және өзгертілетін қоғамдық қатынастардың адаммен және азаматпен, саяси партиялармен, қоғамдық қозғалыстармен өзара қарым-қатынасын айтамыз. Конституциялық құқықтық қатынастардың субъектілері – бұл конституциялық – құқықтық қатынасқа қатысушылар. Субъектілердің шеңбері өте кең: бұл саланың құқықтық нормалары кімге міндет жүктеп және кімге құқық берсе сол субъект бола алады. Олардың ішінде мынандай субъектілер: мемлекет, халық, депутат, мемлекеттік билік органдары, сайлау комиссиялары, азаматтар, азаматтығы жоқ азаматтар, шет ел азаматтары және тағы басқалары болады. Конституциялық құқықтық қатынастардың объектілері дегеніміз шынайы әрекет құбылыстары негізінде құқық қатынастарының субъектілерінің құқықтық байланысқа түсуі. Конституциялық құқық қатынастарының объектілеріне жататындар: мемлекеттік территория, материалдық құндылықтар, адамдардың тәртібі, мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғалардың әрекеті, азаматтардың жеке мүліктік емес құқықтары жатады. Конституциялық – құқықтық нормаларға басқа құқық саласы нормаларының барлық белгілері тән. Олар сондай-ақ қоғамдық қатынастарды тәртіпке салу құралы болып табылады және мемлекетпен қабылданып реттеушілік және қорғаушылық функцияларды атқарады. Реттеуші нормаларға, құқықтық қатынас мүшелеріне субъективтік құқық беру және оларға заңдық міндеттеме жүктеу жолымен тәртіптің белгілі бір нұсқасын белгілейтін конституциялық-құқықтық нормалар жатады. Құқық қорғаушы нормаларға субъектілер тәртібін, олар тәртіпті бұзған жағдайда, мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын белгілеу жолымен анықтайтын конституциялық-құқықтық нормалар жатады. Конституциялық-құқықтық нормалар

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-285	
Әдістемелік өңдеу	100 беттің 50 беті	

- бұл мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз етілетін және нақты құқықтар мен міндеттермен жүзеге асырылатын белгілі бір қоғамдық қатынастарды реттеу және қорғау мақсатында мемлекетпен бекітілген және санкцияланған жалпыға міндетті тәртіп ережелері. Конституциялық-құқықтық институттар дегеніміз қоғамдық қатынастың бір жақты және өзара байланысын реттейтін және біршама өзіндік топтар құрайтын конституциялық құқық нормаларының жиынтығы. Мысалы, азаматтық институты, президенттік институты, сайлау құқығының институты және тағы басқалар. Құқықтық нормалардың институты реттелетін сфераның барлық жақтарын қамтиды. Оларда өздеріне тән түсініктер, терминдер, жағдайлар болады. Мысалы, азаматтық институтының мазмұны «азамат», «азаматтық», «азаматтықтан шығу», «азаматтардың құқығы, еркіндігі мен міндеттері» сияқты түсініктерде көрсетіледі. Құқықтық институттың құрамына кіретін нормалар ортақ құқықтық принциптер мен идеялармен біріктіріледі. Яғни, азаматтық институты азаматтардың бірлігі мен теңдігі принципіне негізделінеді. Қазақстан Республикасының 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Конституциясы конституциялық құқықтың негізгі қайнар көзі болып табылады. Заң **ғылымында** Конституция деп жоғарғы заңдық күшке ие және қоғамдық құрылыс пен мемлекеттік құрылым, мемлекет пен тұлға арасындағы өзара байланыс, мемлекеттік орган жүйесінің қызметі мен ұйымдастырылу негізін бекітетін негізгі заң түсіндіріледі.

ҚР Конституциясы келесі заңдық қасиеттерді иеленеді:

1. Бұл құқықтық акт, заң. ҚР Конституциясы - бірыңғай ерекше заңдық қасиетке ие құқықтық акт, оның көмегімен халық қоғам мен мемлекеттің құрылымының негізгі принциптерін құрады, мемлекеттік биліктің субъектілерін, оны жүзеге **асыру механизмін анықтайды**, мемлекет қорғайтын адам мен азамат құқығын бекітеді.
2. Заңдық жоғарылығы. Конституцияның жоғарылығы конституциялық құрылысты нығайтады, яғни мемлекеттің Конституцияға, құқыққа бағынуы. Конституция барлық басқа нормативтік актілерге қатысты жоғарғы заңдық күшке ие. Сондықтан заңдар және басқа құқықтық актілер Конституцияға қайшы келмеуі керек. Бұл оны қорғаудың ерекше құралымен кепілделінетіндігінен байқалады. Конституцияға қайшы келетін актілер өзгертіледі немесе онымен сәйкестендіріледі.
3. Ағымдағы заңның базасы болады. Нақ Конституция құқық шығармашылық процессін анықтайды - әр түрлі органдар қандай негізгі акт қабылдайтындығын, олардың атауын, заңдық күшін, заңдардың қабылдану тәртібі мен процедурасын бекітеді.
4. Қабылдау және өзгертудің ерекше тәртібі. ҚР Конституциясына өзгерістер енгізумен қайта қарау үшін ерекше, күрделі тәртіп бекітілген. ҚР Конституциясы 1995 жылы бүкіл халықтық дауыс беру жолымен қабылданды және қатаң конституциялардың қатарына жатады.

Конституциялық құрылыс – бұл мемлекетті құқыққа бағындыруды қамтамасыз ететін және оны конституциялық мемлекет ретінде сипаттайтын мемлекетті ұйымдастыру формасы. Демократиялық конституциялық мемлекетте қоғам бір уақытта мемлекетті басқарушы ретінде және өзін реттеуші жүйе ретінде өзін реттеуші азаматтық қоғам мен оның қажеттілігінен тәуелді болады. Өрекет ететін Қазақстан Конституцияда ҚР Конституциялық құрылысының концепциясының негізіне Конституцияның 1 бөлімінің 1 бабында бекітілген негізгі принцип гуманистік идея қойылған: қоғамдық келісім және саяси тұрақтылық, бүкіл халық игілігіне экономикалық даму, **қазақстандық патриотизм**, мемлекеттік өмірдің маңызды сұрақтарын шешуде демократиялық әдістер қолдану бұған референдумда және Парламентте дауыс беру де кіреді. ҚР Конституциялық құрылысына қоғамда қалыптасқан қоғамдық қатынастың бүкіл жүйесі кіреді. Оның нығаюында Қазақстан Республикасының бүкіл құқық саласы мен заңдары қатысады. ҚР Конституциясына сәйкес (16) Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп бекітеді.

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 51 беті

1. Қазақстан Республикасы демократиялық мемлекет деп жариялайды (ежелгі грек сөзі «демократия» аударғанда халық билігі). Оның демократиялық сипаты келесіден көрінеді: онда халық билігін қамтамасыз ету; биліктің заң шығарушы, атқарушы, сот тармақтарына бөлінуі; идеологиялық және саяси алуандылық; меншіктің барлық формасын тану және тең қорғау. Демократиялық мемлекетте биліктің бірден-бір бастауы және қорғаушысы халық болады. Бүкіл биліктің қорғаушысы халық деп тану халық егемендігін көрсетеді. Халық егемендігі халықтың толық билігін көрсетеді., яғни қоғам мен мемлекеттің істерін басқаруға халықтың шынайы қатысуы үшін халықтың әлеуметтік-экономикалық және саяси құралдарды иеленуі. Халық өзінің билігін тікелей республикалық референдум **және сайлаумен қатар**, мемлекеттік билік органдарына делегат жіберу арқылы жүзеге асырады.

2. Құқықтық мемлекет. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан өзін құқықтық мемлекет деп бекітеді. Құқықтық мемлекет мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар, қоғамдық ұйымдар мен азаматтар түгелімен бағынуға міндетті әрекет ететін құқықтық нормалармен өзін шектеумен сипатталады. Осыған байланысты құқықтық мемлекеттің жұмыс істеуінің негізгі принципі құқық жоғарылығы болып табылады. Бұл ең алдымен Конституция мен заңдардың жоғарылығын көрсетеді. Құқықтық мемлекеттің мәні – оның жүйелі демократизмі, билік көзі ретіндегі халық егемендігін бекіту, мемлекетті қоғамға бағындыру құқықтық мемлекет болып өзінің міндетті ерекшелік қасиетін танитын және билікті бөлу институтын, соттың тәуелсіздігін, **басқарудың заңдылығын**, азаматтардың құқығын мемлекеттік биліктің бұзуынан оларды құқықтық қорғауды танитын мемлекет есептеледі. Құқықтық мемлекеттің басты идеясы құқықтық мемлекетпен байланысты болуы, оның әрекеті болжау және сенімділік кепілдігі, азаматтарды мемлекет пен оның органдары тарапынан болуы мүмкін зорлық-зомбылықтан қорғау.

3. Әлеуметтік мемлекет. Әлеуметтік мемлекет – бұл әлеуметтік саясаты адамның өмір сүруі мен оның еркін дамуына материалдық қатынастың еркін дамуына, ақталмаған әлеуметтік айырмашылықты жеңуде лайықты қамтамасыз етуге бағытталған мемлекет. Әлеуметтік мемлекет өзінің әр бір азаматына адамға лайықты тіршілік минимумын қамтамасыз етуге ұмытылады және осыған байланысты әр бір есейген адамның өзін және өзінің отбасын асырауға ақша табу мүмкіндігі болуы қажет. Егер әр түрлі себептерге байланысты мұндай мүмкіндік жүзеге асырылмаса және адам қажеттілігі тиісті деңгейде қанағаттандырылмаса ғана мемлекет араласады. Әлеуметтік мемлекеттің маңызды бір мақсаттарының бірі әлеуметтік теңдікті қамтамасыз ету болып табылады. Мемлекеттің әлеуметтік теңсіздікке қарсы тұру құралы әлеуметтік қамтамасыз ету.

4. Зайырлы мемлекет. Зайырлы мемлекет мемлекеттің шіркеуден бөлінгендігін, олардың қызмет шеңберін шектелгендігін (сонымен қатар мектеп те шіркеуден бөлінген, бұл мемлекеттік құрылымның зайырлылық сипатымен қамтамасыз етіледі), сондай-ақ қандай да бір діннің мемлекеттік немесе міндетті болып бекітілуіне тиім салынуудан көрінеді. Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет ретінде діни ұйымдардың мемлекеттен бөлінгендігімен сипатталады. Мемлекет ісіне діни қоғамдық ұйымдардың араласуына жол берілмейді және мемлекеттік органдардың діни ұйымдардың ісіне араласуына жол берілмейді. Қазақстан Республикасының Конституциясы адам құқы туралы халықаралық құжаттардың негізгі идеялары мен қағидаларын қабылдады және оны мемлекеттің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып нығайтты.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда қамтылатын кейбір ұғымдарды түсіндіру

Осы Заңда қамтылатын ұғымдар мынадай мағынада қолданылады:

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 52 беті

1) әкімшілік-шаруашылық функциялар – ұйымның балансындағы мүлікті басқаруға және оған билік етуге Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық;

1-1) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам – мемлекеттік функцияларды және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей орындау үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымды атқаратын адам, оның ішінде Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты, судья, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, сол сияқты Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік саяси лауазымды не "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымын атқаратын адам;

2) лауазымды адам – тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам;

2-1) мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам – көрсетілген ұйымдарда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнаулы өкілеттік бойынша орындайтын адам;

3) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам – Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңдарына сәйкес мемлекеттік қызметші, мәслихат депутаты, сондай-ақ мемлекеттік лауазымда көзделген міндеттерді мемлекеттік қызметке тағайындалғанға дейін уақытша орындайтын адам;

4) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам – жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адам; Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттардың депутаттығына, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органының мүшелігіне кандидаттар ретінде тіркелген азамат; жергілікті өзін-өзі басқару органында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет қаражатынан жүргізілетін қызметші; мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам, сондай-ақ сатып алуды, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу бойынша шешімдер қабылдауға уәкілеттік берілген не мемлекеттік бюджеттің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатынан қаржыландырылатын жобаларды іріктеу мен іске асыруға жауапты, көрсетілген ұйымдарда дербес құрылымдық бөлімшенің басшысынан төмен емес лауазымды атқаратын адам, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен оның ведомстволарының қызметшілері, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның қызметшілері; Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс істейтін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қызметшілері;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 53 беті

5) мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

6) сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар және осы Заңға сәйкес өзге де шаралар;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер – осы Заңда белгіленген және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер;

9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыру мен іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері;

11) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

12) сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

13) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 54 беті

14) ұйымдастырушылық-өкімдік функциялар – қызмет бойынша бағынысты адамдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдерді шығаруға, сондай-ақ бағынысты адамдарға қатысты көтермелеу шаралары мен тәртіптік жазалар қолдануға Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық;

Ескерту. 1-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 06.04.2016 № 484-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 26.11.2019 № 273-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.10.2020 № 365-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2021 № 91-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

1. Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында жеке және заңды тұлғаларға қатысты қолданылады. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде осы Заң Қазақстан Республикасының азаматтары мен Қазақстан Республикасында тіркелген заңды тұлғаларға қатысты қолданылады.

2. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық пен жаза – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде, әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылық пен жаза – Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген.

3-бап. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда қамтылғаннан өзге де қағидалар белгіленген болса, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

4-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл:

- 1) заңдылық;
- 2) адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;
- 3) жариялылық пен ашықтық;
- 4) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 55 беті

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды көтермелеу;

8) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

5-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты мен міндеттері

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу мынадай:

1) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

2-тарау. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ШАРАЛАРЫ

6-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды;

3-1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізуді;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңдық сараптама жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық сипаты бар нормаларды анықтауды;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыруды және сақтауды;

6) қаржылық бақылауды;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 56 беті

8) мүдделер қақтығысын болғызбауды және шешуді;

9) кәсіпкерлік саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын;

10) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді;

11) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлауды;

12) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарларын жоюды;

13) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы қалыптастыруды және жариялауды қамтиды.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 26.11.2019 № 273-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

7-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ қоғамның сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы мен бағалауына қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, жинақтап-қорыту, талдау және бағалау жөніндегі қызметі.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мақсаты – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасын бағалау болып табылады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің дереккөздері – құқықтық статистика мен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың мәліметтері, әлеуметтік сұрау жүргізу деректері мен бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар, сондай-ақ заңмен тыйым салынбаған өзге де ақпарат көздері болып табылады.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған шараларды жетілдіру үшін негіз болып табылуы мүмкін.

5. Осы баптың ережелері арнаулы мемлекеттік органдардың қызметіне қолданылмайды.

8-бап. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау (ішкі және сыртқы) – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауды Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша айқындайтын тәртіппен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган мынадай бағыттар:

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 57 беті

1) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ұйымдық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізуге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзге де субъектілерінің мамандарын және (немесе) сарапшыларын тартуға құқылы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау нәтижелері бойынша мемлекеттік органдар, ұйымдар және квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлықтың туындау себептері мен жағдайларын жою жөнінде шаралар қабылдайды.

3. Осы баптың 2-тармағының күші мына салалардағы қатынастарға:

- 1) прокуратура жүзеге асыратын жоғары қадағалауға;
- 2) қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуге;
- 3) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуге;
- 4) сот төрелігіне;
- 5) жедел-іздістіру қызметіне;
- 6) қылмыстық-атқару қызметіне;

7) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптарының сақталуын бақылауға қолданылмайды.

4. Осы баптың 2-тармағының ережелері арнаулы мемлекеттік органдардың қызметіне қолданылмайды.

5. Мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдайды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік тәртібін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2017 № 86-VI Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-285	
Әдістемелік өңдеу	100 беттің 58 беті	

9-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру – тұлғаның адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі.

4. Ақпараттық және ұйымдастырушылық қызмет бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, әлеуметтік маңызды іс-шараларды, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шараларды ұйымдастыру арқылы іске асырылады.

10-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар – қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласы үшін белгіленген, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды жұртшылықтың қатысуымен мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері әзірлейді және олар заңнаманы әзірлеу кезінде және құқық қолдану практикасында ескеріледі.

5.5. Иллюстративті материал:

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

ә) көрнекі және дидактикалық құралдар: өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер, тест тапсырмалары, сөзжұмбақтар.

5.6. Әдебиет:

1. Экономикалық теория негіздері. Оқулық. Я. Әубәкіров, М.Есқалиев және т.б. Алматы, «Санат», 1.
2. Экономика здравоохранения: учебник / под ред. А. В. Решетникова. - 2-е изд., перераб. и доп. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГБОУ ВПО "Первый Мос. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 192 с
3. Общественное здоровье и здравоохранение, экономика здравоохранения. В 2 т. Т. 1 : учебник /. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 688 ил.
4. Основы маркетинга: учеб. для мед. училищ и колледжей / под ред. И. В. Липсица, М. Н. Дымшица ; М-во обр. и науки РФ. - ; Рек. ФГБОУ ВПО " Гос. ун-т управления". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 208 с. : ил.
5. Сыздыкова, К. Ш. Экономика и маркетинг в здравоохранении : учебное пособие / К. Ш. Сыздыкова, Ж. С. Тулебаев, Э. А. Актуреева. - Алматы : ИП "Ақнұр", 2015. - 274 с.
6. Экономика здравоохранения : учебник / под ред. А. В. Решетникова. - 2-е изд., перераб. и доп. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГБОУ ВПО "Первый Мос. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 192 с.

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 59 беті

7. Основы маркетинга: учеб. для мед. училищ и колледжей / под ред. И. В. Липсица, М. Н. Дымшица ; М-во обр. и науки РФ. - ; Рек. ФГБОУ ВПО " Гос. ун-т управления". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 208 с. : ил.

8. Рахыпбеков, Т. К. Денсаулық сақтау саласындағы экономикалық талдау әдістері: оқу құралы / Т. К. Рахыпбеков. - Алматы : АҚНҰР, 2016. - 340 бет

5.7. Бақылау сұрақтары:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты не?
2. Құқық ұғымы және жүйесін;
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мақсаты не?
4. Заңсыз алынған мүлікті немесе оның құнын мемлекетке өз еркімен қайтарудан бас тартқан жағдайда, өндіріп алу қалай жүзеге асырылады?
5. Құқық сөзіне түсініктеме бер?
6. Құқық негіздері пәнінің негізгі мәселесі қандай?
7. Құқықтың қызметтерін ата?

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

1. Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

Сабақты қорытындылау: 10мин

1. Оқушыларды бағалау.
2. Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

Үйге тапсырма беру: 5 мин

№7- сабақ.

5.1. Тақырыбы: Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық негіздері. Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілік.

Сағат саны: 90 мин

Сабақ түрі: теория

5.2. Мақсаты: Әкімшілік құқық пәні. Әкімшілік Құқық Жүйесі. Әкімшілік Реттеу Әдістері. Әкімшілік-Құқықтық Нормалар. Қазақстан Республикасының Әкімшілік Құқық Көздері.

Ұйымдастыру кезеңі : 5 мин

- а) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
- б) Сабақтың мақсаты мен міндетін таныстыру.

5.3. Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин

- а) Барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындауын тексеру;
- ә) Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;
- б) Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
- в) Оқушылардың білімдерін бағалау;
- г) Үй тапсырмасын қорытындылау.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин

5.4. Дәріс тезистері:

1. Әкімшілік құқық ұғымы. Әкімшілік құқық атқарушы билік органдарының (Үкімет, министрлер мен ведомстволар, өзге де орталық атқарушы органдар, әкімияттар, сондай-ақ басқа да жергілікті атқарушы органдар) қызметін ұйымдастырумен байланысты қатынастарды реттейді, олардың құрылымын, өкілеттіктері мен күзіретін, сонымен бірге олардың арасындағы өзара іс-қимылдарын анықтайды. Әкімшілік құқықпен сондай-ақ мемлекеттік билік органдарының азаматтармен және өздерінің күзіреттеріне сәйкес мемлекеттік емес ұйымдармен

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-285	
Әдістемелік өңдеу	100 беттің 60 беті	

өзара іс-қимыл жасауы барысында туындаған қатынастары, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықпен байланысты қатынастар реттеледі.

Әкімшілік құқық жалпы әмбебеп жинақталған актінің болмауымен сипатталады, мұның соңғысы құқықтың осы саласымен реттелетін қатынастар құрамының күрделі болуына байланысты. Әкімшілік құқықтың қайнар көздері болып Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, әкімшілік-құқықтық қатынастары нормалары бар және осы қатынастарды реттейтін өзге де заң актілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болатын халықаралық-құқықтық келісімдер болып табылады.

Әкімшілік құқық мемлекеттік билік органдарының билік-өкім басқару өкілеттіктерімен сипатталады. Заңның негізінде және олардың құзіретіне сәйкес қабылданатын шешімдер орындау үшін міндетті болып табылады. Ол өзінің ішкі мазмұны жағынан олардың ерік беру - шешімдер жолданатын адамдардың белсенді іс-әрекеттеріне құқық беру; тыйым салу - белгілі бір әрекеттер жасаудан тартыну талабы, нұсқаулар, яғни белгілі бір әрекеттер жөнінде адамдарға міндеттер жүктеу сипатында болуы мүмкін. Бұл өз кезегінде, әкімшілік құқық саласының ерекшелігін дәлелдейді, бұл әкімшілік құқықтық қатынастар субъектілері жағдайының бірдей маңызды болмайтынынан көрінеді. Алайда, осыған қарамастан, әкімшілік-құқықтық қатынастарға қатысушылар, мұның азаматтық-құқықтық қатынастарға қатысушылар үшін сипатта болатынындай тең болып табылмайды. бұл ұғым азаматтар мен заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен бостандықтарына қысым жасалады деген сөз емес. Әкімшілік заңнамасында осы қатынастарға барлық қатысушылардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау кепілдіктері айтылады, олар азаматтар мен заңды тұлғалардың, олардың арасындағы қатынастарындағы мемлекеттік органдар мен уәкілетті адамдардың шешімдері мен әрекеттеріне шағым беру мүмкіндігіндей құзіретін айқын реттеуден көрінеді.

Сонымен әкімшілік құқық Қазақстан Республикасы құқық жүйесінің құрамды буыны болып табылады. Әкімшілік құқықтың тағы бір маңызы мынада: қаржы, банк, кеден, салық құқығы және басқалары сияқты құқық салаларының жаңа институттарын құру процессінде әкімшілік-құқықтық нормалар басқарушы, әдістемелік орталық рольді атқарады, және олардың орнығуына, кешенді институттар мен дербес салалар болып бөлініп шығуына көмектеседі. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманың міндеті адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, халықтың денсаулығын, санитарлық-эпидемиологиялық саулығын, қоршаған ортаны, қоғамдық имандылықты, меншікті, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, белгіленген тәртіпте жүзеге асыратын мемлекеттік билікті, ұйымдардың заңмен қорғалатын құқықтары мен бостандықтарын әкімшілік құқық бұзушылықтан қорғау, сондай-ақ олардың жасалуының алдын алу.

Қазақстан Республикасының «әкімшілік құқығы» мемлекеттік басқарудың негіздерімен байланысты мәселелерді қамтиды, атқарушы өкіметтің жүйесін ашады, сонымен қатар жеке адамдардың мемлекетті басқарудағы рөлін көрсетеді. Ол экономиканы мемлекеттік басқарудың құқықтық, әлеуметтік дамуы мен мәдениеттің, әкімшілік-саяси құрылымдардың, Қазақстан Республикасы салааралық мемлекеттік басқарудың негіздерін, сонымен қатар басқармалық қызметте заңдылықты қамтамасыз ету нысандары (формалары) мен әдістерін оқытуды қарастырады.

Қазақстан Республикасының «әкімшілік құқығы» мемлекеттік басқару жүйесі мен бұл саладағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу механизміне түсінік береді.

2. Әкімшілік құқық - Қазақстан Республикасы құқық жүйесіндегі негізгі саланың бірі. Белгілі құқықтанушы Алексеевтің ойынша құқық миссиясы терең қажеттіліктерден туындаған.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу	100 беттің 61 беті

Олар:

- азаматтық қағидаларды (принциптерді) қалыптастыру.
- басқарудағы түрлі мүдделердің ескерілуін қамтамасыз ету.
- автономды тұлғаның дербес мәртебесін (статусын) сақтау.

Бұлардың бірі әкімшілік құқыққа да қатысты. Қоғамдық санада әкімшілік құқық атқарушы биліктің күштеу құралы ретінде қалыптасқан. Әкімшілік құқық конституциялық қылмыстық құқықтар секілді дербес құқық саласы болып табылады. «Әкімшілік» сөзі латынша «басқару» мағынасында, сондықтан бұл саланы көбінесе «басқару құқығы» деп те атайды. Сонымен әкімшілік құқық дегеніміз мемлекеттік басқару саласында, атқарушы мемлекеттік органдар қызметін жүзеге асыру процессінде қалыптасатын қоғамдық қатынастарды реттейтін заң саласы.

Әкімшілік құқықтық реттеу мемлекеттік басқару аясында қарастырылады, сонымен қатар әкімшілік құқық тұрғысынан басқару мазмұнындағы қатынастар мәселесі көтеріледі.

Әкімшілік құқық жалпы қоғамдық қатынастарды, оның ішінде әкімшілік құқықтық реттелуін қарастырып, тәжірибеде әкімшілік-құқықтық нормалардың орындалуын тақылайды және мемлекеттік басқаруда объектілер мен субъектілердің құқықтық мәртебесін белгілеп, басқарудың құқықтық әдістері мен нормаларын және олардың жүргізілу тәртібін айқындап, сонымен қатар басқарушы мен басқарылушы тараптардың қызметін реттейді.

Әкімшілік құқықтың негізгі мақсат-міндеттері:

- қоғамның, мемлекеттік аппараттың, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі басты құрал ретінде әкімшілік биліктің тиімді қызмет етуіне жағдай жасау.
- атқарушы билікті демократиялық ұйымдастыру.
- атқарушы биліктің қалыптасуымен байланысты адамадар мен олардың бірлестіктерінің құқықтары мен бостандықтарының нығаюына оң әсер ету.
- азаматтар мен қоғамды - атқарушы биліктің бір жақты озбырлығынан қорғау.
- қоғамдық қатынастарды реттеу, нығайту,
- Конституция талаптарына сай немесе қоғамдық даму заңдарына сай жаңа қоғамдық қатынастарды қалыптастыру.
- әкімшілік нормалармен, өзге де құқық салаларымен реттелген қоғамдық қатынастарды қорғау.
- қоғам, мемлекет, азаматтар мүддесіне сай емес басқару саласындағы қатынастарды ығыстыру.

3. Әкімшілік құқық - оқу пәні және ғылым ретінде. Қазіргі әкімшілік құқық - құқық саласы ретінде құқық жүйесінде жеткілікті деңгейде жеке тұлға құқығын нығайтатын және оны әкімшілік үстемдіктен қорғайтын нормалар пайда болған кезде қалыптасты. Әкімшілік құқық жәй ғана атқарушы биліктің еркін ғана білдіріп қоймай, сонымен қатар үлкен құбылыс болып саналады. Әкімшілік құқық - өте маңызды, әрі күрделі сала, өйткені мемлекеттік әкімшіліктің қоғамдық мәні зор. Басқару қоғамның барлық саласында бар және оның қызмет көлемі үлкен, мазмұны әр қилы.

Әкімшілік құқық - құқықтық нормалар мен институттардың біртұтас жүйесі. Оларды біріктіретін қағидалары (принциптері), мақсаттары, реттеу әдістері және пәні. Әкімшілік құқық әлеуметтік мүддеге қызмет ете отырып өзге құқық салалары секілді өзінің заңдық басымдықтары ретінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қарастырады. Қазақстан Республикасының Конституциясында азаматтардың бұлжымас-абсолюттік құқық-тарының концепциясы айқындалған.

Әкімшілік құқықтың басты мақсаты - мемлекеттік билік аппаратын заң мүддесіне қызмет етіп, оның талаптарын орындауға бағыттау. Құқық салалары өзара пәні, құқықтық реттеу

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу	100 беттің 62 беті

әдістері бойынша ажыратылады. Зандық әдебиеттерде әкімшілік құқықтың ғылым немесе пән ретінде қатынасы әлі де таластар тудыруда. Әкімшілік құқық пәні дегеніміз оның нормаларымен реттелетін қатынастар жүйесі. Әкімшілік құқық Қазақстан Республикасының құқық жүйесіндегі жеке сала ретінде қоғамдық қатынастардың ерекше тобын реттейді. Олар мемлекеттік басқару саласында пайда болып, дамып, жойылатын қатынастар. Мұндай қатынастар әр қилы, әрі әкімшілік құқық пәнін құрайды. Бұлар басқарушылық қатынастар деп аталады.

Әкімшілік құқық пәні шартты түрде екі бөлімнен тұрады:

1. Аппарат ішілік қатынастар. Мұнда мемлекеттік органдардағы аппарат ішілік жұмыс әдістерін және формаларын, қызметін ұйымдастыру нығайтылады.

2. Әкімшілік биліктің түрлі ұйымдармен, мекемелермен, азаматтармен қатынасы.

Әкімшілік құқық пәні астарында басқару мазмұнындағы қатынастар жатыр. Бұл қатынастардың түрлері:

- басқару органдары арасындағы көлбеу (вертикальды) қатынас (Қазақстан Республикасы Үкіметі және Министрлік)

- басқару органдары арасындағы бағынушылық қатынас (аудандық әкімшілік және жергілікті орган)

- басқару органдарының өздеріне бағынышты ұйым, бірлестіктермен қатынасы (завод және министрлік).

Әкімшілік құқық пәнімен қоса әкімшілік құқық ғылымына тоқталып өтер болсақ, әкімшілік құқық ғылымы заң ғылымының негізгі бөлігі болып саналады. Ол әкімшілік құқықтың даму заңдылықтарын зерттейді. Әкімшілік құқық ғылым ретінде әкімшілік-құқықтық құбылыстар туралы ұғымдар, категориялар және тұжырымдар жүйесі болып табылады.

Әкімшілік құқық ғылымы мемлекеттік басқару сферасындағы қатынастарды реттейтін құқықтық нормаларды зерттеп, мемлекеттік басқару аппаратының құқықтық реттелу заңдылығын қарастырады. Ол басқару қатынастарын талдап, мәнін ашып және тәжірибеде әкімшілік-құқықтық нормалардың кең қолданылуын дәріптейді. Әкімшілік құқық ғылымы мемлекеттік басқару объектілері мен субъектілерінің мәртебесін, басқарудың құқықтық формалары мен әдістерін, мемлекеттік басқарудағы заңдылықты, тәртіпті қамтамасыз ету тәсілдерін, әкімшілік процесс мәнін қарастырып, осылардың ғылыми жақтары бойынша мәселелерді қозғайды.

Осы заңдылықтарды терең, әрі жан-жақты талдау нәтижесінде әкімшілік-құқықтық нормаларды өзгертуге, реттеуге, бастысы олардың тиімділігін көтеруге бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар, сілтемелер жатқызылады. Әкімшілік құқық ғылымының да құқық саласы сияқты өзіндік жүйесі бар және олар әкімшілік-құқықтық институттар арасындағы ішкі байланыстар ішінде қалыптасқан. Әкімшілік құқық ғылымы сондай-ақ әкімшілік құқықтың даму заңдылықтарын және оның өзге де теориялық мәселелерін қарастырады. Жоғарғы деңгейде дамыған әлсуметтік, демократиялық елдерде әкімшілік құқық қоғам дамуының ерекшелігін, деңгейін және басқару органдары қызметінің шынайылығын көрсетеді. Қорытындылай келе әкімшілік құқық дегеніміз Қазақстан Республикасының әкімшілік-құқықтық нормаларымен және нормативтік-құқықтық актілермен бекітілген, жалпыға міндетті нормалар жүйесі. Адам мен азаматтың құқықтық мәртебесінің негіздері, қағидалары Жалпы, құқықтық мемлекет жөнінде азаматтардың санасын қалыптастырмай, олардың қоғам мен мемлекет алдындағы міндеттерін жете түсіндірмей, оны түбегейлі орнату мүмкін емес.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу	100 беттің 63 беті

Бір сөзбен айтқанда, заңның дұрыс орындалуын қамтамасыз ететін, азаматтарының құқықтары мен міндеттерінің кепілі болатын мемлекетті қалыптастыру - құқықтық мемлекетті орнату болып табылады.

Ал құқықтық мемлекет дегеніміз – жеке адам және қоғам мүддесін қорғайтын, заң үстемдігі мен құқық принциптеріне негізделген мемлекет.

Құқықтық мемлекетті қалыптастыруда қабылданып жатқан заңдар жоғары талапқа сай болуы керек. Заңның үстемдік етілуі міндетті түрде. Құқықтық мемлекетте азаматтардың бірде - бір құқықтары мен бостандықтары бұзылмауы тиіс және заңдарда көрсетілген талаптардың, міндеттердің, құқықтардың жүзеге асырылуын мемлекет қамтамасыз етуі қажет.

Шынайы құқықтық мемлекет құру үшін қоғамдық өмірдегі әр салаға заңның күші бірдей дәрежеде әрекет етуі тиіс, әсіресе, ол ең алдымен биліктің бөлінуі барысында пайда болған заң шығарушы, сот және атқарушы билікті жүзеге асыратын органдар үшін міндетті қағида. Тек осы жағдайда ғана азаматтардың құқықтары мен бостандықтары еш шүбәсіз қамтамасыз етілмек. Біздің мемлекетімізде құқықтық мемлекетке тән негізгі принциптер Ата заңымызда нақты көрсетілген.

Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау қағидасының құқықтық мемлекетте іске асырылуына арналған. Мемлекет пен оның құрылымдарының қызметін жетілдіру, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, азаматтардың лайықты өмір сүруін қамтамасыз ету құқықтық мемлекеттің дамуының басты міндеттері болып табылады. Құқықтық мемлекет құру, азаматтық қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз ету - заңдылыққа негізделген, адам құқықтарын қорғауға бағдарланған мемлекеттің ролін күшейтуді талап етеді. Осыған байланысты барлық мемлекеттік аппарат қызметінің қағидасын іске асырушы әрбір мемлекеттік органның ролін, оның міндеттері мен қызметтерін талдаудың қажеттілігі туындайды.

Адам құқықтарын қорғауды кез келген мемлекеттік орган өзінің міндеті деп жариялауда. Бірақ олардың адам құқықтарын қорғау механизміндегі ролі мен орнын анықтау кезінде бағдарламалары мен құзіреттіліктерінде көптеген қайталаулар, қарама-қайшылықтар бар екендігі байқалады.

Құқықтық мемлекеттің дамуы биліктің адам құқықтары мен бостандықтарын тек мойындауын ғана емес, сонымен бірге оларды іске асыратын және қорғайтын шын мәнісінде әрекетті мемлекеттік механизмнің болуын қарастырады.

Бұл мәселеде құқық қорғаушы құрылымдарға, оның ішінде ішкі істер органдарына ерекше орын беріледі. Құқық қорғау органдары көп жағдайларда қоғамымызда орын алып отырған жағымсыз жағдайлармен бірінші болып бетпе-бет келеді, олардың міндеті азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау болып табылады.

Біріншіден, адам құқықтарын қорғау демократиялық құқықтық мемлекеттің басты ішкі қызметіне айналуы тиіс.

Екіншіден, бұл мемлекет пен адам мүдделерінің арасындағы басымдылықтарды бөлуді жаңаша қарастырушы негізгі идея.

Үшіншіден, әртүрлі мемлекеттік органдар бұл қағиданы іске асыру барысында түрліше қызмет атқара отырып, адам құқықтарын қорғау ісіне өз үлестерін қосып келеді.

Төртіншіден, адам құқықтарын қорғауда құқықтық мемлекеттің орнын анықтай отырып, біз адам құқықтарын қорғау, сақтау, қамтамасыз ету және кепілдік беру сияқты қызмет түрлерін анық шектейміз.

Бесіншіден, адам құқықтарын қорғау механизмін жүйелілік қағидасы бойынша талдай отырып, біз бұл жүйеде кемшіліктер, қарама-қайшылықтар, қайталаулар орын алып отырғандығын анықтадық.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу	100 беттің 64 беті

Адам құқықтарын сипаттауға жаңа көзқарастың терең мағынасы олардың ерекше артықшылықты мәртебесі мен қорғанғандықтың жоғары дәрежесін мойындағандығында жатыр. Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабында: «Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды. Заңдар мен өзге де нормативтік, құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады» - деп жазылған.

Конституциядағы көрсетілген Қазақстан Республикасының

азаматтарының міндеттері мен құқықтары

Республика азаматының негізгі құқықтарымен қатар міндеттері де 1995 жылдың 30 тамызындағы бүкілхалықтық талқылаудан өтіп қабылданған Конституцияда анық тұжырымдалған.

Адам тумасынан өзіне қажетті құқықтар мен бостандықтарға ие. Ал ол өз мемлекетінің азаматтығын алғаннан кейін азаматтық құқықтарға ие болып, тиісті міндеттерді қоса атқаруға тиіс. Конституцияда адамды қастерлеу, құрметтеу, адамгершілік сезімдеріне үлкен маңыз берілген. Әркімнің өзінің жеке басының бостандығы заң жүзінде қорғалған. Заң бойынша адамның жеке басының қадір-қасиетіне қол сұғылмайды.

Конституцияның 19-бабында “Әркімнің өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы” деп жазылған. Адамдардың ар-ождан бостандығына заң жүзінде толық кепілдік берілген.

Республика азаматтарының заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстауында, оны мұраға қалдыруына конституциялық кепілдік жасалған.

Конституцияның 39-бабында адамдардың құқықтары мен бостандықтарына қоғамдық тәртіпті, адамның құқығы мен бостандығын, халықтың денсаулығын қорғау мақсатында ғана шектеу қойылуы мүмкін екендігі көрсетілген.

39 баптың 3 пунктінде азаматтардың құқықтарын, яғни азаматтық құқығы, өмір сүру құқығы, жеке өміріне, өзінің және жанұясының құпиясына қол сұғылмауына, мемлекет органдары мен лауазым иелерінің кінәсінен шеккен зиянды қайтарып алуына т.б құқықтарын тіпті ең төтенше жағдайлардың өзінде де шектеуге рұқсат бермейтіні айтылған.

Конституцияда жеке, азаматтық және саяси құқықтарға, осы құқықтардың кепілдігіне айтарлықтай көңіл бөлінеді.

Жеке меншік құқығы заңмен қорғалады (6 бап.). Жерді меншіктеу құқығы бекітіледі (21,25 бап.), сонымен қоса өзінің мүмкіндіктерін және мүліктерін кәсіпкерлік қызметте және заңмен тыйым салынбаған экономикалық қызметте еркін пайдалануына құқықтары бар. Бұл нарықтық экономиканың тұрақты дамуы, экономикалық реформаның алға жылжуы үшін сенімді конституциялық негіз жасауды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 13 бабында әр адамның өзінің бостандығы мен құқығын сот арқылы қорғай алатыны көрсетілген. Әр адамның заң мамандарынан көмек алуға, үкімді Жоғары сотқа қайта қаратуға, жазаны жеңілдетуді сұрауға құқығы бар.

Азаматтардың медициналық көмек алуына, мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Ал орта білім алу Конституция бойынша міндетті деп табылған.

Республика азаматтарының құқығы мен міндеттерін сөз еткенде, екі мәселені ерекше атап өтуге болады. Бірі – заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып табылады, екіншісі – Отан қорғау әрбір азаматтың қасиетті парызы және міндеті. Азаматтардың құқығы мен міндетін сөз еткенде бұл талаптардың адамдардың өз құқықтарын көбірек біліп, міндеттерін орындауға келгенде ұмытшақтық танытатыны жиі кездеседі.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 65 беті

Халық өзі дауыс беріп қабылдаған заңын әрдайым әділ деп есептейді. Заңға құрмет болмайынша, оны қастерлеу ішкі қажеттілікке айналмайынша, заңның құдіреті шамалы болады. Конституция мәртебелі болуы үшін, оның принциптері, қағидалары қоғам, мемлекет, халық өкіметінің туы, қазығы, мәні болуға тиіс.

Заң жақсы жұмыс істеуі үшін, оны бұлжытпай орындау азаматтардың күнделікті дағдысына, үйреншікті әдетіне айналуға тиіс. Әртүрлі амал-айламен заңды айналып өтуге тырысушылық өркениетті елдің мәдениетіне жатпайды.

Бізде қылмыс, ұрлық-қарлық, жемқорлық көп. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң бекерден-бекерге шығып отырған жоқ. Бұл қылмыстың дәрежесі қоғамға, мемлекетімізге, едәуір қауіп төндіріп, алға басуымызға бөгет бола бастады.

Заңды қабылдағаннан соң оны мүлтіксіз орындау қажет. Қалың көпшіліктің заңды жаппай мойындауын, іштей түйсініп сезінуін, өз өмірінің басты ережесіне айналдыруын қамтамасыз ету оңай шаруа емес.

Заң беделге, мансапқа, лауазымға, ақшаға, байлыққа сатылмай, тек ақиқатқа бас иеді. Біз де келешекте осыған жетуіміз керек.

Біздің Негізгі Заң дүние жүзіндегі ең жас Конституциялардың бірі-нағыз сәби шағы. Оған өзгерістер енгізуге кейде ұсыныстар болады, бұлай өзгерістер енгізе беру Конституцияның беделін көтермейді. Уақыты келгенде, пісуі жеткенде ғана өзгерістер енгізген жөн.

Отбасы құқығының пәнін құрайтын қоғамдық қатынастар өзіндік (мүліктік емес), немесе мүліктік болуы мүмкін. Мүліктік және өзіндік қатынастар құқықтың басқа да салаларының, бірінші кезекте азаматтық құқықтың реттейтін пәнін құруы мүмкін. Бірақ, аталған қатынастардың басымдығы бір жағынан, азаматтық құқықта, екінші жағынан, отбасы құқығында бірдей емес. Азаматтық құқықтың негізгі міндеті - мүліктік қатынастарды реттеу болып табылады. Ол өзіндік қатынастарды, олар мүліктік қатынастардан туындайтын болса, немесе қандай да болмасын өзіндік қатынастарды реттеу туралы арнайы нұсқау болса ғана реттейді. Бұған керісінше өзіндік қатынастарды реттеу отбасы құқығының негізгі міндеті болып табылады. Отбасы құқығының пәніне кіретін мүліктік қатынастар жеке адамның құқықтары мен міндеттеріне байланысты болады. Отбасы құқығының азаматтық құқықтан айырмашылығы да, міне, осында жатыр.

Сонымен бірге жеке қатынастардың артықшылығы жөнінде сөз қозғағанда мынаны ескерген жөн: бұл қатынастардың барлығы бірдей құқықтық реттеуге жатпайды. Профессор О.С. Иоффе атап көрсеткендей, жеке отбасы қатынастарына жататын заңды тұрғыда нормалаудың объективтік мүмкіндіктері белгілі бір дәрежеде шектеулі болады да, сырттай бақылаудың ырқынан шығып кетеді.

Сондай-ақ олардың бір-біріне деген жеке сенім сипаты да неке-отбасы қатынастарының ерекшелігі болып табылады. Мәселен, бала асырап алу бала асырап алушы мен асырап алынушының арасында өзара сенім қатынастары орныққан жағдайда ғана өз мақсатына жетеді. Бұл ерлі-зайыптылардың, ата-аналар мен балалардың, қорғаншылар мен қамқоршылардың және қамқорлыққа алынғандардың арасындағы қатынасқа да тән нәрсе. Отбасылық қатынасқа қатысушылардың өзара қарым-қатынасында жеке сенім болмаған жағдайда немесе оны жоғалтқан жағдайда мұндай қатынастарды неке және отбасы туралы заң нормаларымен құқықтық реттеу тиімсіз немесе тиімділігі шамалы болады.

Отбасы құқығын зерттеуші белгілі кеңес ғалымы Е.М. Ворожейкин: «Өзіндік сенімге ие бола алмаған отбасылық қатынастарды жасанды деп есептеу керек. Көп жағдайда мұндай қатынастар тоқтатылуы тиіс немесе ол басқа жолмен реттелуі керек», деп жазды.

Отбасы құқығының қайнар көздері. Қазақстан Республикасы отбасы құқығының қайнар көзі Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 17 желтоқсандағы «Неке және отбасы туралы» Заңы

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу	100 беттің 66 беті

болып табылады. Осы аталған Заң актісі 1969 жылғы 6-тамызда Республиканың Жоғарғы Кеңесі бекіткен неке және отбасы туралы Кодексті алмастырды.

«Неке және отбасы туралы» Заң 7 бөлімнен, 29 тараудан және 213-баптан тұрады.

Бірінші бөлімдегі «Жалпы ережелерде» неке-отбасы заңдарының негізі жасалып, осы заңмен реттелетін қатынастар, неке-отбасы қатынастарын реттеудің негізгі принциптері белгіленеді.

«Неке» деп аталатын 2-бөлімде некеге тұру, оны тіркеу, некені тоқтату, ерлі-зайыптылар арасындағы өзіндік және мүліктік қатынастарды құқықтық реттеу туралы нормалар топтастырылған.

«Отбасы» деп аталатын 3-бөлім ата-аналар мен балалардың құқықтары мен міндеттерінің негізі туралы, ата-аналарды туу туралы жазбалар кітабына жазу жайындағы, ата-аналардың балаларға байланысты құқықтары мен міндеттері туралы, ата-аналарды ата-аналық құқығынан айыру және шектеу жайында, сондай-ақ бала асырап алудың тәртібін айқындайтын ережелер, оны болдырмау және жарамсыз деп тану жөніндегі баптардан тұрады.

«Қорғаншылық және қамқоршылық» деген 4-бөлімде қорған болу мен қамқоршылықтың міндеттері белгіленеді, сол бойынша қорғаншылық пен қамқоршылық жасаушы, қорғаншылар мен қамқоршылардың құқықтары мен міндеттері, олардың өкілеттіктері анықталады, қорғаншылық пен қамқоршылықты тоқтату қарастырылады.

«Отбасы мүшелерінің алименттік қатынастары» деген 5 бөлімде ата-аналардың балаларды асырау және кәмелетке толғандардың ата-аналарын бағып-күтуі жөніндегі міндеттері сөз болады, отбасының басқа да мүшелерінің алименттік міндеттемелері көрсетіледі, сондай-ақ алимент тағайындау және оны төлеу тәртібі берілген.

«Азаматтық хал актілері» деп аталатын 6-бөлімде азаматтық хал актілерін тіркеу, азаматтық хал актілеріндегі жазбаларға байланысты дауларды шешу тәртібін анықтау, акті кітаптарын жүргізу ережесі, әртүрлі акті жазбаларын жүзеге асыру сөз болады.

Жетінші бөлімде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға неке-отбасы заңдарының нормаларын қолдану мәселелері шешілген.

Отбасы құқығының бастауларына басқа да нормативтік актілер жатады. «Неке және отбасы туралы» Заңның 4-бабында көрсетілгеніндей, неке және отбасы туралы заңға (занның өзінен басқа) отбасы құқығының нормалары кіретін Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілері жатады. Мұндай актілерге, атап айтқанда, Үкімет немесе республиканың Әділет министрлігі бекіткен түрлі ережелер (мәселен, Қорғаншылық пен қамқоршылық көрсетуші органдар туралы ережелер) мен нұсқаулар (мысалы, азаматтық хал актілерін тіркеу тәртібі туралы Нұсқаулық жатады. Сонымен бірге осы Заңда кейбір басқа актілер де атап көрсетілген. Айталық, 165-бапта азаматтық хал актілеріне тіркеу тәртібі туралы нормативтік құқықтық актісін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітуге тиісті екені көрсетілген.

Неке-отбасы заңдарының дұрыс қолданылуына Республика Жоғарғы Соты Пленумының басшылыққа алатын түсіндірмелері де ықпал етеді.

Отбасы құқығының бастаулары жайлы айтқанда аталған сала құқығының азаматтық құқыққа жақындығын атап өткен жөн. Осыдан шығатын қорытынды, заң неке-отбасы заңдарымен реттелмеген отбасы мүшелері арасындағы мүліктік және мүліктік емес өзіндік қатынастарға азаматтық заңдар қолданылатынын (5-бап) арнайы атап көрсетеді. Азаматтық Кодексті қолдану заң ретінде немесе құқық ретінде де жүзеге асырылуы мүмкін, мұның өзі оның жалпы бастаулары мен мәнінен туындайтын жәйт.

«Неке және отбасы туралы» Заңның 3-бабы Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңдары мынадай принциптерге негізделетінін белгілейді:

1) еркек пен әйелдің некелік одағының еріктілігі;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу	100 беттің 67 беті

- 2) ерлі-зайыптылардың отбасындағы құқықтарының теңдігі;
- 3) отбасының ісіне кімнің болса да өз бетінше араласуына жол берілмеушілік;
- 4) отбасы ішіндегі мәселелерді өзара келісіммен шешу;
- 5) балаларды отбасында тәрбиелеуге басымдық беру, олардың өсіп-жетілуі мен әл-ауқатты болуына қамқорлық жасау;
- 6) отбасының кәмелетке толмаған және еңбекке қабілетсіз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауға басымдық беру;
- 7) отбасы мүшелерінің өз құқықтарын кедергісіз жүзеге асыруын қамтамасыз ету, бұл құқықтарды сот қорғауының мүмкіндіктері.

5.5. Иллюстративті материал:

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

ә) көрнекі және дидактикалық құралдар: өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер, тест тапсырмалары, сөзжұмбақтар.

5.6. Әдебиет:

1. Экономикалық теория негіздері. Оқулық. Я. Әубәкіров, М.Есқалиев және т.б. Алматы, «Санат», 1.
2. Экономика здравоохранения: учебник / под ред. А. В. Решетникова. - 2-е изд., перераб. и доп. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГБОУ ВПО "Первый Мос. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 192 с
3. Общественное здоровье и здравоохранение, экономика здравоохранения. В 2 т. Т. 1 : учебник /. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 688 ил.
4. Основы маркетинга: учеб. для мед. училищ и колледжей / под ред. И. В. Липсица, М. Н. Дымшица ; М-во обр. и науки РФ. - ; Рек. ФГБОУ ВПО " Гос. ун-т управления". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 208 с. : ил.
5. Сыздыкова, К. Ш. Экономика и маркетинг в здравоохранении : учебное пособие / К. Ш. Сыздыкова, Ж. С. Тулебаев, Э. А. Актуреева. - Алматы : ИП "Акнұр", 2015. - 274 с.
6. Экономика здравоохранения : учебник / под ред. А. В. Решетникова. - 2-е изд., перераб. и доп. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГБОУ ВПО "Первый Мос. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 192 с.
7. Основы маркетинга: учеб. для мед. училищ и колледжей / под ред. И. В. Липсица, М. Н. Дымшица ; М-во обр. и науки РФ. - ; Рек. ФГБОУ ВПО " Гос. ун-т управления". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 208 с. : ил.
8. Рахыпбеков, Т. К. Денсаулық сақтау саласындағы экономикалық талдау әдістері: оқу құралы / Т. К. Рахыпбеков. - Алматы : АҚНҰР, 2016. - 340 бет

5.7. Бақылау сұрақтары:

1. Әкімшілік құқық;
2. Әкімшілік құқықтың басты мақсаты;
3. Азаматтық-құқықтық жауаптылық;
4. Азаматтық құқық: жалпы сипаттама;
5. Неке және отбасы туралы" ҚР заңы 17.12.1998 ж.
6. Отбасылық құқық ұғымы. Отбасы-неке қатынастары жүйесі.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

1. Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

Сабақты қорытындылау: 10мин

1. Оқушыларды бағалау.
2. Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 68 беті

Үйге тапсырма беру: 5 мин

№8- сабақ.

5.1. Тақырыбы: Қазақстан Республикасының отбасылық және неке құқығының негіздері. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқық негіздері. Қазақстан Республикасының Еңбек құқығы негіздері. Әр түрлі салалардағы сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін моральдық-этикалық жауапкершілік

Сағат саны: 90 мин

Сабақ түрі: теория

5.2. Мақсаты: Еңбек құқығы және әлеуметтік қамсыздандыру құқығы ұғымы. Жеке еңбек шартының түрлері мен нысандары.

Ұйымдастыру кезеңі : 5 мин

- Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
- Сабақтың мақсаты мен міндетін таныстыру.

5.3. Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин

- Барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындауын тексеру;
- Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;
- Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
- Оқушылардың білімдерін бағалау;
- Үй тапсырмасын қорытындылау.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин

5.4. Дәріс тезистері:

Ақпаратты-дидактикалық бөлім:

Ақпаратты-дидактикалық бөлім: *Еңбек құқығы* - еңбек қатынастарын реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы. Бұл қатынастар тараптардың әдетте жеке және ұжымдық шарттар негізінде белгілі бір еңбек қызметін жүзеге асыруы жөнінде туындайтын жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы қатынастар және ҚР Конституциясына негізделген еңбек туралы заңдарымен реттеледі. Ең негізгісі 2007 жылдың 10 маусымында қабылданған “Қазақстан Республикасының еңбек кодексі” болып табылады. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Кодекстегіден өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының мақсаты еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарына тікелей байланысты өзге де қатынастарды еңбек қатынастары тараптарының құқықтары мен мүдделерін қорғауға, еңбек саласындағы құқықтар мен бостандықтардың ең төмен кепілдіктерін белгілеуге бағытталған құқықтық реттеу болып табылады.

Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының міндеттері еңбек қатынастары тараптары мүдделерінің теңгеріміне, экономикалық өсуге қол жеткізуге, өндіріс тиімділігі мен адамдардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған қажетті құқықтық жағдайлар жасау болып табылады.

Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының *принциптері*: 1) адам мен азаматтың еңбек саласындағы құқықтарының шектелуіне жол бермеу; 2) еңбек бостандығы; 3) кемсітушілікке, мәжбүрлі еңбекке және балалар еңбегінің ең нашар түрлеріне тыйым салу; 4) қауіпсіздік және гигиена талаптарына сай келетін еңбек жағдайларына құқықты қамтамасыз ету; 5) өндірістік қызмет нәтижелеріне қатысты алғанда қызметкердің өмірі мен денсаулығының басымдығы; 6) еңбегі үшін жалақының ең төменгі мөлшерінен кем емес, әділетті сыйақыға құқығын қамтамасыз ету; 7) тынығу құқығын қамтамасыз ету; 8) қызметкерлердің құқықтары мен

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу	100 беттің 69 беті

мүмкіндіктерінің теңдігі; 9) қызметкерлер мен жұмыс берушілердің өздерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін бірігу құқығын қамтамсыз ету; 10) әлеуметтік әріптестік; 11) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелерін мемлекеттік реттеу; 12) қызметкерлер өкілдерінің Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру құқығын қамтамсыз ету.

Қазақстан Республикасының еңбек кодексінде және өзге де заңдарында көзделген жағдайлар мен тәртіптен басқа, ешкімнің де еңбек саласындағы құқықтарына шек қойылмайды.

Өркімнің де еңбекті еркін таңдауға немесе еңбекке қандай да болмасын кемсітушіліксіз және мәжбүрлеусіз еркін келісуге құқығы, өзінің еңбекке қабілеттілігіне иелік етуге, кәсіп және қызмет түрін таңдауға құқығы бар.

Ешкімді де өзінің еңбек құқықтарын іске асыру кезінде жынысына, жасына, дене кемістіктеріне, нәсіліне, ұлтына, тіліне, мүлктік, әлеуметтік және лауазымдық жағдайына, тұратын жеріне, діни көзқарасына, саяси сеніміне, руға немесе текке-топқа, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына байланысты ешқандай кемсітуге болмайды.

Мәжбүрлі еңбекке тиым салынады, еңбектің осы түріне тек сот үкімі бойынша, не төтенше немесе соғыс жағдайлары жарияланған кездерде ғана жол беріледі

Қызметкер мен жұмыс беруші *еңбек қатынастарының субъектілері* болып табылады.


Қызметкердің құқықтары: 1) Еңбек кодексінде көзделген тәртіппен және жағдайларда еңбек шартын жасауға, өзгертуге, толықтыруға және бұзуға; 2) жұмыс берушіден еңбек шартының, ұжымдық шарттың талаптарын орындауды талап етуге; 3) еңбек қауіпсіздігіне және еңбекті қорғауға; 4) еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғаудың жай-күйі туралы толық және дәйекті ақпарат алуға; 5) еңбек шартының, ұжымдық шарттың талаптарына сәйкес уақтылы және толық көлемде жалақы төленуіне; 6) бос тұрып қалу үшін Еңбек кодексіне сәйкес ақы алуға және т.б. *Қызметкердің міндеттері:* 1) еңбек міндеттерін еңбек шартына, ұжымдық шартқа, жұмыс берушінің актілеріне сәйкес орындауға; 2) еңбек тәртібін сақтауға; 3) жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі мен өндірістік санитария жөніндегі талаптарды сақтауға; 4) жұмыс берушінің және қызметкерлердің мүлкіне ұқыпты қарауға және т.б. Қызметкердің Еңбек кодексінде көзделген өзге де құқықтары болады және ол өзге де міндеттерді атқарады.

Он *алты жасқа толған азаматтармен* еңбек шартын жасасуға жол беріледі. Ата-анасының біреуінің, қорғаншысының, қамқоршысының немесе асырап алушысының жазбаша келісімімен: 1) орта білім беру ұйымында негізгі орта, жалпы орта білім алған жағдайда, *он бес жасқа толған азаматтармен*; 2) сабақтан бос уақытында, денсаулығына зиян келтірмейтін және оқу процесін бұзбайтын жұмысты орындау үшін, *он төрт жасқа толған оқушылармен*; 3) кинематография ұйымдарында, театрларда, театр және концерт ұйымдарында, цирктерде денсаулығына және адамгершілік тұрғысынан дамуына нұқсан келтірмей, шығармалар жасауға және орындауға қатысу үшін *он төрт жасқа толмаған адамдармен* еңбек шарты жасалуы мүмкін.

Еңбек шартын жасау үшін келесі құжаттар қажет: 1) жеке куәлігі немес төлқұжаты (он алты жасқа толмаған адамдар үшін туу туралы куәлігі); 2) ыhtиярхаты немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігі (Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін); 3) тиісті білімді, дағдылар мен машықтарды талап ететін жұмысқа еңбек шартын жасасу кезінде білімі, біліктілігі туралы, арнаулы білімі немесе кәсіптік даярлығының болуы туралы құжат; 4) еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар азаматтар үшін); 5) әскери есеп құжаты (әскери міндеттілер мен әскери қызметке шығарылуға жататын адамдар үшін); 6) алдын ала медициналық куәландырудан өткені туралы

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-285	
Әдістемелік өңдеу	100 беттің 70 беті	

құжат; 7) салық төлеушінің тіркеу нөмірін растайтын құжаттың көшірмесі; 8) тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі.



Азаматтарда өз құқықтары мен іс-әрекетін жүзеге асыру үшін құқықтық және әрекет қабілеттілігі болуы тиіс. Азаматтың **құқықтық қабілеттілігі** - бұл азаматтық құқық пен азаматтық міндеттемелерге ие болу қабілеттілігі. Ол адам туылғанда пайда болып және адам өлгенде барып тоқтатылады.

Құқықтың қабілеттілігінің негізінде азаматтар: өзінің меншігіндегі мүлікке ие бола алады; мүлікті мұрагерлікке беріп және өсиет ете алады; заңмен шектелмеген кез келген кәсіпкерлікпен шұғылдана алады; заңды тұлға құра алады; заңмен тыйым салынбаған кез келген мәмілелер жасап міндеттемелерге қатыса алады; тұрғылықты тұратын жер тандап ала алады; әдебиет пен өнер, ғылыми еңбектердің авторы, өнертапқыштық және басқа да заңмен қорғалатын интеллектуалдық қызметке авторлық құқығы болуға; басқа да мүліктік және мүліктік емес құқықтарға ие бола алады.

Азаматтық әрекет қабілеттілігі - азаматтың өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарға ие болуға және оны жүзеге асыруға, өзі үшін азаматтық міндеттемелер жасап, оларды орындауға қабілеттілігі кәмелетке толғанда, яғни 18 жастан толық ә.қ. пайда болады. Жартылай немесе ішінара ә.қ. Он төрт жасқа толмағандар үшін келісімдерді олардың атынан ата-аналары, бала асырап алған адамдар немесе қамқоршылар жасайды. Өздігінен бұл жасөспірімдер тек өздерінің жасына лайықты күнделікті тұрмыстағы жасалған кезінде орындалатын ұсақ келісімдерді жасауға хақылы. Он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгілер келісімді ата-аналарының, бала асырап алған адамдардың немесе қамқоршылардың ризалығымен жасайды. Өздігінен олар табысын немесе стипендиясын билеуге, өздерінің шығармаларына, өнертапқыштық құқықтарын жүзеге асыруға, сондай-ақ күнделікті тұрмыстағы келісімді жасауға хақылы.

Жүйке ауруы немесе ақыл-есінің кемдігі салдарынан өз әрекеттерінің мәнін түсіне алмайтын немесе не істегенін білмейтін азаматты сот **әрекет қабілеттілігі жоқ** деп тануы мүмкін, соған байланысты оған қамқоршылық белгіленеді.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 71 беті

Спирт ішімдіктеріне немесе есірткі заттарға салыну салдарынан өзінің отбасын материалдық жағынан ауыр жағдайға ұшыратқан азаматтың әрекет қабілеттілігін сот заңда көрсетілген тәртіппен *шектеуі* мүмкін. Оған да қамқоршы белгіленеді. Бірақ, ол тұрмыстық ұсақ мәмілелерді қамқоршының келісімімен жасауға құқылы. Сендер неке, отбасы деген ұғымдарды күнделікті өмірде жиі естисіңдер. Отбасы дегенде әрқайсымыздың ойымызға әке-шеше, туыс-бауырларымыз, қамқор адамдардың жылы лебіздері кіреді. Отбасы деген не? Оның құқықтық негізі қандай?—деген сұрақтарға көп ойлана бермейтініміз рас. Отбасы – табиғи, биологиялық, рухани және материалдық қатынастардың жиынтығы. Дүние жүзінің қай елінде болмасын мемлекет отбасын қорғайды, Қ.Р-да да мемлекет отбасын өз қамқорлығына алады және отбасындағы қатынастарды арнайы қабылданған заңдар арқылы реттейді. Біздің еліміздегі отбасы қатынастарын реттейтін құқықтың дербес саласы отбасы құқығы болып есептеледі. 1998 жылы Қ.Р. «Неке және отбасы туралы» заңына сәйкес: отбасы дегеніміз — бұл некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиелеуге алудың өзге де нысандарынан туындайтын және отбасылық қатынастарды нығайту мен дамытуға септігін тигізетін, мүліктік және мүлікке қатысты емес жеке бастың құқықтарымен байланысқан адамдар тобы. Отбасы мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерді туындатады. Туыстық қатынастар, некенің болуы, бала, бала асырап алу т.б. негіздер отбасының ең басты белгілері. Ешкім де күштеу арқылы отбасына біріктірілмейді, оның негізгі туыстық, сүйіспеншілік сезімдерінен басталады. Отбасы қоғамда бірқатар қызметтер атқарады. Олар: Отбасы мүшелерінің өзара көмек көрсету қызметі;

Өмірге ұрпақ әкелу қызметі.

2. Отбасылық қатынастар ұғымы. Неке — отбасын құрудың негізі болып табылады. Ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туындататын отбасын құру мақсатымен, заңда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған еркек пен әйелдің арасындағы тең құқықтық одақты — неке деп түсінуіміз қажет. Егер неке тіркелмесе де, бірақ еркек пен әйел бірге тұрып, балаларын тәрбиелеумен айналысып жатса, мұны да отбасы деп айтуға болады. Егер кәмелетке толған балалары ата-анасымен бірге тұрып, оларға қамқорлық жасап, материалдық көмек көрсетсе — бұл да отбасы. Егер кәмелетке толған ағалары мен қарындастары ата-анасыз бірге тұрып, бір-біріне қамқорлық жасайтын болса — бұл да отбасы. Адамдар арасында некеден, туыстықтан, бала асырап алудан, отбасына тәрбиелеу үшін бала алудан туындайтын қатынастар отбасылық қатынастар деп аталады. Бірақ отбасындағы қатынастардың бәрі бірдей құқық жөнімен реттеле бермейді. Отбасындағы қатынастар, негізінен, адамгершілік, игілік-өнегелік нормалары негізінде реттеледі. Бұл өзара құрмет, сүйіспеншілік, қамқорлық және имандылық қолдаудың көрінісі. Отбасылық өмір қалыбы, көбінесе ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға сүйенеді (үлкендерді қадірлеу, отбасын қамтамасыз ету оның басшысы ретінде толықтай ер адамға жүктеледі, туысқандарды қадірлеп, құрметтеу). Отбасының ішкі мәселелері отбасы мүшелерінің өзара келісімі бойынша шешіледі. Егер ол мәселелер кәмелетке толмағандардың мүдделеріне қатысты болса, оны шешуге балалар да қатыстырылады. Құқықтық нормаларға араласу отбасылық қатынастар бұзылғанда қажет. Жеке басындық қатынастармен салыстырғанда отбасылық мүліктік қатынастар құқық арқылы егжей-тегжейлі реттеледі, өйткені бұл қатынастардың объектісі материалдық игілік болып табылады. Отбасылық құқық азаматтық құқықпен тығыз байланысты. Мәселен, отбасылық құқықпен реттелмеген отбасы мүшелерінің арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарды реттеуге азаматтық заңнама қолданылады, өйткені ол отбасылық-некелік қатынастардың мәніне қайшы келмейді. Сонымен, отбасы дегеніміз — бұл некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиелеуге алудың өзге де нысандарынан туындайтын, мүліктік және мүлікке

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 72 беті

қатыссыз жекебасындық құқықтармен байланысқан адамдар тобы. Отбасының заңдық белгілеріне мыналар жатады: адамдардың неке немесе туыстық негізде бірігуі; өзара имандылық және материалдық қолдау; бала туу және оларды тәрбиелеу; өзара жекебасындық және мүліктік құқықтар. Бір негізден немесе бір ортақ атадан тарайтын адамдардың қандастық-кіндіктестік байланысы, туыстық деп түсініледі. Туыстықтың екі тармағы бар: тікелей және жанама. Мемлекет аналар мен балаларды қолдайды, отбасын қорғауға алады.

3. Некеге тұру шарттары. Неке сарайларында салтанатты жағдайда тағдырларын біріктірген екі азамат жаңа отбасының дүниеге келгенін жариялайды. Бұл екі адам үшін және оның туыстары үшін ғана емес, бүкіл қоғам өмірі үшін маңызды оқиға. Осы сәттен бастап мемлекеттің отбасы алдындағы, отбасының мемлекет алдындағы құқықтық кезеңі басталады. ҚР Азаматтық хал актілерін тіркеу органдарында қиылған неке ғана заңды деп танылады. Әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, тілдік және діни белгілері бойынша азаматтардың құқықтарын шектеудің кез келген нысандарына тыйым салынған. Бұл тыйым салу неке заңында да көзделген. Неке, тілек білдіруші адамдардың қатысуымен азаматтық хал актілері тіркеу органдарында қиылады. Некені қию тілек білдірушілердің азаматтық хал актілерін тіркеу органына арыз берген күннен бастап 1 ай мерзім өткен соң жүргізіледі. Некеге отыру үшін заңда белгіленген шарттарды сақтау қажет. Аталған шарттардың оң және теріс деп бөлу қабылданған, яғни некеге тұратын еркек пен әйелдің өзара ерікті келісімі және олардың неке жасына жетуі тиіс. ҚР-сының «Неке және отбасы туралы» заңы бойынша неке 18 жас деп белгіленген. Дәлелденген себептер болған жағдайда мемлекеттік тіркеу орындары неке жасын 2 жылдан аспайтын мерзімге кемітуі мүмкін. Мұндай себептер қатарына, әйел адамның жүктілігі немесе дүниеге сәби әкелуі, ерлердің әскер қатарына шақырылуы, т.б. жағдайлары жатады. Мұндай некеге тілек білдірушілер мен олардың ата-аналары немесе қамқоршылары келісім бергенде рұқсат етіледі.

Некеге тұрушылар заңды түрде ерінің немесе әйелінің тегіне өтуге құқылы. Некені күштеп, қорқытып немесе басқада жағдайлармен мәжбүрлеп қиюға жол берілмейді.

ҚР- сының «Неке және отбасы туралы» заңының 11-бабында араларында неке қиюға жол бермейтін адамдар санаты берілген:

- Біреуі болса да басқа некеде тұрған адамдардың арасында
- Тікелей ататегі бойынша және өзінен тарайтын жақын туыстардың ата-анасы бір немесе бір әкелі, ортақ аға-қарындасты, апа-інілер арасында
- Асырап алушылар мен асырап алынғандардың арасында
- Біреуі болса да психикалық аурудың немесе ақыл-есінің кемдігінің салдарынан сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың арасында

4. Некеге тұру тәртібі. Жоғарыда айтылғандай неке, ниет білдірген адамдардың қатысуымен азаматтық хал актілерін тіркеу органдарында қиылады. Еңбекпен түзету мекемелерінде жазасын өтеп жүргендердің некесін тіркеу аталған мекеменің орналасқан жерінде жүргізіледі. ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайлары туралы» жарлығына сәйкес шетел азаматтары да ҚР азаматтарымен тең негізде тұруға, тоқтатуға құқылы. Некеге тұрғысы келетін адамдардың біреуі ерекше жағдайларға байланысты АХАТ органына келе алмаған жағдайда неке сол адамның тұрғылықты жерінде қиылуы мүмкін. Мысалы, азамат А. ауыр науқастанып қалуына байланысты АХАТ органына келуге мүмкіндігі болмады. Мұндай жағдайда заң некені «Неке және отбасы» туралы заңның нормаларын сақтай отырып, емдеу мекемесінде, үйінде, т.б. осыған сәйкес орындарда тіркеуге рұқсат етеді. Некені тіркеу органына өтініш бергеннен кейін аталған некені тіркеуге кедергі болатын жағдайларға байланысты шағым түсетін болса, Некені қию некеге тұруға тілек білдірушілер АХАТ органына арыз берген күннен бастап 1 ай мерзім өткен соң жүргізіледі.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 73 беті

Бір айлық мерзім белгілеудің маңызы үлкен. АХАТ органдарына арыз бергендердің 10-12%-ы тіркеуге келмей қалатыны, осы органның тәжірибесінде жиі кездесіп жүрген құбылыс. Бұл жастардың неке құруға атүсті қарауынан туған жағдайлар болуы мүмкін. 1 ай мерзім өмірлік маңызы бар мәселені жан-жақты ойланып шешуге қажетті шарт. Дәлелді себептер болған жағдайларда некені тіркеудің жергілікті мемлекеттік органдары некені мерзімінен бұрын тіркеуге немесе оны бір айдан аспайтын мерзімге ұзартуға құқылы. Күнделікті өмірде әр түрлі оқиғалар кездесіп жатады. Осындай ерекше жағдайларда (тараптардың біреуінің өміріне қауіп төну, дүниеге сәби әкелу, жүктілік, т.б.) некені тіркеу өтініш берілген күні де жүргізілуі мүмкін.

Қазіргі кезеңде баршамызды алаң-датып отырған мәселе — қоғамдағы сыбайлас жемқорлық. Осы індеттің салдарынан еліміздің әр азаматы зардап шегіп отыр десек қателеспейтін шығармыз. Өйткені сыбайлас жемқорлық қоғам өмірінің барлық саласына тарап кеткені белгілі. Қоғамдағы орын алып отырған осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатуы ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел келешегіне, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиян әкелетіні аян. Яғни осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ өте маңызды мәселе екені айқын. Және де бұл бағытта біз билік, оппозиция, тағы басқалар деп бөлінбеуіміз қажет. Өйткені қоғамның әр мүшесі өзінің тұрмыстық, әлеуметтік және құқықтық мәселелерін шешу кезінде еріксіз сыбайлас жемқорлықтың ықпалын сезінетіні шындық. Қарапайым халық арасында еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың кең етек жаюын тек биліктегі адамдардың ашкөздігімен ғана байланыстырамыз. Бір қарағанда пікір дұрыс сияқты болғанымен, қоғам өмірін бір ғана қырынан бағалау шындыққа қиянат әкелуі мүмкін. Өйткені билікте қызмет істейтін адамдардың әрекеттері олардың білімдері мен рухани тәрбие алу деңгейі және өмірге деген көзқарастары мен ұстанымдарының әр алуан болуына байланысты, сондықтан да олардың барлығы дүниеқоңыздықтың құлы деп ұғу — адасушылық. Сонымен қатар, билік жүйесіне қатысы бар адамдардың сол жүйеде орын алатын келеңсіз құбылыстардың құрбаны болу мүмкіншілігі барын да естен шығармау қажет. Қазіргі қалыптасып отырған билік жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықтың тамыры мемлекеттің даму бағытын таңдау кезіндегі жасаған биліктің қадамдарына байланысты екенін де жоққа шығаруға болмайды. Сондықтан да сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін осы құбылыстың пайда болуы мен оның табиғи дамуының негізін түсіне білу қажет. Яғни сыбайлас жемқорлықтың тамырын анықтау үшін адамзат өмірінің даму заңдылығымен байланыстыратын терең ғылыми сараптама негізіндегі тұжырымдама қажет. Бұл — ғалымдардың міндеті. Сыбайлас жемқорлық адамзаттың алғашқы қарапайым қауымдастықтан өтіп, күрделі тай-палық қоғамдық бірлесулердің пайда болуы мен адамдардың әлеуметтік жікке бөліну үдерісінен бастау алады. Алғашқы қоғамдық бірлесулердің өмірге келуі адамдардың әлеуметтік жікке бөлінуі мен адамзат өміріндегі материалдық және құқықтық теңсіздіктің пайда болуына алып келгені белгілі. Соның салдарынан байлық иелері мен байлығы жоқтар арасында жаңа қарым-қатынастар пайда болған. Яғни тайпалық қоғам ішінде өктемдік жүргізуші топтардың көмегі мен рахымына ие болу үшін соларға тәуелді, кіріптарлардың оларға сый-сияпат көрсету мен тартулар жасау салт-дәстүрі пайда болды. Қоғамның даму сатысы биікке көтеріліп, мемлекеттің жетілу деңгейі өскен сайын бір кездегі қарапайым салт-дәстүрдің мазмұны мен мәні өзгеріске ұшырап, қазіргі кезеңдегі келеңсіз құбылыс сыбайлас жемқорлық деңгейіне жеткені белгілі. Бұл құбылыстың даму шегіне жетуіне тікелей ықпал жасайтын капитализмнің негізгі заңы екені белгілі. Яғни сыбайлас жемқорлық тамырының терең жайылуы пайда табу мен баю үрдісіндегі еңбекті қанау және адамдардың құқықтарын шектеу деңгейінің өсуіне тікелей байланысты. Сонымен қатар осы құбылыстың етек жаюына қоғамдық сананың рухани

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-285	
Әдістемелік өңдеу	100 беттің 74 беті	

кедейленуі мен адами құндылықтардың жойылып, қоғамның азғындыққа душар болуы да ықпал етеді. Еуропадағы капитализмнің дамуы кезеңінде XVIII ғасырдан бастап сол замандағы рухани, адами ұстанымдарды қорғауға байланысты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген күрестің салдарынан оның даму деңгейі XX ғасырға дейін тежеліп келді. Ал XX ғасырдың екінші жартысынан бастап сыбайлас жемқорлықтың жанданғаны белгілі, яғни жаһандану үдерісінің басталуымен байланысты сыбайлас жемқорлық дамуы шегіне жетіп отыр. Либералды капитализмнің (бақылаусыз нарықтық экономика) қаржылық институттардың (банктердің) әлемдік экономикаға диктат жүргізуі транснационалдық компаниялардың дамуына алып келді. Олардың дамуы сыбайлас жемқорлықтың бүкіл дүниежүзінің елдерінде терең тамыр жаюына және дамып келе жатқан елдердің табиғи байлығын аз ғана шоғырланған алпауыт мемлекеттердің емін-еркін пайдалануына жол ашты. Соның салдарынан дүниежүзі елдері көлеңкелі қаржылық экономиканың (теневої банкинг) ықпалымен өмір сүруге мәжбүр болып отыр. Халықаралық қаржылық тұрақтандыру Бюросының (Bloomberg) мәліметіне сүйенсек, соңғы 10 жыл ішінде көлеңкелі банкинг индустриясы үш есеге өсіп, 41 триллион долларды құраған. Дүниежүзілік көлеңкелі банкинг индустриясы көлемі қазіргі кезеңде 67 трлн. доллар болып отыр. Әділетті демократиялық деп үлгі тұтып отырған АҚШ-тың өзі әлемдегі көлеңкелі банкинг көлемінің 35 пайызын құрайтыны белгілі. Осы әлемдегі көлеңкелі банкингтің мөлшерін Қазақстанның бір-жылғы бюджетімен салыстырып көрсеңіз, онда көп нәрсені ұғуға болады. Әлемде аз ғана алпауыт мемлекеттер осы көлеңкелі экономика арқылы әлемдегі барша елдерге саяси және экономикалық экспансия жүргізіп отыр. Олар осы жолды пайдалану арқасында дүниежүзіндегі мемлекеттердегі биліктердің қалыптасуы мен әрекеттерін үнемі бақылауда ұстау мүмкіншілігіне ие болып отыр. Басқаны айтпағанда, тіпті ірі еуропалық мемлекеттердің өзінде билік басына кімнің, қалай келуіне, қанша отыруына тікелей ықпал жасайтыны белгілі. Осы құбылыстың дүниежүзіндегі елдердің өміріне етене кіргені сондай, әрбір дамып келе жатқан мемлекет өзінің халықаралық аренадағы орны мен билік басындағылардың беделін көтеруге осы жолды пайдаланып, ұлттық байлықты ысырапқа түсіретіні белгілі. Әлемдегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейі үнемі өсу үрдісінде дамып келеді. Сыбайлас жемқорлықты тек қатаң заң қабылдап, ауық-ауық шаралар өткізумен жеңу мүмкін емес. Оны әлемдегі елдердің оң бағасын алып отырған Сингапур, Оңтүстік Корея сынды тағы басқа елдердің осы құбылыспен күресу тәжірибесі көрсетіп отыр. Ұлт мүддесін шын қорғап, әділетті мемлекет болып, осы келеңсіз құбылыстың құрбанына айналмау үшін, тек ғылыми тұрғыдан өз мемлекетінің жүретін жолын анықтай отырып, әлемдік жетістіктерді талғаммен, өз халқының ерекшелігі мен рухани байлығына ыңғайландыра отырып сараптама негізінде қабылдау қажет. Негізгі бағыт — қоғамдық сананы, жасанды саяси бағыттардың ықпалынан қорғай отырып, тарихи қалыптасқан ұлттың рухани құндылықтары мен әлемдік өркениеттің адами тиімді тәжірибесімен ұштастырған ұстанымның негізінде қалыптастыру қажет. Қазіргі заманда орын алып отырған адамзаттың рухани құлдырау үдерісінен келешек ұрпақты сақтап қалудың жолын әлемнің екінші ұстазы болған, әлемге әйгілі данышпан бабамыз Әбу Насыр әл Фарабидің өсиетінен іздегеніміз дұрыс болатын шығар. Осыдан мың жылдай бұрын ұлы бабамыз: «Адамға ең әуелі тәрбие бермей, білім және ғылым берсең, ол жүрген ортасына опат әкеледі» — деп айтып кеткен.

5.5. Иллюстративті материал:

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

ә) көрнекі және дидактикалық құралдар: өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер, тест тапсырмалары, сөзжұмбақтар.

5.6. Әдебиет:

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 75 беті

1. Экономикалық теория негіздері. Оқулық. Я. Әубәкіров, М.Ескалиев және т.б. Алматы, «Санат», 1.
2. Экономика здравоохранения: учебник / под ред. А. В. Решетникова. - 2-е изд., перераб. и доп. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГБОУ ВПО "Первый Мос. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 192 с
3. Общественное здоровье и здравоохранение, экономика здравоохранения. В 2 т. Т. 1 : учебник /. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 688 ил.
4. Основы маркетинга: учеб. для мед. училищ и колледжей / под ред. И. В. Липсица, М. Н. Дымшица ; М-во обр. и науки РФ. - ; Рек. ФГБОУ ВПО " Гос. ун-т управления". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 208 с. : ил.
5. Сыздыкова, К. Ш. Экономика и маркетинг в здравоохранении : учебное пособие / К. Ш. Сыздыкова, Ж. С. Тулебаев, Э. А. Актуреева. - Алматы : ИП "Акнұр", 2015. - 274 с.
6. Экономика здравоохранения : учебник / под ред. А. В. Решетникова. - 2-е изд., перераб. и доп. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГБОУ ВПО "Первый Мос. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 192 с.
7. Основы маркетинга: учеб. для мед. училищ и колледжей / под ред. И. В. Липсица, М. Н. Дымшица ; М-во обр. и науки РФ. - ; Рек. ФГБОУ ВПО " Гос. ун-т управления". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 208 с. : ил.
8. Рахыпбеков, Т. К. Денсаулық сақтау саласындағы экономикалық талдау әдістері: оқу құралы / Т. К. Рахыпбеков. - Алматы : АҚНҰР, 2016. - 340 бет

5.7. Бақылау сұрақтары:

1. Неке және отбасы ұғымы
2. Отбасылық қатынастар ұғымы
3. Некеге тұру тәртібі қандай?
4. Некеге тұру шарттары қандай?
5. "Сыбайлас жемқорлық" ұғымының тарихи дамуы.
6. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік идеясы.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

1. Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

Сабақты қорытындылау: 10мин

1. Оқушыларды бағалау.
2. Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

Үйге тапсырма беру: 5 мин

№9- сабақ.

5.1. Тақырыбы: Қылмыстық құқық негіздері. ҚР қылмыстық іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу құқығының негіздері. Сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауапкершілік.

Сағат саны: 90 мин

Сабақ түрі: теория

5.2. Мақсаты: Қылмыстық құқықты – құқық саласының көпшілік құқығы ретінде қарастыру. Отандық заңнама мен озық шетелдік тәжірибені талдау негізінде ұлттық сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстар мен ұсынымдарды әзірлеу және талқылау.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 76 беті

а) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

б) Сабақтың мақсаты мен міндетін таныстыру.

5.3. Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин

а) Барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындауын тексеру;

ә) Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;

б) Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;

в) Оқушылардың білімдерін бағалау;

г) Үй тапсырмасын қорытындылау.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин

5.4. Дәріс тезистері:

1. Қылмыстық іс жүргізу құқығы — толып жатқан түрлі жақтарды, жайжапсарларды қамтитын күрделі, ауқымды, сан мағыналы құбылыс. Оның мәніне әр түрлі анықтама берілуінің себебін осымен түсіндіруге болады. Дәстүрлі көзқарас — қылмыстық іс жүргізу құқығын ережелер (нормалар) заңында көрсетілген, қылмыстық процесс мақсаттарына жету мен міндеттерін шешу мақсатында қылмыстық істерді тергеу, қарау және шешу жөніндегі қызметті реттейтін әлеуметтік-шартты жүйе деп түсіну. Кеңестік кезеңдегі құқық дамуының энциклопедиялық анықтамасы мынаған салды: қылмыстық іс жүргізу құқығы — өз нормалары қылмыстық істерді қозғауға, алдын ала тергеуге, сотта қарауға байланысты қызметті, оның тәртібі мен мазмұнын реттейтін құқық саласы; оның тәртібі мен мазмұны; бұл жағдайда пайда болатын құқық қатынастары. Ал құқық саласы - өздері реттейтін бір тектес қоғамдық қатынастар ортақтығы біріктірген құқық нормалары мен институттардың ерекшеленген тобы. Басқа салалар арасында қылмыстық іс жүргізу құқығы іргелі салаға жатады. Құқықтық реформа кезеңіндегі энциклопедияда қылмыстық іс жүргізу құқығы — қылмыстық іс бойынша іс жүргізу тәртібін белгілейтін және алдын ала тексеру, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының қылмыстық іс қозғау, тергеу, үкімді орындаумен байланысты мәселелерді сотта қарау және сотта шешу жөніндегі қызметін реттейтін құқықтық нормалар жүйесі деп белгіленген. Осы анықтамалардың бәрі бір-біріне қайшы келмейді. Олар әлдебір жақты жеткілікті түрде терең ашып көрсетіп, басқа жай-жапсарларды жанамалап қана өтеді. Акцент таңдау нақты құқық мектебінің айқындамасына байланысты. Сонымен, қылмыстық іс жүргізу құқығының мәні мынадай тең мәнді элементтерден қалыптасады: -бұл дербес құқық саласы; іргелі сала, яғни ұлттық құқық жүйесіндегі негізгі, басты салалардың бірі болып табылады; өз ішінде тұтас ғылыми теорияны (доктринаны) нормалар түріндегі нақты іс жүргізу-құқықтық нұсқамалармен ұштастырады, оларды қолдану қылмыстық сот ісін жүргізудің жалпы және арнаулы міндеттерін шешуге мүмкіндік береді. Осы баяндалғандар тұтас, аяқталған (сыртқы және ішкі) құрылым тән қылмыстық іс жүргізу құқығының дербес нысанасы да бар екенін көрсетеді. Қылмыстық іс жүргізу құқығына бұдан бұрын келтірілген түсініктемелерді негізге ала отырып, осы сала нысанасы деп мыналарды санау қажет: - өкілетті органдардың қызметін реттейтін құқықтық нормалар жүйесі, ол қылмыстық іс жүргізу нормалары жүйесіне негізделген; - өкілетті органдардың қылмыстық іс жүргізу нормалары жүйесіне негізделген қызметі; - олардың субъективті құқықтары мен міндеттерін жүзеге асырудың барысында қалыптасатын қатынастардың сипаты, мазмұны және бағыты. Өз реттеу әдісінің болуы сала ретіндегі қылмыстық іс жүргізу құқығы дербестігінің аса маңызды белгілерінің бірі болып табылады. Қылмыстық іс жүргізу құқығының өзге салалар жүйесіндегі орнын анықтау оның өзге іргелі салалармен және ғылыми пәндермен арақатынасы айқындалғанда ғана мүмкін болады. Қылмыстық іс жүргізу құқығының құқық жүйесіндегі орнын анықтау үшін ең елеулі болып табылатындары: а) қылмыстық іс жүргізу құқығы мен қылмыстық іс жүргізу заңының; ә) қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу құқығының; б)

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 77 беті

қылмыстық іс жүргізу құқығы мен қылмыстық процестің арақатынастары. Сонымен қатар, қылмыстық іс жүргізу құқығының мәні мен орнын түсіну үшін оның азаматтық іс жүргізу құқығымен, криминалистикамен, криминологиямен, сот статистикасымен, прокурорлық қадағалау теориясымен, сот этикасымен, сот медицинасымен, сот психиатриясымен арақатынасының зор маңызы бар. Қылмыстық іс жүргізу құқығының ерекшелігі — адамның құқыққа қарсы әрекет жасауына байланысты қалыптасатын құқық қатынастарының ерекшеліктерімен айқындалады және қайшылық феноменінің ықпалымен байқалады. ҚДЖК-нің 8-бабы осы міндеттерге арналған. Мұнда былай деп көрсетілген: 1. Қылмыстық процестің міндеттері қылмыстарды тез және толық ашу, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауапқа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану болып табылады. 2. Қылмыстық іс жүргізудің заңда белгіленген тәртібі адамды және азаматты негізсіз айыптау мен соттаудан, олардың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды, кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда — оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз етуі, сондай-ақ заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуға, қылмыстардың алдын алуға, азаматтардың құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға жәрдемесуі тиіс. Бұл міндеттер қылмыстық іс жүргізудің барлық стадиялары үшін ортақ болып табылады және олардың әрқайсысы осы міндеттердің орындалуына ықпалын тигізеді. Қылмыстық іс жүргізу органдары осы міндеттерді басшылыққа ала отырып өз қызметтерін атқарады. Қылмыстық процестің міндеттерін заңда екі топқа бөліп көрсетудің мәні бар. Нақты айтқанда, ҚДЖК-нің 8-бабының 1-бөлігінде жазылған міндеттерді — қылмыстық іс жүргізудің арнайы және тікелей міндеттері деп ұғыну керек. Сонын ішінде, қылмыстарды тез және толық ашу, қылмыс жасаған адамдарды жауапқа тартып, оларды толық әшкерелеу — бұл міндеттерді орындау алдын ала тергеу және анықтау органдарына жүктеледі және осы мемлекеттік органдардың қызметімен тікелей байланысты болып табылады. Ал әділ сот талқылауын қамтамасыз ету, яғни қылмыстық істі сотта қарау кезінде оны жан-жақты талқылап, әділ шешу - соттың басты міндеті. Сонымен, қылмыстық іс жүргізу құқығы — осы қызметті және осы қызметті атқару кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы болып табылады. 2. Қоғам мен азаматтардың мүдделерін қылмыстық қиянаттардан қорғау және құқықтық тәртіпті нығайту үшін мемлекет жүзеге асыратын шараларды орындауда басты роль атқаратын құқық қорғау органдары (сот, прокуратура, алдын ала тергеу және анықтау жүргізетін органдар) болып табылады¹. Бұл мемлекеттік органдардың қызметтері бір-бірімен өзара байланысты болғанымен, олардың іс жүргізу кезіндегі өкілеттіктері бірдей емес. Мәселен, алдын ала тергеу органы бұрын болған қылмыстың мән-жайларын толық ашып, айыпталушыны қылмыстық жауапқа тартатын болса да, оның кінәлілігі жөнінде мәселені шешпейді. Осыған байланысты алдын ала тергеу жүргізу аяқталған соң тергеуші қылмыстық, істің материалдарын заңдылықтың сақталуын қадағалайтын прокурорға жібереді. Прокурор алдын ала тергеу заңды түрде және толық жүргізілген деп санайтын болса, онда ол бұл қылмыстық істі тиісті соттың қарауына береді. Содан соң сот қылмыстық іс бойынша үкім шығарады. Осындай заңға сәйкес жүзеге асырылатын өкілетті органдардың, іс-әрекеттер жүйесі қылмыстық процесс, яғни қылмыстық іс жүргізу деп аталады. Қылмыстық іс жүргізу ұғымы жөнінде айтқанда бұл қызметті сот, прокуратура және алдын ала тергеу (анықтау) органдары атқарумен қатар жеке тұлғалардың (азаматтардың) да іс жүргізуге қатысатындықтарын ескеру қажет. Жеке тұлғалардың іске қатысуларына байланысты олардың құқықтары мен міндеттері заңда көрсетілген. Осының бәрі қылмыстық іс жүргізу кезінде аталған мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының өз араларында және, сонымен қатар, мемлекеттік органдар мен жеке тұлғалардың араларында да құқықтық қатынастардың болатындығын білдіреді. Сонымен,

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 78 беті

жоғарыда айтылған мәліметтерге сүйене отырып, қылмыстық іс жүргізу ұғымын толық айтқанда былайша тұжырымдаймыз: Қылмыстық іс жүргізу — соттың, прокуратура, алдын ала тергеу және анықтау органдарының қоғам мен азаматтардың мүдделерін қылмыстық қиянаттардан қорғауға байланысты өз міндеттерін орындау мақсатында жеке тұлғаларды да қатыстыра отырып атқаратын заңмен реттелген қызметі, сондай-ақ осы қызмет саласында туындайтын құқықтық қатынастар жүйесі болып табылады. Осы ұғымға сәйкес, құқық қорғау органдарының қылмыстық процестегі міндеттері қандай деген сұрақ туады. Ол міндеттер КІЖК-нің 8-бабында баяндалған. Бұл бапта көрсетілгендей, аталған мемлекеттік органдар қылмыстарды тез және толық ашу, қылмыстық істерді әділ шешу, заңдарды дұрыс қолдану, азаматтардың заңсыз айыпталуын және сотталуын болғызбау, сондай-ақ олардың құқықтары мен бостандықтарының заңсыз шектелуін болғызбау мақсатында қажетті іс-әрекеттерді орындауға міндетті. Қылмыстық іс жүргізу басқа сөзбен қылмыстық сот ісін жүргізу деп те аталады: қылмыстық іс жүргізу заңында және ғылыми еңбектерде де осы екі термин аралас қолданылады (орысша: «уголовный процесс» және «уголовное судопроизводство»). Яғни, қылмыстық іс жүргізу қызметін «қылмыстық сот ісін жүргізу» деп те атауға болады және мұның өз себебі бар. Ол себеп қылмыстық іс жүргізу алдын ала тергеу органының қызметімен аяқталмай, істің сотта қаралып шешілетіндігіне байланысты. Сондықтан да қылмыстық іс жүргізу ұғымының «сот төрелігі» ұғымымен сәйкес жері бар деп айта аламыз: қылмыстық істі сотта қарап шешу — сот төрелігін атқару болып табылады. Бірақ, «қылмыстық іс жүргізу» ұғымы «сот төрелігі» ұғымымен бірдей емес. Өйткені, бір жағынан, «сот төрелігі» ұғымының тікелей мағынасы сот қызметі болып табылады да, ал «қылмыстық іс жүргізу» ұғымы соттың қызметімен қатар алдын ала тергеу органдарының да қызметін қамтиды. Екінші жағынан, сот төрелігіне тек қылмыстық істерді ғана қарап шешу жатпайды; оған, сонымен қатар, азаматтық, әкімшілік және т.б. істерді шешу қызметі кіреді. Қылмыстық іс жүргізу қызметін атқару «қылмыстық іс бойынша өндіріс» деп те аталады (орысша: «производство по уголовному делу»). Бұл жағдайда «өндіріс» деген сөз заңды түрде жүргізілетін іс-әрекеттердің орындалуын және ол іс-әрекеттердің жиынтығын білдіреді. Мәселен, алдын ала тергеу жүргізуге кірісу үшін тергеуші алдымен қылмыстық істі өз өндірісіне қабылдау туралы қаулы шығарып, содан кейін қылмысты тез және толық ашу міндетін орындауы тиіс. Тергеушінің, сол сияқты анықтаушының да, қылмыстық іс бойынша атқаратын осындай қызметі «сотқа дейінгі қылмыстық іс бойынша өндіріс» деп аталады. Ал, қылмыстық іс сотқа келіп түскеннен кейін болатын іс-әрекеттер қызметін «соттағы қылмыстық іс бойынша өндіріс» деп айту қате емес. Қылмыстық іс жүргізу ұғымымен қатар осы қызметке сәйкес ғылыми сала және оқу пәні ұғымдарын да білу қажет. Яғни, қылмыстық іс жүргізу қызметі және бұл қызметті зерттейтін ғылым саласы мен оған сәйкес оқу пәні ұғымдары өзара байланысты болғанымен, олардың әрқайсысы жеке ұғым болып табылады. Қылмыстық іс жүргізу қызметінің барысы бірнеше, әрқайсысының жеке маңызы бар кезеңдерге бөлінеді. Ол кезеңдер қылмыстық процестің стадиялары деп аталады. Стадиялардың әрқайсысы мынадай белгілермен сипатталады: 1) әр стадия іс жүргізудің жеке кезеңі ретінде КІЖК-де арнайы белгіленген; 2) әр стадияның жеке маңызы және өзіне тән міндеттері бар; 3) әр стадияның мәнін құрайтын іс-әрекеттер заңмен реттелген және бұл іс-әрекеттердің субъектілері көрсетілген; 4) әр стадия — оның нәтижесін қорытындылайтын процессуальдық шешім қабылдаумен аяқталады.

Сыбайлас жемқорлық - бұл мемлекеттік қызметшілердің немесе оларға теңестірілген адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу	100 беттің 79 беті

сатып алу. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңның 2-бабының 1-бөлігінде сыбайлас жемқорлық деп мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы ұғынылады.

Бұл ретте, ең алдымен, сыбайлас жемқорлық әкімшілік құқық бұзушылық пен сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылық арасындағы салдардың ауырлық дәрежесі бойынша нақты бағытты жүргізу қажет.

Соңғы онжылдық мемлекетіміздің «ұлттық қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіретін» негізгі көздердің бірін білдіретін сыбайлас жемқорлық мәселелерін зерттеуге және жемқорлыққа қарсы күрестің құқықтық шараларын жетілдіруге деген жоғары қызығушылықпен сипатталады.

Мемлекеттік билік органдарында сыбайлас жемқорлық азаматтардың конституциялық құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтіреді, демократиялық ұстанымдары мен құқықтық тәртіпті бұзады, мемлекеттік аппараттың қызметін төмендетеді, мемлекеттік реформаларды өткізуге кедергі келтіреді, сайып келгенде, азаматтардың билікке сенімін жояды.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің халықаралық тәжірибесі сыбайлас жемқорлық сипаттағы әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілікті белгілейтін ұлттық заңнамадағы нормаларды белсенді дамытуды, қылмыстық жауапкершілік шараларының алдында алдын алу шараларының басымдығын дәлелдеп отыр.

Мемлекеттік қызметшілердің моральдық мінез-құлық стандарттарын тәртіптік, қылмыстық және әкімшілік ықпал ету шараларының көмегімен тұрақты қолдау керек. Мұндай шаралар қылмыстық жауапкершілікке қарағанда тиімдірек, өйткені оларды қолдану жедел рәсімге байланысты; мемлекет тарапынан елеулі материалдық шығынды және құқық қорғау органдарының күш-жігерін талап етпейді; мемлекет ұстануы тиіс жазалау- тәрбие саясатының негізгі қағидаттарының біріне толық сәйкес келеді, жаза неғұрлым тиімдірек болса, соғұрлым ол тезірек қолданылады. Сонымен қатар, жасалған құқық бұзушылық үшін жаза қолдану процесі ұзағырақ болса, ол жазасыз қалады деген ықтималдық көп болады.

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасында әкімшілік құқығының маңызды құрамдас бөлігі ретінде әкімшілік-деликт құқығы қаралады, оның дамуы әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы жаңартумен байланысты. Мұндай заңдардың негізіне, Тұжырымдамада атап көрсетілгендей, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары туралы, тікелей қолданыстағы заңдардың мәнін, мазмұнын және қолданылуын анықтайтын конституциялық нормаларды тану жатуға тиіс.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманың маңызды міндеттерінің бірі бұзылған құқықтарды қалпына келтіру, әкімшілік- құқықтық шаралармен қоғамдағы қақтығыстардың алдын алу болып табылады. Әкімшілік-құқықтық санкцияларды қалыптастыру кезінде, Тұжырымдамада қоғамдық қауіптілік деңгейінің мөлшерін, құқық бұзушылық сипатын бұлжытпай сақтау, әкімшілік-құқықтық және қылмыстық-құқықтық санкцияларды айқын шектеу ұсынылады. Бұл ұсынымдар ерекше өзекті, өйткені көбінесе жасалған құқық бұзушылық үшін мөлшерлестік қағидатын бұзу, әкімшілік репрессивтік санкциялардың қылмыстық санкцияларға айналуы байқалады. Әкімшілік құқық бұзушылық мемлекеттік-биліктік қатынастар саласында, мемлекеттік басқару жүйесінде жиі көрініс табады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 80 беті

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы жаңа кодексінің, (бұдан әрі – ӘҚБТК) «Әкімшілік құқық бұзушылық және әкімшілік жауаптылық» 2-бөлімінің 3-тарауы 25-бабына сәйкес, осы Кодексте сол үшін әкімшілік жауаптылық көзделген, жеке тұлғаның құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасаған) әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады (1-тармақ). Егер бұл құқық бұзушылықтар өзінің сипаты бойынша заңнамаға сәйкес қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпаса, әкімшілік жауаптылық туындайды (2-тармақ).

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде бірқатар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілікті көздейтін бірнеше нормалар бар.

Бірақ айта өту керек, жауапкершіліктің басталмауы осы нормаларды бұзу белгіленген қағидалар мен тыйым салуларды толықтай елемеуге әкеледі. Өзге де әкімшілік құқық бұзушылықтардан айырмашылығы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық әрқашан қасақана әрекет түрінде жасалады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте көзделген әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар құрамын ескере отырып, әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық деп мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаның немесе оған теңестірілген тұлғаның қоғамға әдейі қауіпті әрекеті, өзінің өкілеттігіне кіретін іс-әрекет (әрекетсіздік) үшін сол тұлғаның пайдасына материалдық игіліктерді жеке өзі немесе делдал арқылы заңсыз алудан көрінуі, сондай-ақ егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, сыйақы ұсыну бойынша жеке тұлғаның қасақана іс-әрекеттері түсіндіріледі.

Бұл ұғым сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың материалдық мазмұнын, заңдық табиғаты мен әлеуметтік мәнін ашады және сол арқылы қоғамдық қауіптілік, құқыққа қайшылық, жазалану, кінәлілік пен қол сұғушылық объектісі ретіндегі оның белгілерін айқындайды.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілеріне лауазымды және мемлекеттік міндет атқаруға уәкілетті өзге де адамдарды немесе оларға теңестірілген адамдарды сатып алуды жүзеге асырушы, сол сияқты оларға заңға қайшы мүліктік игіліктер мен артықшылықтар беретін жеке және заңды тұлғалар да жатады [2, 3-баптың 4-тармағы].

5.5. Иллюстративті материал:

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

ә) көрнекі және дидактикалық құралдар: өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер, тест тапсырмалары, сөзжұмбақтар.

5.6. Әдебиет:

1. Экономикалық теория негіздері. Оқулық. Я. Әубәкіров, М.Есқалиев және т.б. Алматы, «Санат», 1.
2. Экономика здравоохранения: учебник / под ред. А. В. Решетникова. - 2-е изд., перераб. и доп. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГБОУ ВПО "Первый Мос. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 192 с
3. Общественное здоровье и здравоохранение, экономика здравоохранения. В 2 т. Т. 1 : учебник /. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 688 ил.
4. Основы маркетинга: учеб. для мед. училищ и колледжей / под ред. И. В. Липсица, М. Н. Дымшица ; М-во обр. и науки РФ. - ; Рек. ФГБОУ ВПО " Гос. ун-т управления". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 208 с. : ил.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 81 беті

- Сыздыкова, К. Ш. Экономика и маркетинг в здравоохранении : учебное пособие / К. Ш. Сыздыкова, Ж. С. Тулебаев, Э. А. Актуреева. - Алматы : ИП "Акнұр", 2015. - 274 с.
- Экономика здравоохранения : учебник / под ред. А. В. Решетникова. - 2-е изд., перераб. и доп. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГБОУ ВПО "Первый Мос. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 192 с.
- Основы маркетинга: учеб. для мед. училищ и колледжей / под ред. И. В. Липсица, М. Н. Дымшица ; М-во обр. и науки РФ. - ; Рек. ФГБОУ ВПО " Гос. ун-т управления". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 208 с. : ил.
- Рахыпбеков, Т. К. Денсаулық сақтау саласындағы экономикалық талдау әдістері: оқу құралы / Т. К. Рахыпбеков. - Алматы : АҚНҰР, 2016. - 340 бет

5.7. Бақылау сұрақтары:

- Қазіргі таңда Қазақстанда қылмыстың алдын-алу үшін қандай шаралар жасалынып жатыр?
- Қылмыстық құқықтың формальды қайнар көзіне нелер жатады?
- Қандай қылмыстарды білесің?
- Рецидивист дегеніміз не?
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдар?
- Сыбайлас жемқорлықтың зардаптары?

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

- Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
- Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

Сабақты қорытындылау: 10мин

- Оқушыларды бағалау.
- Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

Үйге тапсырма беру: 5 мин

№10- сабақ.

5.1. Тақырыбы: Қазақстан Республикасының экологиялық құқық негіздері.

Сағат саны: 90 мин

Сабақ түрі: теория

5.2. Мақсаты: Экологиялық құқық ұғымы және пәні, көздері

Ұйымдастыру кезеңі : 5 мин

- Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
- Сабақтың мақсаты мен міндетін таныстыру.

5.3.Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин

- Барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындауын тексеру;
- Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;
- Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
- Оқушылардың білімдерін бағалау;
- Үй тапсырмасын қорытындылау.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин

5.4. Дәріс тезистері:

Біздің елімізде табиғатты қорғау және оның байлықтарын тиімді пайдалану қоғамның дамуының конституциялық қағидаларына енгізілген, ол әрбір адамның парызы ретінде жалпы-мемлекеттік, жалпыхалықтық міндет болып табылады.

Экологиялық құқық — бұл осы кезең мен болашақтың адамдардың мүдделері үшін қоғам мен табиғат аясындағы қарым-қатынасқа байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін жана

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу	100 беттің 82 беті

құқық салаларының бірі болып табылады. «Экология» — бұл біздің жалпы және жалғыз үйіміз — «Жер» туралы ғылым.

Алғашқы рет бұл ғылыми терминді 1866 жылы неміс ғалымы Геккель ұсынып және ұзақ уақыт бойы тек биология ғылымы негізінде тар аяда қолданылды. Ол өзінің әйгілілігіне XX ғасырдың екінші жартысында ие болды, өйткені тура осы кезден бастап адам мен орта және қоғам мен табиғат арасындағы қатынастар шиеленісе түсті. Экология — тірі организмдер мен олардың өмір сүру негізі қоршаған табиғи орта арасындағы қарым-қатынасты анықтайтын ілім ретінде қолданылады.

Табиғат — санада және санадан тыс жүретін объективті анықтылық және адам жаратылысының өмір сүру ортасы. Ол адамға байланысты негізгі 3 түрлі қызметті атқарады:

1. Жердегі өмірге қажетті биологиялық жағдайды қамтамасыз ететін экологиялық қызмет;
2. Адамдардың материалдық қажеттіліктерін қанағаттандырудың қайнар көзі болып табылатын экономикалық қызмет;
3. Адамның жан дүниесінің қалыптасуына әсер ететін негіз — құлықтылық қызмет.

Адам — табиғаттың эволюциялық даму нәтижесінің өнімі. Табиғатқа қатынасына байланысты ол — оның әсерін байқайтын, өмірдің жаратылысынан тәуелді болатын, оны қоршаған ортаның объектісі ретінде және табиғи ресурстарды пайдаланатын, өзінің шаруашылық қажеттіліктерін шешу үшін табиғатты бейімдеуші субъект ретінде танылады.

Қоғам мен табиғаттың өзара байланысы негізі 2 нысандағы қоғамдық қатынастар негізінде — табиғат ресурстарын пайдалану мен табиғатты қорғауда көрініс табады. Табиғат ресурстарын пайдалану — материалдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған қоғамның экономикалық мүддесімен анықталады. Табиғатты қорғау — қазіргі кезең және болашақ ұрпақтар үшін қоршаған табиғи ортаның сапасымен байланысты қоғамның экологиялық даму мүддесі болып табылады. Бірақ, тірі организмдердің (соның ішінде адамның да, қоғамның да) жалпы қоршаған ортамен емес, табиғи ортамен байланысты екендігін де көрсету керек. Сондықтан, экологияны сөзбе-сөз түсіну үшін, тек табиғи ортамен ғана өзара қарым-қатынас болған жағдайды айту керек. Міне тек осы жерде ғана табиғатты дамыту (жақсарту) туралы, экологиялық заңдарды сақтауға аса назар аудару керек. Қоршаған ортада — бұл әлеуметтік экологияның заты емес. Әлеуметтік экологияға, оның құрамдас бөлігі ретінде құқықтық экология кіреді. құқықтық экология деп — қоғам мен табиғаттың өзара байланысынан туындайтын қоғамдық (экологиялық) қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығын айтамыз. Құқықтық экологияның анықталуының бірі болып, экология құқығы танылады. Экология құқығы — бұл қазіргі және болашақ ұрпақ үшін қоршаған табиғи ортаны тиімді пайдалану мен қорғауға байланысты қоғам мен табиғаттың қарым-қатынасын анықтайтын қоғамдық (экологиялық) қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығы.

Мемлекеттің экологиялық қызметінің дамуы — экология құқығы деген атқа ие болған жаңа құқықтық бірліктің құрылуына алып келді. құқық саласының құрылу процесі объективті түрде негізделінеді, яғни табиғатты қорғау немесе қоршаған ортаны қорғау туралы басты реттеуші заңның болуы және болмауына байланысты емес. Бұндай заңның түрлерінің болуы берілген бірлестіктің ішкі даму процестерінің нәтижесі болып табылады, егер оның өмір сүруі халықтың түбегейлі қажеттіліктерінен туындайтын болса.

Экология құқығы, құқық саласы ретінде біздің ортақ үйіміз өмір сүру мүдделері үшін қоғам мен табиғат арасындағы үйлесімді байланыстарға жету мақсатында экологиялық қоғамдық қатынастарды жүзеге асыратын арнайы тәсілдерді реттейтін құқықтық нормалардың жүйесін құрайды.

Кез келген жүйе — біріккен, жүйе құрайтын факторларды ретке келтіруші көптеген элементтерден тұрады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 83 беті

Экология құқығының әдістері — қоғам мен табиғат арасындағы үйлесімді байланысқа жетуге бағытталған, олар табиғатқа да, қоғамға да қатысты заңдылықтардың құқықтық, реттелуінің сақталуына негізделеді. Экология құқығы 3 негізде оқытылады: пән ретінде, сала ретінде, ғылым ретінде.

Экология құқығы сала ретінде — экологиялық құқықты сала, пән ретіндегі танудың ғылыми ілімдерінің жүйесін құрайды. Экологиялық құқықты — құқық саласы ретінде тану үшін біз белгілі бір заңдарға жүгінеміз, оның нормаларына түсінік береміз.

Экологиялық құқықты оқу пәні ретінде біз, теориялық және тәжірибелік сұрақтарын қамтитын оқыту әдістемесіне және де құқық нормалары мен олардың тәжірибе жүзінде жүзеге асыру қажеттілігін білуге мән береміз.

5.5. Иллюстративті материал:

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

ә) көрнекі және дидактикалық құралдар: өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер, тест тапсырмалары, сөзжұмбақтар.

5.6. Әдебиет:

1. Экономикалық теория негіздері. Оқулық. Я. Әубәкіров, М.Есқалиев және т.б. Алматы, «Санат», 1.

2. Экономика здравоохранения: учебник / под ред. А. В. Решетникова. - 2-е изд., перераб. и доп. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГБОУ ВПО "Первый Мос. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 192 с

3. Общественное здоровье и здравоохранение, экономика здравоохранения. В 2 т. Т. 1 : учебник /. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 688 ил.

4. Основы маркетинга: учеб. для мед. училищ и колледжей / под ред. И. В. Липсица, М. Н. Дымшица ; М-во обр. и науки РФ. - ; Рек. ФГБОУ ВПО " Гос. ун-т управления". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 208 с. : ил.

5. Сыздыкова, К. Ш. Экономика и маркетинг в здравоохранении : учебное пособие / К. Ш. Сыздыкова, Ж. С. Тулебаев, Э. А. Актуреева. - Алматы : ИП "Ақнұр", 2015. - 274 с.

6. Экономика здравоохранения : учебник / под ред. А. В. Решетникова. - 2-е изд., перераб. и доп. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГБОУ ВПО "Первый Мос. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 192 с.

7. Основы маркетинга: учеб. для мед. училищ и колледжей / под ред. И. В. Липсица, М. Н. Дымшица ; М-во обр. и науки РФ. - ; Рек. ФГБОУ ВПО " Гос. ун-т управления". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 208 с. : ил.

8. Рахыпбеков, Т. К. Денсаулық сақтау саласындағы экономикалық талдау әдістері: оқу құралы / Т. К. Рахыпбеков. - Алматы : АҚНҰР, 2016. - 340 бет

5.7. Бақылау сұрақтары:

1. Экологиялық құқықтың мәні?

2.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

1. Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.

2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

Сабақты қорытындылау: 10 мин

1. Оқушыларды бағалау.

2. Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

Үйге тапсырма беру: 5 мин

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 84 беті

№11- сабақ.

5.1. Тақырыбы: Қазақстан Республикасының жер құқығы негіздері. Халықаралық құқық негіздері.

Сағат саны: 90 мин

Сабақ түрі: теория

5.2. Мақсаты: Меншік құқығы кезінде-туған ресурстар.

Ұйымдастыру кезеңі : 5 мин

а) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

б) Сабақтың мақсаты мен міндетін таныстыру.

5.3. Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин

а) Барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындауын тексеру;

ә) Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;

б) Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;

в) Оқушылардың білімдерін бағалау;

г) Үй тапсырмасын қорытындылау.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин

5.4. Дәріс тезистері

Жердің айырықша ерекшеліктері болып оның көлемінің шектелгендігін, орналасу орнының тұрақтылығы, ауыспайтындығы және жылжымайтындығы табылады. Сонымен қатар, жер өз құрамы, құнарлығы, ландшафттығы, өсіп-өну мүмкіндігі, экологиялық, рекреациялық және шаруашылық мақсаттары бойынша біртектес емес.

Жердің басқа да табиғи ресурстарымен, әсіресе, су ресурстарымен, жер қойнауымен, өсімдіктер әлемімен, соның ішінде, орманмен, байланысының мәні ерекше. Олар үшін де жер орналасқан орны және өмір сүру жағдайы болып табылады.

Олардың барлығы жер қатынастарының құқықтық реттеудің мазмұнына әсер етеді.

Әдіс дегеніміз пәнді құрайтын қоғамдық қатынастарға құқықтық әсер ету құралы. Жер құқығында құқықтық реттеу әдісі ретінде ҚР-ның жер заңдарының мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, реттелген қоғамдық қатынастарға мемлекеттік құқықтық әсер етудің экологиялық, императивтік және диспозитивтік тәсілдері.

Жер қатынастарын мемлекеттік басқару функцияларын (есеп, кадастр, мониторинг жүргізу) жүзеге асыру үшін жер қатынастарын реттеудің императивтік әдісі қолданылады.

Жерге меншік құқығын және жер пайдалану құқығын жүзеге асыру үшін диспозитивтік (латын сөзі «диспозитив» - «тандаймын») әдіс қолданылады, ол меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға жер учаскілерін пайдаланумен байланысты шаруашылық мәселелерін дербес шешуге мүмкіндік береді.

Жерге табиғи объект ретінде экономикалық әдіс қолданылады, ол құқықтық реттеу пәнінің, яғни, жердің табиғи қасиеттерін есепке алуды білдіреді.

Жер құқығы әдістерінің түрлері:

1) диспозитивтік;

2) императивтік;

Диспозитивтік әдістің түрлері:

1) ұсынушы;

2) санкциялаушы;

3) құқық беруші;

Императивтік әдістің түрлері:

1) құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін орнықтырушы;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 85 беті

2) тыйым салушы (шекараларды, жер құқығы қатынастары қатысушыларының тиісті жүріс-тұрысын анықтау);

3) экологиялық әдіс.

Жер құқығы өзінің жүйесі бар құқық саласы ретінде жалпы және ерекше бөлімдерден құралады.

Жалпы ережелерден тұратын, әрекеті реттелетін жер қатынастарының барлығына немесе басым көпшілігіне таралатын институттардың жиынтығы жер құқығының жалпы бөлімін құрайды.

Жер құқығының жалпы бөлімі келесі институттардан (тараулардан) тұрады:

1) Жер құқығының түсінігі, пәні, әдісі және жүйесі. Жер құқығының сабақтас құқық салалармен ара қатынасы;

2) ҚР жер заңдарының міндеттері, мақсаттары және қағидалары;

3) Жер құқығының тарихы;

4) Жер құқығының қайнар көздері;

5) Жер құқығы қатынастары;

6) Жерге меншік құқығы;

7) Жер пайдалану құқығы;

8) Жеке меншік құқығы мен пайдалану құқығындағы жер учаскілерінің құқықтық режимі;

9) Жерге жеке меншік құқығы жер пайдалану құқығын қорғау және зияндарды өлтіру;

10) Жер үшін төленетін төлем;

11) Сервитуттар;

12) Жер құқығы қатынастары саласындағы басқару органдарының құзіреті және мемлекеттік басқарудың жалпы мәселелері;

13) Жерді қорғау, мемлекеттік бақылау, жерге орналастыру, мониторинг және жер кадастры;

14) Жер заңдарын бұзғаны үшін заңды жауаптылық;

15) Жер даулары;

Жер құқығының ерекше бөлімі келесі институттардан тұрады:

1) Ауыл шаруашылық мақсатындағы жердің құқықтық режимі;

2) Елді мекен жерлерінің құқықтық режимі;

3) Өнеркәсіптік, көлік, байланыс, қорғаныс және ауыл шаруашылығынан өзге мақсатқа арналған жерлердің құқықтық режимі;

4) Ерекше қорғалатын аумақтар жерлерінің құқықтық режимі;

5) Су қоры жерлерінің құқықтық режимі;

6) Орман қорлары жерлерінің құқықтық режимі;

7) Босалқы және пайдалануға жарамсыз жерлердің құқықтық режимі.

2. ҚР жерге меншік құқығы мен басқа да құқықтар

Жерге меншік құқығының түсінігі ҚР Жер кодексінің 3-бабында берілген. ҚР-да жер мемлекеттік меншікте болады. Жер учаскілері Жер кодексінде белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.

Жер, оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер және жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекеттік меншікте болады.

Жер учаскілеріне меншік құқығы мына жолдар арқылы туындайды:

1) меншік құқығын табыстау;

2) меншік құқығын беру;

3) меншік құқығының әмбебап құқықтық мирасқорлық (мұраға қалдыру, заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы) тәртібі бойынша ауыстыру.

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы			044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу			100 беттің 86 беті

Меншік құқығын табыстау, беру және оның ауысуы жер учаскісінің нысаналы мақсаты ескеріле отырып жүзеге асырылуға тиіс.

Жер учаскесіне меншік құқығы келесі негіздерде туындайды:

- 1) мемлекеттік органдар актілер негізінде;
- 2) азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде;
- 3) ҚР-ның заңдарында көзделген өзге де негіздерде (ҚР ЖК 22-бабы).

ҚР Жер кодексінің 27-бабына сәйкес, мемлекеттік меншік құқығын жүзеге асыру мынаны білдіреді: мемлекеттік меншіктегі жерден жер учаскелері:

- 1) жеке меншікке сатылу немесе ақысыз білдіру;
- 2) тұрақты немесе уақытша жер пайдалануға берілуі;
- 3) Жер кодексінде, ҚР-ның өзге де заң актілерінде немесе халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда өзге де құқықтық нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін.

Мемлекеттік меншік құқығының объектілері болып жеке меншікке берілмеген жерлердің барлығы табылады. Бұл мәселені РК Жер кодексінің 26-бабы толығырақ ашады. Оған сәйкес, мемлекеттік билік органдарына, мемлекеттік ұйымдар мен мекемелерге берілген, қорғаныс қажеттіліктеріне пайдаланылатын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар алып жатқан, сауықтыру және тарихи-мәдени мақсаттағы, орман және су қорларының, елді мекен жеріндегі ортақ пайдаланудағы, босалқы жер, оның ішінде арнайы жер қорының жер учаскелері, кенттер мен ауылдық елді мекендердің маңыздағы жайылымдық және шабындық алқаптар, сондай-ақ, жеке меншікке берілмеген шалғайдағы жайылымдар мен басқа да жерлер меншікте болады.

Жеке меншіктегі объектілері болып ҚР Жер кодексінде көзделген тәртіпке сәйкес елді мекендер, ауыл шаруашылық мақсатындағы, орман және су қорларының жерлері табылады.

Жер иелену құқығы – жерді іс жүзінде иеленуді жүзеге асырудың заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндігі.

Жер пайдалану құқығы – тұлғаның мемлекеттік меншіктегі жер учаскесін ақылы және ақысыз негізге шектеусіз мерзімге немесе белгілі бір мерзім ішінде иелену және пайдалану құқығы.

Жерге билік ету құқығы – мемлекеттің ҚР аумағындағы жердің заңдық тағдырын айқындаудағы заңмен қамтамасыз етілген құқығы, сондай-ақ жердің жеке меншік иесінің өз жер учаскесіне қатысты ҚР-ның заң актілерінде тыйым салынбаған мәмілелер жасауға құқығы.

3. Жер пайдалану құқығы

Жер учаскесін пайдалану құқығының туындауының негізі болып осындай құқықты, құқықты иеленуші құқық субъектісін және заңды фактіні белгілеу мүмкіндігін көздейтін заң формасы табылады.

Заңды фактілер ретінде құқық нормаларына сәйкес белгілі бір құқықтық салалардың – құқықтық қатынастардың пайда болуының, өзгеруінің және тоқтатылуының – туындауына себепкер болатын жағдайлар түсініледі.

Жер учаскесінің пайдалану құқығының негізі болып осы құқықты орнықтыруға бағытталған тек құқыққа сай әрекет қана табылады. Жер пайдалану құқығының туындауы негіздерінің тізімі ҚР Жер кодексінің 31-бабында берілген.

Жер пайдалану құқығы туындау негіздеріне қарай былай бөлінеді:

- 1) жер пайдалану құқығын табыстау;
- 2) жер пайдалану құқығын беру;
- 3) жер пайдалану құқығының әмбебап құқықтық мирасқорлық тәртібімен ауысуы.

Сонымен қатар, жер пайдалану құқығы мына негіздер бойынша да туындайды:

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу	100 беттің 87 беті

- 1) мемлекеттік органдар актілерінің;
- 2) азаматтық-құқықтық мәмілелердің негізінде;
- 3) ҚР-ның заңдарында көзделген өзге де негіздерде.

ҚР Жер кодексінің 1-бабына сәйкес, ҚР жер қоры нысаналы мақсатына сәйкес мынадай санаттарға бөлінеді:

- 1) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер;
- 2) елді мекендердің жері;
- 3) өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жері және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жер;
- 4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер;
- 5) орман қорының жері;
- 6) су қорының жері;
- 7) босалқы жер.

Құқықтық режимі бойынша жер пайдалану құқығы тұрақты немесе уақытша, иеліктен шығарылатын немесе шығарылмайтын, ақылы немесе ақысыз алынатын болуы мүмкін.

Субъектілерінің құқықтық жағдайына қарай жер пайдалану құқығы келесі түрлерге бөлінеді:

- 1) мемлекеттік және мемлекеттік емес;
- 2) ұлттық және шетелдік;
- 3) жеке және заңды тұлғалар;
- 4) тұрақты және уақытша, бастапқы және кейінгі.

ҚР Жер кодексінің 30-бабына сәйкес жер пайдалану құқығының субъектілері кесесі түрлерге бөлінеді:

- 1) мемлекеттік және мемлекеттік емес субъектілер;
- 2) ұлттық және шетелдік субъектілер;
- 3) жеке және заңды тұлғалар;
- 4) тұрақты және уақытша субъектілер;
- 5) бастапқы және кейінгі субъектілер.

Жер пайдаланудың бұл түрлеріне ҚР Жер кодексінің 12-бабында қысқаша сипаттама берілген.

Мемлекеттік жер пайдаланушылар – мемлекеттік республикалық және коммуналдық заңды тұлғалар.

Шетелдік жер пайдаланушылар – бұл шет мемлекет азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар, шет мемлекет заңдарына сәйкес құрылған заңды тұлғалар, шет мемлекеттер, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдар.

Ұлттық жер пайдаланушылар – ҚР-ның азаматтары, ҚР-ның заңдарына сәйкес құрылған заңды тұлғалар, соңын ішінде, шетелдік қатысушылары бар кәсіпорындар.

Мемлекеттік емес жер пайдаланушылар – азаматтар және мемлекеттік емес заңды тұлғалар.

Бастапқы жер пайдаланушылар – жер пайдалану құқығын Жер кодексінің 32-бабында көзделген тәртіппен тікелей мемлекеттен не осы құқықтан айыру тәртібімен басқа да бастапқы жер пайдаланушылардан алған тұлғалар.

Тұрақты жер пайдаланушылар – жер пайдалану құқығының мерзімі шектеусіз сипатта болатын тұлғалар.

Кейінгі жер пайдаланушылар - өзінің бастапқы жер пайдаланушы мәртебесін сақтап қалатын жер пайдаланушыдан кейінгі жер пайдалану туралы шарт негізінде уақытша жер пайдалану құқығын алған тұлғалар.

5.5. Иллюстративті материал:

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 88 беті

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

ә) көрнекі және дидактикалық құралдар: өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер, тест тапсырмалары, сөзжұмбақтар.

5.6. Әдебиет:

1. Экономикалық теория негіздері. Оқулық. Я. Әубәкіров, М. Есқалиев және т.б. Алматы, «Санат», 1.
2. Экономика здравоохранения: учебник / под ред. А. В. Решетникова. - 2-е изд., перераб. и доп. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГБОУ ВПО "Первый Мос. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 192 с
3. Общественное здоровье и здравоохранение, экономика здравоохранения. В 2 т. Т. 1 : учебник /. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 688 ил.
4. Основы маркетинга: учеб. для мед. училищ и колледжей / под ред. И. В. Липсица, М. Н. Дымшица ; М-во обр. и науки РФ. - ; Рек. ФГБОУ ВПО " Гос. ун-т управления". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 208 с. : ил.
5. Сыздыкова, К. Ш. Экономика и маркетинг в здравоохранении : учебное пособие / К. Ш. Сыздыкова, Ж. С. Тулебаев, Э. А. Актуреева. - Алматы : ИП "Ақнұр", 2015. - 274 с.
6. Экономика здравоохранения : учебник / под ред. А. В. Решетникова. - 2-е изд., перераб. и доп. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГБОУ ВПО "Первый Мос. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 192 с.
7. Основы маркетинга: учеб. для мед. училищ и колледжей / под ред. И. В. Липсица, М. Н. Дымшица ; М-во обр. и науки РФ. - ; Рек. ФГБОУ ВПО " Гос. ун-т управления". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 208 с. : ил.
8. Рахыпбеков, Т. К. Денсаулық сақтау саласындағы экономикалық талдау әдістері: оқу құралы / Т. К. Рахыпбеков. - Алматы : АҚНҰР, 2016. - 340 бет

5.7. Бақылау сұрақтары:

1. Жер құқығының түсінігі, пәні, жүйесі
2. ҚР жерге меншік құқығы мен басқа да құқықтар
3. Жер пайдалану құқығы
4. Жерге орналастыру, мониторингі мен кадастры

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

1. Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

Сабақты қорытындылау: 10 мин

1. Оқушыларды бағалау.
2. Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

Үйге тапсырма беру: 5 мин

№12- сабақ.

5.1. Тақырыбы: Аралық бақылау №2 Қазақстан Республикасының Құқық қорғау органдарын ұйымдастыру және қызметінің негіздері.

Сағат саны: 90 мин

Сабақ түрі: теория

5.2. Мақсаты: ҚР Құқық қорғау органдары жүйесінің жалпы сипаттамасы және анықтамасы. ҚР Прокуратурасының құқықтық мәртебесі, прокуратура қызметкерлерінің өкілеттігі, құқықтық мәртебесі.

Ұйымдастыру кезеңі : 5 мин

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 89 беті

а) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

б) Сабақтың мақсаты мен міндетін таныстыру.

5.3. Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин

а) Барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындауын тексеру;

ә) Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;

б) Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;

в) Оқушылардың білімдерін бағалау;

г) Үй тапсырмасын қорытындылау.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

Аралық бақылауға арналған сұрақтар

1. Мемлекеттің ұғымы және оның белгілері.
2. Мемлекеттің нысаны және түрлері.
3. Мемлекеттің басқару нысаны.
4. Мемлекеттің аумақтық құрылысының нысаны.
5. Мемлекеттің саяси режимінің нысаны.
6. Мемлекеттің функциялары.
7. Құқықтық мемлекет принциптері.
8. Авторитарлық және тоталитарлық мемлекеттің ерекшеліктері.
9. Құқықтың пайда болуы туралы Теория.
10. Мемлекет және құқық, олардың бірлігі.
11. Құқық жүйесі, оның салалары.
12. Құқықтық нормалар ұғымы, олардың түрлері мен құрылымы.
13. Құқықтық сана, құрылымы және түрлері.
14. Құқық бұзушылық, белгілері және түрлері.
15. Құқықтық жауапкершілік түрлері.
16. Адам және ҚР азаматының құқықтық мәртебесі.
17. Адам және ҚР азаматының құқықтары мен бостандықтары жүйесі.
18. Адам және ҚР азаматының конституциялық міндеттері.
19. ҚР қызметінің негізгі принциптері.
20. Президенттік институттың құқықтық мәртебесі.
21. Жергілікті атқарушы орган, оның құқықтық жағдайы.
22. Конституциялық Кеңес, оның құрылымы мен функциялары.
23. ҚР сот билігі.
24. ҚР Жергілікті өкілетті органдарының құқықтық жағдайы.
25. ҚР Сайлау жүйесі.
26. "Сыбайлас жемқорлық" ұғымының тарихи дамуы.
27. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік идеясы.
28. Шет елдердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет.
29. Қазіргі мемлекеттердегі сыбайлас жемқорлықты трансформациялау.
30. Қазақстан Республикасындағы білім, мәдениет, денсаулық сақтау, Спорт және басқа да салаларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат.
31. Өскелең ұрпақ үшін білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлықтың салдары.
32. Ұлт денсаулығы үшін денсаулық сақтау саласындағы сыбайлас жемқорлық салдарының дәрежесі.
33. "Неке және отбасы туралы" ҚР заңы 17.12.1998 ж.
34. Отбасылық құқық ұғымы. Отбасы-неке қатынастары жүйесі.
35. Ерлі-зайыптылардың мүлктік және мүлктік емес құқықтары мен міндеттері.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 90 беті

36. Қорғаншылық және қамқоршылық ұғымы, жалпы сипаттамасы.
37. Отбасы мүшелерінің алименттік қатынасы.
38. Қаржылық құқық ұғымы, пәні, әдістері.
39. Қаржылық заңнама жүйесі.
40. Мемлекеттің қаржы жүйесі және қаржы органдары.
41. Кредиттік жүйенің құқықтық негіздері.
42. ҚР салық жүйесі.

5.4. Дәріс тезистері:

Мемлекет пен оның органдарының қызметінде басым бағыттардың бірі ретінде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының үстемдігін, Қазақстан Республикасының егемендігін қамтамасыз етуге, қазақстандық қоғам мен мемлекеттің тұрақты әрі дәйекті дамуын, халықаралық аренада Қазақстанның қызметін құқықтық қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық заңдарды қалыптастыру орын алатыны белгілі.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында "Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары" деп айқын жазылған. Бұл мемлекеттің мемлекеттік және өзге де органдар атынан өз қызметін құқықтық нормалар, Заңның үстемдігін қамтамасыз ету, жеке адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, мемлекет пен азамат арасында өзара заң жауапкершілігін белгілеу негізінде жүзеге асыратынын айғақтайды.

Көптеген мемлекеттік органдар үшін олардың қызмет ауқымы, әрине, аталғандарды, аса маңызды болса да, бірақ нақты шектелгенміндеттер - құқық тәртібі, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қылмыстар мен өзге құқық бұзушылықтарға қарсы күрес міндеттерін шешумен бітпейді, құқық тәртібі мен заңдылықты қорғау жөніндегі кейбір функцияларды олар өздерінің негізгі міндеттерімен қатар жол-жөнекей орындайды.

Құқық тәртібі мен заңдылықты қамтамасыз етумен арнаулы органдар тобы айналысады. Оларды құқық тәртібін қорғау органдары, яғни ҚР Конституциясымен, басқа да заңнамалық және құқықтық ұйғарымдармен жалпы мемлекеттің өмірі мен қызмет тәртібін күзетуге арналған органдар деп атайды.

Құқық тәртібін қорғау органдары ұғымына құқық қорғау органдары ұғымы өте жақын келеді. Бұл ұғымдар өте ұқсас, бірақ бірдей емес. Олар білдіретін органдар тобы сай келмейді. Құқық тәртібін қорғау органдарының барлығы бірдей құқық қорғау деп есептелмейді. Дәл осылайша құқық қорғау қатарына кейбір құқық тәртібін қорғау органдарын жатқызуға болмайды.

Кейбір авторлар құқық қорғау қызметі ұғымын кең және тар мағынада қарастырады. Кең мағынада - бұл азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтауды, олардың іске асырылуын, заңдылығы мен құқық тәртібін қамтамасыз ететін барлық мемлекеттік органдардың қызметі. Тар мағынасында - бұл сол немесе өзге органның құзыретіне сәйкес заңнамада белгіленген нысанда жүзеге асырылатын бұзушылықтардан құқықтық қорғау жөніндегі арнайы уәкілетті органның қызметі.

Алайда, сол немесе өзге мемлекеттік органдарды құқық қорғау қатарына жатқызу кезінде басшылыққа алынуға тиіс өлшемдердің мәнін айқын игеру үшін белгілі шамада шартты түрде алынған, бірақ "құқық қорғау қызметі" атауы сіңісті болған қызмет белгілерін анықтау аса маңызды.

ҚР заңдарына сәйкес құқық қорғау қызметінің бірқатар белгілері бар:

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 91 беті

- біріншіден, құқық қорғау қызметі әртүрлі қылмыстың түрлері бойынша мәжбүрлеу және өндіру сияқты заңдық ықпал ету шаралар қолдана отырып, тек заңның негізінде жүзеге асырылады.

Бұл жерде құқыққа қарсы әрекеттердің алдын алу шаралары ерекше орын алады;

- екіншіден, қолданылатын заңдық ықпал ету шаралары заңдар мен нормативтік құқықтық актілерге қатаң сәйкес келуге тиіс;

- үшіншіден, құқық қорғау қызметі заңның негізінде белгілі бір рәсімдер сақтала отырып жүзеге асырылады. Мысалы, қылмыс жасағаны үшін ешқандай жаза алдын ала қаралмастан қолданылмайды.

- төртіншіден, құқық қорғау қызметін іске асыру сауатты және дайындалған қызметкерлерден тұратын арнаулы және уәкілетті мемлекеттік органдарға жүктеледі.

Айтылғандарды ескере отырып, құқық қорғау қызметі ұғымын айқындауға болады - бұл заңдылықты, құқық тәртібін, қоғамның, мемлекеттің, қоғамдық және өзге де бірлестіктердің, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету, заңда белгіленген тәртіппен заңға қатаң сәйкестікте заңдық ықпал ету шараларын (соның ішінде мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары) қолдану арқылы жүзеге асырылатын қылмыстар мен басқа да құқық бұзушылықтарға қарсы күрес бойынша мемлекеттің оның арнаулы уәкілетті органы атынан жүзеге асырылатын қызмет.

Өз мазмұны бойынша құқық қорғау қызметі күрделі болып табылады. Оның көп жоспарлығы осы мемлекеттік қызмет түрінің негізгі бағыттарымен мазмұны айқындалатын әлеуметтік функциялардың әр түрлігіне қатысты айқындалады. Мұндай бағыттардың қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- конституциялық бақылау;
- сот төрелігі;
- соттарды ұйымдық қамтамасыз ету;
- прокурорлық қадағалау;
- қылмыстарды анықтау және тергеу;
- заң көмегін көрсету және қылмыстық істер бойынша қорғау.

Осы бағыттардың, әрқайсысы нақты нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған: ҚР Конституциясының ұйғарымдарын бұзуды жою, азаматтық, қылмыстық және өзге де істерді әділ талқылау және шешу, соттардың қалыпты жұмыс істеуі үшін жағдай жасау; прокурорлық ден қою құралдарының көмегімен заңды бұзуды анықтау және жою, қылмыс-жасауға кінәлі адамдарды әшкерелеу және ашу, сотта нақты істерді қарау үшін материалдар дайындау, кімге қажет болса, барлығына білікті заң көмегін ұсыну. Осы нәтижелерге қол жеткізу, ең аяғында, нақты функцияларды іске асыру процесінде пайдаланылатын әдістердің әртүрлілігі мен өзгешелігіне қарамастан, құқық қорғау қызметінің жоғарыда аталған міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді.

Құқық қорғау органдары: жалпы сипаттамасы және жүйесі

Құқық қорғау қызметінің негізгі бағыттарын (функцияларын) орындау үшін нақты құқық қорғау органдары жұмыс істейді. Заң ғылымында құқық қорғау органдарының тобы туралы бірдей пікір жоқ: біреулері олардың қатарын көбейтіп, ал екіншілері азайтып көрсетеді. Бұл алақұлалық осы мәселенің заңдық тәртіппен реттелмегендігімен түсіндіріледі, сондай-ақ заң актілерінде де құқық қорғау қызметіне түсінік берілмеген. Бір ав-тор, қылмысқа қарсы тікелей күрес жүргізетіндерді құқық қорғау органдары десе, екіншілері - қылмыстар мен өзгеше қол сұғуларды түбірімен жояды десе, үшіншілері - қоғамдық орындарда тәртіпті қадағалайды дейтіндер.

Ғылымда сот құқық қорғау органы болып табылатындығы туралы пікір қалыптасқан. Алайда, біздің ойымызша, соттарды құқық қорғау органдарына жатқызу дұрыс емес, өйткені сот

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 92 беті

құқық қорғау органдарынан құқықтық мәртебесімен ерекшеленетін айрықша мемлекеттік орган болып табылады. Сот жүйесі туралы Конституциялық заңның 1-бабының 2-тармағына сәйкес соттардың міндеті "азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау, Конституция мен заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, республика халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз ету болып табылады.

Құқық қорғау қызметінің анықтамасын, оның функцияларының (бағыттарының) сипаттамасын және қалыптасқан тәжірибені ескере отырып, құқық қорғау органдарына мыналарды жатқызуға болады:

- соттардың қызметін ұйымдық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын органдар (ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет және оның облыстардағы, Астана мен Алматы қалаларындағы әкімшілері);
- прокуратура органдары;
- қылмыстарды анықтауды, жолын кесуді және тергеуді жүзеге асыратын органдар (ҚР ІІМ, ҰҚК, ӘДМ, Қаржы полициясы агенттігінің кейбір алдын ала тергеу және анықтау органдары);
- құқықтық көмек пен құқықтық қамтамасыз етуді ұйымдастыруды қамтамасыз ететін органдар (адвокатура, нотариат).

Соттар (аудандық және оларға теңестірілгендер, облыстық және оларға теңестірілгендер, ҚР Жоғарғы Соты) бізше, құқық қорғау органдарына жатады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабының 1-тармағына сәйкес "Прокуратура мемлекет атынан Республиканың аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын, жедел-іздістіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданады, сондай-ақ Республика Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіреді. Прокуратура сотта мемлекет мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңмен белгіленген жағдайда, тәртіпте және шекте қылмыстық қуғындауды жүзеге асырады".

Мемлекеттік билік ҚР Конституциясының 3-бабы 4-тармағына сәйкес біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау қағидатына сәйкес жүзеге асырылады.

Прокуратураға қатысты ережелер ҚР Конституциясының "Соттар және сот төрелігі" деген VII бөлімге енгізілген. Бірақ прокуратураға соттармен қатар сот билігі беріледі деп қорытынды жасау қате болар еді. Прокуратура органдарының міндеттері мен функцияларының сипаты прокуратураның биліктің сот тармағына кірмейтіні, сонымен пара-пар екі басқа - заң шығару және атқарушы билікке қатысы жоқтығына күмән келтірмейді.

Функционалдық тұрғыдан биліктің әрбір үш тармағына байланысты бола тұрып, прокуратура органдары олардың ешқайсысына да толығымен жатпайды. Прокуратураның мемлекеттік құрылымдағы өзгеше жағдайы билік тармақтарының әрекетін теңдестіруге және олардың оңтайлы жұмысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, мемлекеттік қызметтің дербес түрі ретінде прокурорлық қадағалаудың өзгешелігіне себеп болады.

Прокурорлық қадағалауды мемлекеттік қызметтің ерекше түрі ретінде мемлекеттің атынан арнайы уәкілеттік берілген адамдардың - прокурорлардың - заңдылықтарды бұзуды дер кезінде анықтау және оларды жоюға шаралар қабылдау, кінәлілерді жауапкершілікке тарту, қылмыстық қудалауды жүзеге асыру арқылы заңдардың дәл орындалуын және біркелкі қолданылуын

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -1979- MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 93 беті

жоғары қадағалауды қамтамасыз ету бойынша жүзеге асырылатын қызмет ретінде сипаттауға болады.

Прокуратураны ұйымдастырудың және олардың қызметінің қағидаттары - прокуратура органдарының көп қырлы қызметінің аса елеулі сипаттары мен белгілерін және оларға қойылатын негізгі талаптарды айқындайтын негізгі, басшылыққа алу.

Қазақстан Республикасының прокуратурасы: жүйесі, құрылымы

Қазақстан Республикасында қандай құқық қорғау органдары құрылған: Оған мыналар жатады: полиция органдары, ұлттық қауіпсіздік органдары, прокуратура, әділет министрлігі, әр алуан мемлекеттік инспекциялар (өрт, санитарлық, қаржы және т.б., сот органдары, адвокатура, нотариаттар, кедендік органдар, ішкі және шекара әскерлері, Президент күзетінің қызметі және т.б.

Құқық қорғау органдары, негізінен, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Прокуратураның және Әділет министрлігінің құрамында әрекет етеді.

Полиция органдарының қызметі

Полиция – Ішкі істер министрлігінің құқықтық қорғау органдары жүйесінде басшылық орын алады, оған құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау және болдырмау жөніндегі жұмыстардың анағұрлым көп көлемі жүктелген. Сондықтан ПМ жүйесінде толып жатқан полициялық органдар құрылған. Олар: 1) қылмысты істер полициясы, ол қылмыстарды болдырмау және ашумен айналысады; 2) патруль полициясы – көшелер мен елді мекендерде, басқа да қоғамдық орындарды қоғамдық тәртіпті сақтауды ұйымдастыруды; 3) жол полициясы – жол қозғалысы ережелерін сақтауды және оның қауіпсіздігін қадағалайды; 4) әкімшілік полициясы, оның міндеті - әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу; 5) полицияның арнайы отрядтары – күзетілген маңызды объектілерде құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған және т.б.

Заң бойынша – полиция қылмыстар, әкімшілік бұзулар туралы өтініштерді, хабарлауларды қабылдауға және тіркеуге, қылмыстардан зардап шеккен азаматтарға көмек көрсетуге, қылмыс жасаған адамдарды іздестіруге; қару сатып алуға, алып жүруге және сақтауға рұқсат беруге; кәмелетке толмағандардың панасыздығы мен құқық бұзуларын анықтауға; шетелдік азаматтардың Қазақстан аумағында болуы кезінде ережелерді сақтауға бақылауды жүзеге асыруға және т.б. міндетті.

Заң полицияға: құқық бұзулар жасағаны жөнінде сезікті азаматтардың құжаттарын тексеруге; әкімшілік құқық бұзулар туралы хаттамалар жасауға; заңда көрсетілген жағдайларда азаматтарды ұстауға және қамауға алуға; бас бостандықтарынан айыру орындарынан босаған адамдар тұрғысында бақылауды жүзеге асыруға; қылмыс жасаған адамдардың ізіне түсу кезінде азаматтардың тұрғын үйлерінде ұйымдар орналасқан бөлмелерге кіруге, оларды тексеруге және т.б. құқық береді.

Қазақстанның полициясы басқа еларалық келісімдер негізінде басқа елдердің полициясымен өзара әрекеттестікте жұмыс істейді. Қазақстан өз аумағында қылмыс жасаған адамдарды іздестіруге, ұстауға және ҚР-на беруге көмектесетін халықаралық полиция ұйымының – Интерполдың мүшесі болып табылады.

ПМ-нің полициялық органдарынан басқа Қаржы полициясы агенттігінің жүйесінде қаржы полициясы, ал қарулы күштерде - әскери полиция жұмыс істейді.

Қаржы полициясының құқықтары төмендегідей: салықтарды төлемеуге байланысты құқық бұзуларды анықтау және болдырмау; салықтар төлеуден жалтаратын адамдарды іздестіруді жүзеге асыру; салықтық құқық бұзушылық пен мемлекеттікке келтірілген залалдарды өтеу жөнінде шаралар қолдану; салық қызметі органдарындағы жемқорлық фактілерінің алдын алу,

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 94 беті

анықтау; алдын ала тергеу, анықтау жүргізу; өзінің құқық қорғау қызметін жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, азаматтардан қажетті ақпаратты сұрату және алу.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметі. Құқық тәртібін қорғауға ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің органдары үлкен рөл атқарады. ҰҚК-нің басшылығымен облыстар мен қалаларда құрылған аумақтық органдарға жұмыс істейді.

ҰҚК жүйесінде барлау бөлімшелері («Барлау» қызметі) бар: мемлекеттік құпияларды сақтауды қамтамасыз етуге арналған үкіметтік мекемелерді байланыс пен ақпараттың арнайы түрлерімен жабдықтайтын орган және басқа құрылымдар жұмыс істейді.

ҰҚК органдарының қызметіндегі басқа маңызды бағыт – лаңкестікпен, заңсыз қару айналымымен, нашақорлықпен, жемқорлықпен, контрабандамен, пара алумен, басқа да ауыр қылмыстармен күресу болып табылады.

Лаңкестікпен күресу – 2001 жылы 11 қыркүйекте Нью-Йорктегі және 2002 жылы қазанда Мәскеудегі театр орталығына жасалған шабуылдан кейін ерекше міндетке айналды.

Сондықтан ҚР-ның ҰҚК-ті лаңкестікпен күресу жөніндегі өз қызметін басқа мемлекеттердің мемлекеттік қауіпсіздік органдарымен өзара әрекеттесуі арқылы жүзеге асырады.

ҰҚК органдарына зор құқықтар берілген. Дәлірек айтқанда, олар, мысалы, мақсаттары ҚР-дағы конституциялық құрылысты күшпен өзгерту болып табылатын, лаңкестік, экономикалық контрабандаға, жемқорлық, қылмысты топтардың беделін түсіруге бағытталған қылмыстың ерекше қауіпті түрлері бойынша анықтау және алдын алазерттеу жүргізеді.

Қазақстан Республикасының прокуратурасының жүйесі, құрылымы

Прокуратура органдарының қызметі. ҚР-ның құқық органдары арасында прокуратура айрықша орын алады. Оның қызметі көп қырлы және көптеген бағыттарда жүзеге асырылады. Прокуратураның міндеттері ҚР Конституциясымен және «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» арнаулы заңмен белгіленген.

Прокуратураның басты міндеті барлық мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, кәсіпорындардың, мекемелердің және олардың лауазымды адамдарының Заңдарды, Президенттің жарлықтарын, басқа құқықтық нормативтік актілерді мүлтіксіз және біркелкі қолдануына жоғарыдан қадағалауды жүзеге асыру болып табылады.

Прокурорлық қадағалаудың мақсаты – Республиканың бүкіл аумағында біртұтас және берік заңдылықты қамтамасыз ету, заңнамалардың талаптарын бұзу фактілерін анықтау және кінәлілерді жауапқа тарту.

Прокуратура өз қызметін мемлекет атынан жүзеге асырады. Ол өз қызметін ҚР Президентіне тікелей есеп беретін тек қана Бас прокурорға бағына отырып, басқа мемлекеттік органдарға тәуелсіз атқарады.

Прокуратураға кең өкілдіктер берілген. Мысалы, ол мыналарды қадағалауды жүзеге асырады.

- а) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығын сақтауды;
- ә) полициялық органдардың тергеулер мен анықтаулар кезіндегі заңдылығын;
- б) азаматтарды әкімшілік жауапқа тартудың заңдылығын;
- в) сот белгілеген жазаларды орындау мен азаматтық істер бойынша сот шешімдерін орындау заңдылығын;
- г) сот органдарының үкімдерінің, шешімдерінің заңдылығын.

Өздерінің қадағалау қызметтерін прокуратура әр түрлі тәсілдермен жүзеге асырады. Мысалы, мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың кез келген заңсыз шешімдері мен қаулыларына наразылық білдіру; қылмысты зерттеу кезінде заңсыз әрекеттерге жол бермеуді бақылау және т.б. жолмен. Қылмыс фактісін анықтағанда прокуратура қылмыстық іс қозғайды, оны сотқа жібереді және мемлекеттік айыптаушы ретінде көрінеді.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 95 беті

Сонымен бірге прокурордың сезіктіні қамауға алуға, тінту жүргізуге рұқсат беруге, заңнамалар талаптарын бұзуға әкелуі мүмкін, жұмыстағы кемшіліктерді жоюға лауазымды адамдарға міндетті болатын жазбаша нұсқаулар беруге құқы бар.

Республикада құқық қорғау қызметін тиімді жүзеге асыру үшін барлық құқық қорғаушы органдардың келісіп жұмыс істеуін қамтамасыз етудің, қылмыспен күрес жағдайында жүйелі талдау жасаудың, елде құқық қорғау жұмысын жақсартудың себептерін анықтау мен шараларын жасаудың зор маңызы бар. Мұндай міндет заңмен прокуратураға да жүктелген. Бұл прокуратураның Қазақстан Республикасындағы Заңдылықтың жай-күйі үшін мемлекет алдында үлкен жауапкершілігі барын дәлелдейді.

Құқық қорғау органдары мемлекеттің басым құрылымдарына жатады. Оларға қару қолдануға дейін үлкен өкілдіктер берілген. Сондықтан олар міндеттері, қызметтері, қызметінің түрлері мен әдеттері белгіленген ҚР Конституциясының қағидаттары мен нормаларына сәйкес қатаң жұмыс істеуге міндетті. Республикада олардың қызметіне қатысты болатын Пм, ҰҚК, прокуратура органдары, әділет органдары, сот жүйесі, адвокатура, нотариат туралы Заң дар мен басқа заңдар қабылдаған және олар жұмыс істейді.

Барлық құқық органдары төмендегі қағидаттар негізінде жұмыс істеуге міндетті: 1) заңдылық; 2) адамның құқықтары мен бостандықтарын басым қамтамасыз ету; 3) барлығының заң алдындағы теңдігі; 4) құқық қорғау органдары қызметкерлерінің этикалық нормаларын сақтау; 5) құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне саяси партияларда болуға тыйым салу.

Бұл жөніндегі ҚР Конституциясының 23-бабында тура айтылған: «Әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьялар партияларда, кәсіптік одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдап сөйлемеуге тиіс». Құқық қорғау органдары қызметінің барлық аталған қағидаттары олардың саяси күреске тартылмауына, халықтың алдында жоғары беделі болуына, республикада қатаң заңдылық құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі өздерінің жауапты қызметтерін тәуелсіз орындауға, халыққа адал қызмет етуге, сондай-ақ қоғамдық және мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Ішкі істер органдарының міндеттері және қызметтері

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жүйесін басқаруды, сондай-ақ заңнамада көзделген шеңберде Қазақстан Республикасында қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын, құқық қорғау қызметі саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыруға қатысатын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік актілерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдері мен өзге міндеттемелеріне сәйкес жүзеге асырады.

Ішкі істер органдарының міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті, оның ішінде төтенше немесе әскери жағдайында қамтамасыз ету;
- 2) қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, қылмыстарды ашу және тергеу, сондай-ақ қылмыскерлерді іздестіру;
- 3) заңнамада белгіленген өздерінің құзыреті шегінде алдын ала тергеуді, анықтау мен әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру;
- 4) кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалғандығын және құқық бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу;

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 96 беті

- 5) қажет болған жағдайда өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуде мемлекеттік өртке қарсы қызметі органдарына ықпал ету;
- 6) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуді мемлекеттік қадағалау және бақылау;
- 7) мемлекеттік және өзге де объектілерді, жеке адамдарды күзету, қамауға алынғандар мен сотталғандарды айдауылдау, терроризм актілерінің жолын кесуге қатысу, кепілге алынғандарды босату;
- 8) төлқұжат пен виза жұмысын жүзеге асыру, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында болу ережесін сақтауды бақылау;
- 9) соғыс уақытында Қазақстан Республикасының аумақтық қорғаныс жүйесіндегі жекелеген міндеттерді орындау;
- 9-1) өзге мемлекеттік органдарымен бірге карантиндік, санитарлық және табиғатты қорғау, оның ішінде төтенше жағдайлар кезінде іс-шаралар өткізуге қатысу, табиғатты қорғау органдарына браконьерлікке қарсы күресте ықпал ету;
- 9-2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялау және рұқсат беру қызметін жүзеге асыру;
- 9-3) Қазақстан Республикасының аумағындағы аса маңызды және ерекше режимді объектілерде режимдік және күзет іс-шараларын жүзеге асыру;
- 10) Ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру.

Ішкі істер органдарының қызметтері:

Ішкі әскерлер комитеті;

Интерполдың ұлттық орталық бюросы;

Криминалдық полиция комитеті;

Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау комитеті;

Тергеу комитеті;

Кадр жұмысы департаменті;

Әкімшілік полиция комитеті;

Жол полициясы комитеті;

Өзіндік қауіпсіздік департаменті;

Штаб департаменті;

Заң департаменті;

Техникалық қызмет департаменті;

Мемлекеттік тіл және ақпарат департаменті;

Мемлекеттік күзет қызметі;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті және органдары

Мемлекеттік органдар мен ұйымдар, олардың мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі құрылымдық бөлімшелері мемлекеттік құпияларды қорғау мемлекеттік орган мен ұйымның негізгі қызметінің бір түрі болып табылады.

Мемлекеттік құпияларды қорғау органдары өздеріне жүктелген міндеттерге сәйкес және өз құзыреттері шегінде мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтердің қорғалуын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік органдар мен ұйымдарда мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтердің қорғалуын ұйымдастыру үшін жауапкершілік олардың басшыларына жүктеледі. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшылары мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтер пайдаланылатын жұмыстардың көлеміне қарай міндеттері Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес және олар жүргізетін жұмыстардың ерекшеліктерін ескере отырып, аталған басшылар белгілейтін мемлекеттік құпияларды қорғау жөнінде құрылымдық бөлімшелер құрады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-285
Әдістемелік өңдеу		100 беттің 97 беті

5.5. Иллюстративті материал:

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

ә) көрнекі және дидактикалық құралдар: өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер, тест тапсырмалары, сөзжұмбақтар.

5.6. Әдебиет:

1. Экономикалық теория негіздері. Оқулық. Я. Әубәкіров, М.Есқалиев және т.б. Алматы, «Санат», 1.
2. Экономика здравоохранения: учебник / под ред. А. В. Решетникова. - 2-е изд., перераб. и доп. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГБОУ ВПО "Первый Мос. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 192 с
3. Общественное здоровье и здравоохранение, экономика здравоохранения. В 2 т. Т. 1 : учебник /. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 688 ил.
4. Основы маркетинга: учеб. для мед. училищ и колледжей / под ред. И. В. Липсица, М. Н. Дымшица ; М-во обр. и науки РФ. - ; Рек. ФГБОУ ВПО " Гос. ун-т управления". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 208 с. : ил.
5. Сыздыкова, К. Ш. Экономика и маркетинг в здравоохранении : учебное пособие / К. Ш. Сыздыкова, Ж. С. Тулебаев, Э. А. Актуреева. - Алматы : ИП "Ақнұр", 2015. - 274 с.
6. Экономика здравоохранения : учебник / под ред. А. В. Решетникова. - 2-е изд., перераб. и доп. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГБОУ ВПО "Первый Мос. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 192 с.
7. Основы маркетинга: учеб. для мед. училищ и колледжей / под ред. И. В. Липсица, М. Н. Дымшица ; М-во обр. и науки РФ. - ; Рек. ФГБОУ ВПО " Гос. ун-т управления". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 208 с. : ил.
8. Рахыпбеков, Т. К. Денсаулық сақтау саласындағы экономикалық талдау әдістері: оқу құралы / Т. К. Рахыпбеков. - Алматы : АҚНҰР, 2016. - 340 бет

5.7. Бақылау сұрақтары:

1. Құқық қорғау қызметінің қағидаттары.
2. Құқық қорғау қызметкерлерінің құқығы, міндеттері және жауапкершілігі.
3. Құқық қорғау органдарының түрлері.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

1. Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

Сабақты қорытындылау: 10 мин:

1. Оқушыларды бағалау.
2. Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

Үйге тапсырма беру: 5 мин

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

044-73/11-285

Әдістемелік өңдеу

100 беттің 98 беті

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

044-73/11-285

Әдістемелік өңдеу

100 беттің 99 беті

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

044-73/11-285

Әдістемелік өңдеу

100 беттің 100 беті